

Л 2008
599к

ЖАДЫРА ДӘРІБАЕВА



ЖАДЫРА ДӘРІБАЕВА

Қасиеттілік шырағы



Балалар әдебиеті • 2007

ББК 84 Қаз 7-5

Д 20

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ
МІНИСТРЛІГІНІҢ АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАҒАТ
КОМИТЕТІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША
ШЫҒАРЫЛЫП ОТЫР

Жазыра Дәрібаева.

Д 20 “Қасиеттілік шырағы”. Өлеңдер.

“Балалар әдебиеті” баспасы. Алматы. — 2007. — 220 бет.

ISBN 9965-650-78-0

Белгілі ақын, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік алғашқы Әнұранының авторларының бірі - Жазыра Дәрібаева оқырманға өзінің “Гүлжайна”, “Мейір”, “Біздің жақтың аспаны” атты жыр жинақтары арқылы да таныс.

Еліміздің тәуелсіздігінің тұғыры биік, келешегі жарқын болуы үшін откенімізді саралап, басымыздан кешкен қиын-қыстау сәттерді естен шығармауға тиіспіз. Қоғамымыздың бір формациядан екіншісіне оту кезеңіндегі әрқилы келеңсіздіктер мен қиындықтарға халқымыз бойындағы бар күш-жігерімен төтеп беріп, парасаттылық пен бірлігін, болашаққа деген зор сенімін сақтай отырып, өзінің ерен еңбегінің арқасында игіліктерге жете бастады.

Осының бәрін тұлғалық, аналық болмысымен терең ұғып, елінің мұнымен мұнайып, қуанышына шаттанған ақынның бұл жинағында еліміздің тәуелсіздігінің әр жылдары жазылған жырларымен қатар, қазіргі заман тынысымен тыныстаған көңіл толғаныстары шынайы да уытты тебіреніспен берілген. Елге, жерге, халқына деген сүйіспеншілікпен шабыттана жырлаған автор оқырман жүрегіне асқар рухқа бөлеп, ізгі құндылықтарға ұмтылдырады. Автордың бұл жинағына бұрын жарық көрген кітаптарынан да біраз өлеңдер енгізілген. Мұнда махаббатқа деген тек ойелге тән сезім пірімдері де баршылық.

Д 4803250202
00 (05) – 07

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-650-78-0

© Дәрібаева Ж., 2007

© “Балалар әдебиеті” баспасы, 2007

Мұңлы жүрек – мейірбан

(Ақын Жадыра Дәрібаеваның “Қасиеттілік шырағы” атты жыр жинағы жайында эссе-пікір)

Жадыра Дәрібаеваның бұл кітабында - атының өзі айтып тұрғандай, тұнып тұрған от-жасын да, сыршыл жырлар мол.

Мемелекеттік масштабта кең, қомақты ойлау саясаткерлерге ғана тән емес, бұл бүкіл қаламгер атаулыға тән тамаша сипат, қастерлі қасиет! Осы биік талап тұрғысынан қарағанда Жадыра Дәрібаева қандай деңгейде екен? Бұл сауалға жауап табылды!

*“Даланың тынысымен нәрленбеген,
Бабалар рухымен әлденбеген,
Қарақан басын күйттеп қашатұғын
Ұрпаққа енді қайтіп жәрдем берем?”*

Иә, әсіресе, нарық заманында өзімшілдік өзеуреп тұрғанда, қонсыларынды, төңірегіндегілерді қарау ниеттен қайтару – бәрімізге парыз.

*“Сонда дағы буырқанып бой бермей,
Терең-терең түңғыықтан ой тербей,
Өтемін-ау осы өмірден бәрібір,
“Жаман адам бар”, – дегенге мен сенбей”.*

Шынайы кісілікті сөз емес пе мынау?! Дүйім дүниені кіршіксіз күйде көргісі келеді және сол пәктікке сенгісі келеді. “Жер бетінде ер деуге ғана татитындар ғана болса екен”, - деп мінажат қып тұрғандай.

Жалпы, жан атаулының тату-төттілігін аңсаудың өзі – асқан адамгершілік қой.

*“Қанымен жанын берген туған жерге
Бар қазақ бір-бірімен туыс, бауыр”.*

Көңілге қонымды нәтуалы байлам.



Ашы шындықты ашық айта алғаны айқын. Өлеңдерге үнілген сайын, құтты ойларға жолыққан сайын жан сүйсінісі қоздайтындай.

*"Найзағай жапын жырменен,
Күмбезін көктің тілді кеп,
Кенеттен кербез үнменен
Көкірек кетті күмбірлен".*

Ақынның тегеурінді талантын осы бейнелі шумақ-ақ аңғармай ма?!

*"Аялай алған ұлдарын
Халықтың бағы жанар-ау.
"Қарға", — деп бірақ сұңқарын,
Жүрмесе атып жарар-ау".*

Ойпырмай, о не деген ойлар, әрі адамгершіл аяулы ой-толғау!

*"Табиғат уыжсып тұр пәк сезімнен
Шомылып шұғыласына дағыл ардың,
О, өмір, қандай қайсар хак төзіммен
Қаншама тасжүректі қабыл алдың".*

Шұғылааты да шынайы, шыншыл, шырайлы шумақ емес пе?!

*"Заманның сәйкес келмей талабына,
Ілінбей інжу-маржан қаламыма,
Отем бе бұл әлемнің бар бояуын
Қандырып сіміртпестен жанарыма?!"*

Ал, сөйлес ақынмен! Асқак арман анық ақынға жарасар дүние! "Идеяның кеңлігіне ешбір шек қоймау керек!" - деген осы!

*"Қалдырма енді мазағына, азғын, арамның,
Ойран сап белін опыртпа аңғал даламның,
Жұртына туған огей ғып өзін өксітіп,
Бұрмалап тілін шұбарлатпашы баламның".*

Асырып айтты демес оқырман, олаһи, осы мінажат бүкіл елдіміздің кең күнағын қаусырып-ақ тұрғандай. Әлгі асыл ойды үстемелей өсіретін тағы бір шумақ та жүрек қайнарын шымырлатады-ақ:

*"Бере гор талап, талыштар мөздір бастауға,
Тұратын қарсы орлік бер келген қас-жауға.
Ездікпен сақта, еңкідеп ерін дұшпанға,
Қимасын сатып, іздеп кететін бас сауға".*

Немесе:



*"Тұмысынан түл дегенге сенбеймін,
Ақ бесікке салып қайта тербеймін,
Пенделерден жүккан саған кеселді,
Адамға тән мейіріммен емдеймін!"*

Иманлы, игі тілек! Бұрынғының кейуаналарының келісті ақ батасындай, еліне рух беруді тілегендей.

Әлгіндей әсемдік, ойлылық нышандарын ортаға салмаудың өзі – білместікке саяр еді. Сол себепті жинақтағы жырларға әлсін-әлсін оралып соққан сайын солділері, оңдылары ашыла түскендей сезіледі.

Келсап образын келістіре қолданған тұсы да – жетістік, қиял олжасы:

*"Өрімінді өктемдікке қидырып,
Қанатыңды ұшпай жатып күйдіріп,
Жүрерсін-ау жона-жона жолыңды,
Келсап-кезге арманыңды түйдіріп"*

Арманды уақыт келсабына ұнтақтату, әрине, жанға қорлық...

*"Уық қылып тікпесе өзін біреулер
Керегелер қайтіп, айтышы, керілер?"*

Жамағат үшін, жалпы қауым үшін жанкештілікке бару – міне, нағыз азаматтық қасиет осы! Автор сол ақиқатты анық жырға бөлей білген.

*"Тұттарым бәйгеге деп мен баптаған
Ақырғы қошқа бір күн жегіледі"*

Құлагерің қор болып, қоқыс тасыған арба сүйретсе, қандай қорлық!

Жадыра өз өнеріетінде әсірелеу әдісін де жатсын-байтыны жақсылық екен:

*"Дүние буы мастандырып, марқайтып,
Бүкірді де қоятыны-ай шалқайтып"*

Түу! Дауа жоқ екен дарыңға! Бүкірдің шалқаюы мүмкін емес әрекет! Соның өзін мүмкін ету – автордың тапқырлығы!

"Пасықты да патшадай ғып пансытып"

Бұл бейне де бас шұлғытады. Әрі өлең жолының өзгеше саздылығы құлаққа күйыла кетеді.

Жырдың жұмсақ үнділігі, күйлілігі, саздылығына да автор зер қойғыш екен.

"Жаралама жанымды жарға ұрып.

Немесе:



*“Саумал іздеп сабылдым сүттей түннен,
Сағаладым сап-сары сартап күзді.
Сынай бердің, о, Өмір, арбап үнмен,
Жағалатып қойдың да жартаc-күзды...”*

Және де:

“Аяйды айласыз Ай мандай”.

Бір затты екінші затпен салыстырып, метафора жасау, сөздерді жаңаша байлау, жаңа тіркестер тудыруда Жалыранын табыстары аз емес.

“Үзіліп түсіп үзенгісі үміттің...”

Үмітке үзенгі тағып, арманның атына қондырғаны да қонымды-ақ.

*“Бара жатыр бақа-сынды бұл өмір
Жылдан жылыға жүректерді мұздатып...”*

Немесе:

*“Үшып бара жатқандаймын түнекте,
Қанатынан ұстап алып үрейдің”.*

Қандай тың да , тұжырымды бейне!

*“Қайғымыз қайтіп жеңілдер
Табиғат жатса қан күсып”.*

Жаратылысқа жан бітіру атам заманнан бар тәсіл десек те, Жалыра акын бүгінгі экологияның тозғанын “қан күсу” деген бейне арқылы-ақ жеріне жеткізе айтқан!

Арал апатына алаңдаған сол тонырақтың перзенті:

*“Бір кезгі таудай толқындар
Тас болып жанды қажайды...”* – дейді.

Қатып-семіп, барынан айрылған бейбак теңіз сұрқы қоз алдыңызға елестейтіндей.

“Жүрегім шапалақ жеп жетімектей...”

Зәбірленуді, зорлыққа көндім аматсыз деген ойды осылай ғана өрнектеген жөн екен.

“Күлдіретіп күйдіріптің көңілі...”

Бұ да әлгіндей әрлі сөз.

*“Жылы қабак таңытпады-ау тіршілік,
Кигізді де теріс қарай кебісін”.*

Кенеуі кеткен тірлік кері кетіріп титықтағты-ау деген пайымдауды қалай көріністі етіп таңыта білген!

“Таулардың да салбырап тұр құлағы...”

Тағы да:

“Жүрегіме кенет сүңгіп жұлдыздар”.



Иә, акын қиядағыны да көре алады, әрі бүкіл әлемді де жүрегіне сыйғызып тұрғандай.

“Бөріктінің бәрін де нақ бөріге балаумен,

Түңгіліп кеттім түксиген түісігі жоқ түрлерден...”

Боркемік, босбелбеулердің жеккөрінішті сиығын, иә, осылай шенеу керек!

От басында бак-талайының отын маздата алмаған үй бикесінің өкінішін акын қинала отырып жайып-ақ салады:

“Сыйластық отын үрлеп тек,

Ызғардан келдім қалқалап”.

Немесе:

“Жүрегімнің ащы айқайы секілді

Маңдайымды тілгілеген сан сызық”.

Мұнда да сыздаған сурет бар.

Бір бейнеге мен өте-мөте разы болып, қайта-қайта қайырыла ойландым:

“Нан секілді көрінеді жүрегім

Байқаусызда күйіп кеткен табада”.

Күйкіліктің күйдіргілей қуыратынын акын:

“Үлгі деп тұтып жүргенім,

Үпелек екен үмілдек”. – деп сипаттайды.

Қамыстын үкісіндей-үпелегіндей ғана құны болса, одан не қайыр?!

Опасыздардан опық жеген талай арулардың өкінішін жинақтай келе, әйел затының сырын шерткен әдеби кейіпкер сүйгенінің, сенгенінің сергелдең сатқындығын семсердей өткір сезім сөзімен түйрейді:

“Шалғайға оттім жармаспай,

Шала боп бықсып жанбадым,

Жағаға ташық жартастай,

Күтуден сені танбадым”. – деп ол сөзден

кинокартинадағыдай кадрлар тізбектейді. Жағаға жету бұйырмаған жартастың жәбірлі сор-қасіреті қандай ащы-ауыр?!

Элегия жанры ерекше нәзіктікті, нақыштылықты, бейнелеу құралдарының сонылығын талап ететіні тап бүгін белгілі болған сыр емес... Сарыуайым сапырғанның бәрі ел-жұртты елендетер, ой-өресін биіктетін элегия деңгейіне көтеріле алмақ емес. Жоғарыда аталған компоненттердің бәрі жетіспесе, қасиет іздеу жаңсақтық.



*"Аңсаумен жылылықты, шаттықты,
Қауырсындай кеудем әбден алтықты".*

Ақынған кеуденің ауаның тербелісінен желпілдеген қауырсындай қалбақтауы қандай жарқын көрініс?!

*"Ағаш түр біз өсірген жетімсірен,
Жасаурап шарасыздан жинарлары".*

О, бәрекелді! Өлі даракты өксітіп, әрі көз-жанар бітіріп бергені үшін оқырман разы болар-ау авторға.

"Жек көремін өрлігі жоқ өзенді".

Жарайсын, Жадыра!

"Көбелек – қиял желіктіріп құлатты".

Бұған ешбір ежелен түсіндірудің қажеті жоқ болар-ау.

*"Жүремін ығи орт құшып,
Дәрменсіздіктен дерт ішіп".*

Міне, тосын да, тың метафора: дертті кермек уға батау!

*"Дүниеден бейне ақ сүттей,
Саумалап жүрмін өленді".*

Ақын жаны асқақ адамгершілік сезімге, ақ пейілге бөккен!

*"Есі кездер, есімді өткен алып,
Сендерге қойдым шырақ Сөзден жағып".*

Өткен уақытты өлген жанға батап, шырақ жағып кою – жанды бейне. Айтсам деген аңсар-армандары асқақ болған соң, ақын айта алғанының өзін де қанағат тұтпайды білем:

*"Шөпкеп жылылыққа жүремін мен,
Өлеңім бірде ұйқасып, бірде ұйқаспай".*

Және бұл өнер адамының өзіне-өзі өзгелердің көзімен, сыни көзбен қарап, үздіксіз өрлеуді қалайтытынын айғағы!

Мұңлы жүрек – мейірбан.

*"Болмайды пенде мұңы жоқ,
Көбі жүр елге жарымай,
Отансыз жанның құны жоқ,
Бағы да оның тарыдай".*

Айтулай-ақ, айтқан, не қосатыны бар?!

Жадыраның сонау замандардың сұңғыла жырауларынан да накыштылық дәрісін алғаны аңғарылады. Бұған да мысалдар аз табылмас:



*“Жалғанды жалтағынан басқандар аз,
Арбайды алашандатқан алаөкпе жаз,
Жердегі жазықтылар кешкен ғұмыр –
Көктегі мәңгілікке бағынған саз”.*

“Екеуміз бір тамшыға айналайық”, – қайталанбас қарапайымдылық дегенің осы шығар, сірә. Тұтастанудың, жалғаса бірігудің дәл бейнесі осындай шығар-ау.

Жадыраның жырларын жайлап қана аударып отырғаныңда ойланбаған оқыста өте қарапайым әрі тосын түйінге, яғни нақыл боп кетердей құбылысқа тап боларың бар.

– Шіркін-ау, шырынды мынау шындық шырайы, жұп-жұмыр пайымдар менің ойыма қалай оралмаған?! – дейсің. Бұл қызғаныш сезімі емес, сүйсініс сезімі!

“Жалғыз құдай қай пендесін түзесін?!”

Рас па? Рас!

“Әр халықтың ұлдары бар ұрандай”.

“Иә, солай!” – дегізе ме? Дегізеді.

“Әрбір адам – бір-біріне жаңалық”.

“Жаман айтылған” деп кім айта алар?!

“Менмендік те – бейкамдықтың белгісі”.

Парадокс сияқтанғанмен, асқақтаған алаңғасар апанға құлап тынады...

“Түйсігі жоқ жүздер қандай реңсіз!”

Түйткіл тудырмайтын-ақ түйін.

“Обалды білмеген оңбайды”.

Абыздардың лебізіндей эзиз нақыл.

Қолжазбаны бір-екі парақтап жапқаннан кейін де ойыма қайта-қайта оралған орнектер бар. Олардың бір нарасы - откір эпитеттер.

“Жылдар бойы жауырланған жігермен,

Қайдан бірден келе қойсын ерендік?!”

“Жауырланған жігер”! Әлі де айтыла қоймаған анықтауыш болар. “Маймақ көңіл”, “Қасқыр қайғы”, “Сатқын сағат”, “Селдір күн”, “Күмілжіген күндерімнің кірпігі”, “Жамау-жамау шұбар бұлт”, “Шымыршық”, “Еркетотай жел”, “Көгендеп көңлімнің көк дауылын”, “Шикылдап кеуіл – кекілік”, “Күлімкөз бұлақ”...

Бұл бейнелілік кімді болса да сүйсіндірмей қоймас.



*“Жүргенде жылап, жұбатқан,
Үніме бүркіп таң шығын,
Тұратын мейірім, ұяттан,
Пәк әлем, болдың ғашығым.*

*Қалғанда жігер мұқалып,
Егелік етіп түн-төрем,
Сендегі оттан тұтанып,
Жалыныңнан мен жыр өрем,*

*Астамдық – арсыз өктемдік,
Сұғанақ көзде жоқ ұят.
Айнымай жылдар өткердік,
Жасамау үшін қиянат.*

*Аялап келем жан гүлін,
Құмарлық отын өшіріп,
Обалды жүктеп тағдырым,
Қалмасыншы деп өкіріп.*

*Қыр гүлін күштым сүйіне,
Иісі тұр оның бүрқырап,
Ғаламатсың-ау, дүние,
Тұла бойыңда мың сұрақ...”*

Иә, жаны шырайлы, рухы мен сөзі қуатты парасат иесінің бүкіл жаратылысқа, адамзатқа, өмірге деген күштарлығы мен ынтызарлығын, парызы мен қарызын айғақтайтын ақындық кредосы осындай болмақ!

*“...Қалам ұстап отырған менің қолым
Сізге ұнар жыр іздеп қалтырайды”, –*

депті Жадыра бір өлеңінде.

Жаратқан ием, сені, Жадыра, сондай қалам жауапкершілігінен айырмасын.

*Мұзафар Әлімбаев,
Қазақстанның халық жазушысы,
Мемлекеттік сыйлықтың иегері.*



АСЛАИНАН ЖАҢЫИ НҮР БҮҢИ...

ИДҖЕЛСИЗДИК ЖОЛЫНДА

НАЙЗАҒАЙЛЫ, АЙ ҚАБАҚТЫ ОТ-ЖАЛЫН...

Жарық дүние, кереметсің, керемет,
Сен де мені, мен секілді керек ет.
Күрең-күрең көбейтпирмей күндерді,
Қуатың мен берекеннен бере кет.

Сүмбіл көкке күнде жүрем ынтық боп,
Сезімдердің сенгірі бір тылсым шок,
Жалт-жұлт еткен ұшқын - әлем ішінде,
Тірі жанға тиер титтей қырсық жоқ.

Бәрі-бәрі жердің сілем тосінде,
Адамдығын ұшырасып кесірге,
Ұыз таңмен оянасын уылжып,
Бүлінесің жетпей жатып бесінге.

Таңдай қағып, тамсаңудан басталған,
Нұрлы әлем, сені сүйіп қарсы алғам.
“Жеті қабат аспан үстін көрсем”, - деп
Көз ашқаннан арылғам жоқ аңсаудан.

Тазадық пен пәктік бар деп тек сонда,
Жүрсін деумен Тәңір салған ақ жолда,
Жақсылыққа баулып келем жақыңды,
Түспесін деп сайтан құрған мың торға.

...Найзағайлы, ай қабақты, от-жалын,
Білдім сені бұл дүниеде бақ барын,
Әрбір ізгі адам үшін хак әлем
Көзін ілмей күресіп бақ жатқанын!

ЕЛІМЕ

Салмағы артып мысыңның,
Тірегім болшы, туған ел.
Мен де бір өршіл қызыңмын
Өзінмен өсіп, бұған бел.

Көктемін күшқан көкірек,
Қалыпты қыстан қысылып,
Құрдымға кетіп көп тілек,
Желтоқсан желі ұшырып.

Санамды сыздан құрғатып,
Шабытым шалқып шалқарда,
Қиырда сырлы үн қатып
Жүргенім сенін арқаңда.

Алақан толып, нұр, баққа,
Адымын жатса күн аттап,
Ұлы күн туар ұрпаққа,
Жігерің тасып, жыр қаптап!

Тәж киіп лағыл шуақтан,
Күн санап өскен алыптай,
Өзіңе сеніп қуаттан,
Жүзінді жүзге қарытпай!
Мұн-шерін Армен жуған ұлт,
Сындарлы, дана, қайырымды,
Сенерім сенсің, туған жұрт,
Көрмейін енді қайғыңды!

ҚАЗАҚТЫҢ АСПАНДАТСАМ ДЕП АРМАНЫН

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа арналады

Сан қырлы соқпағы көп дүниеде,
Жүреміз сүйіне де, күйіне де.
Бағасын шын асылдың кеш түсініп,
Өкініп қаламыз біз жиі неге?

Сенім де талай түсті-ау сергелдеңге,
Сын аз ба халыққа серт берген ерге?
“Елім” деп шырқыраған өзіңізді
Ұқсатам Күлтегіндей кемеңгерге.

Ерендік оздігінен өрілмейді,
Кей көзге кемелділік көрінбейді.
Басқа жұрт тамсанса да, табынса да,
Өз жерінде “пайғамбар” делінбейді.

Қазақтың аспандатсам деп арманын,
Нұр Аға, дамыл таппай жер шарладың.
Көсемнің жеңісінің шырқау шағы –
Коргені ел шырағы – бақ жанғанын!

* * *

Тамырларды тереңдерден нәр алған,
Жүруші еді атам қорғап арамнан.
Ұмыт болып ұрандатқан қанша сөт,
Өшпей қойды сол өнеге санамнан.

Тұқымы деп текті ата-бабаның,
Көзі ғой деп кеткен жақсы ағаның,
Талай жанның мерейлерін өсіріп,
Халқым жерге тигізбейтін табаның.

Бағалау бар, (жағымпаздық бір бөлек),
Көлеңкелі болар ма еді бәйтерек,
Мезгілімен нәр алмаса жерінен,
Өспесе егер күн нұрына еркелен.

Асылдарды аласауға асықтық,
Қанша ұрпақты “байдікі” деп жасыттық,
Қалай білмей келдік біздер сонша жылы,
Соның бәрі екендігін насықтық.

Жайсаңдарды жау санадық, жайраттық,
Сатқындарды тайраңдатып, сайраттық,
Қырып, жойып ақылдысын, алғырын,
Елдің сорын жанашырсыз қайнаттық.

Ақырында өнетте жоқ, тәлім жоқ,
Болыппыз да қатыппыз-ау тобыр топ,
Бәріміздің жағтарымыз бір жарғы,
Мәз боламыз, әйтеуір, деп қарын төк.

Құнарлы да, тұмарлы едік, қайтерсің,
Айтуға да көбейді ғой жәйіт ерсі,
Қоқырандап доқ көрсету халқына,
Қай тәлімге, қай ағымға сай келсін?

Мәңгірттерді көбейттік-ау парықсыз,
Білімдіге әбден біздер “жарыштыз”,
Ана тілдің жауып тастап қазанын,
Отпейліктің астына от жағыппыз

Мұның бәрі тексіздіктің кесірі,
Қирап жатса керексіз боп бесігі,
Не болмақшы есіз елдің жағдайы,
Жылап жүрсе зеректісі, жетігі.

Ғамырларды тереңдерден нәр алап,
Жүруші елі атам қорғап арамнан,
Ұмыт болып ұрандатқан қанша сөз
Кетпей болса сол өнетте салғынан.

Қанағатшыл Қағанаттың қызымын,
Самал жел кеп тарқататын бұрымын.
Азды-көпке “тәубе” айтып, “шүкір” деп.
Сыйлап өскен ата-баба ырымын.

Жамандықты дарытпаған бойына,
Ойламаған олжа ілуді торына.
Қасиетін қастерлеген елінің,
Сөз ермеген өле-өлгенше сонына.

Ажарына ақылы сай, бағ тәлді,
Сол қыз өзі кешкен ғұмыр сан қылы.
Арғымақтың құлағында ойнап ол,
Елі үшін ермен бірге жан қылы.

Сыңғырлаған күлкісінен нәр алып,
Өскен екен батырлар да нар, алып.
Осаң болмас, босаң болмас ұрпағы,
Ару Ана, арлы Атадан жаралып.

... Арсыздық пен алауыздық азайып,
Жаңа дәуір төлтумасын жазайық.
Мен сенемін: бар қырсықтан арылып,
Біздің қазақ Ел болады ғажайып!

Қайырым күтіп, жайы да болмай, жасағай,
Жатыр-ау дала қасірет шеккен анадай.
Қолбеңдегенмен көлшіктер арбап алыстан,
Жанына келсең қалқыған қалдық, қара май.

Алаңсыз өстік, береген болдық санаспай,
Сыйға да тарттық, жерімізді кең деп, таласпай.
Жалаңдап келген тойымсыз, арсыз ашкөздік,
Жанымызға жомарт жараспай тұр, жараспай.

... Жерімнің тутан аңсап жүремін күйінін,
Шешерміз қанша күрмелген сауат түйінін,
Қиналған ауыл көз алдымда әбіржіп,
Теңселіп тұр ғой, қысқандай кесел бүйірін.

Жарқырап тұр мына маңғаз дүние,
Мың жыл бұрын болған осы күйінде,
Жұлдыздар да би билеген қуанып,
Ай караған наздана да, сүйіне.

Есіркеуді сұрап жүріп ескі айдан,
Жарыққауды күткен бабам жаңа айдан,
Мәңгі ғұмыр сұрмейтінін білсе де,
Сан тілегін тілей берген Құдайдан.

Үміт пенен үрей жанды күндейтпай,
Кейде, тіпті, баққа жетпей бармақтай,
Құштарлықтан құмар көңіл күлдірер,
Пенде өтер ұлы өмірді ардақтай.

Тылсым әлем карап бізге шат күліп,
Тарту күшін жердің қойған арттырып,
Өлшеулі өмір сыйлаған соң адамға
Арманын да бергенде ғой шак қылып...

Еңкейтпеші еңселіні ептіге,
Іргемізді ібіліс жайлап кетті ме?
Пұлы бардың таңқияды танауы,
Миығынан күліп тұр ол тектіге.

Қасиетін қастерлеген жақсының,
Татса-дағы дөмін әбден аңының,
Ұрпағы елік сол көусөрлі халықтың,
Бүгін неге кеудемізде тапшы нұр?

Жарылқауды күтеміз кеп біреуден,
Есіркеуді жалықпаймыз тілеуден,
Құлап жатып жығылғанға күлеміз,
Алдымызға жан салмаймыз мінеуден.

Ұғынатын, ұмтылатын кез мынау,
Елдікке де, ерлікке де көп сын-ау.
Ертеңің түр ілінулі қармаққа,
Арынды бол, арқа сүйер жұртым-ау!

“БІЗДІҢ ЖАҚТЫҢ АСПАНЫ” ЦИКЛЫНАН

I

АЗАМАТҚА

Сыр алдырмай өтсем егер сыңдардан,
Аға толқын төлімімен шыңданаң.
Жақсыларға кезіктірген тағдырды
Жабықпасың шын жүректен жырлаудан.

Масағтаның масансудан аулақпын,
Жылағанның жүрек сырын аулаппын,
Онеге ме өрісімді өсірген,
Түйсігі бар жас ұрпақты баулашың.

Ыждахаттық ығына алып ықтырса,
Сәуір сәттер мөлдірлікті ұқтырса,
Ұлылардың ұлағаты дем беріп,
Риясыз қасиетін жұқтырса.

II

Бап керек қой балаға да, басқаға,
Қаншама жан өтті амалсыз, жасқана,
Еңселерін көтере алмай, үгіліп,
Азайып та бара жатыр жақсы аға.

Басымыздан аспай жүрміз көбіміз,
Мейлі, мені даңғой деңіз, сөгіңіз.

Ұсақталып қасиеті ерлердің,
Тең түсіп тұр есік пенен төріміз.

Үйренгішпіз өзімізден басқадан,
Сонша асылды керексіз деп тастаған,
Халықтыз ғой бәрін бере салатын,
Бәз біреуге атымызды мақтаған.

Қырық пышақ, қырық ру бөлініп,
Ботен көзге жақсы болып көрініп,
Даңғазалық, мардымсыздық үлгі бои,
Қалмаса екен ел іргесі сөгіліп.

Жайсаңдардың аяғынан шалмайық,
Жағасынан ешкімнің де алмайық.
Өсер халық үйренетін жәйт жетер,
Тоятпанып, жарты жолда қалмайық!

III

Тәуірлерді айту керек тәуір деп,
Көбейгені күншілдердің ауыр тек,
Абыройы ортақ елдің ұл, қызға,
Бақыт жасап бермес өзге қауым кеп.

Қатерлер көп төніп тұрған жерге де,
Ол да қазір көз жастардан шерменде,
Бөліп-жарып тартқылайтын түгі жоқ,
Үмітпенен қарайды ел ерлерге...

IV

Ел жайы не болмақшы еңсе түссе,
Оспірім бой алдырса арсыз іске,
Бақ келіп қонақтар-ау басымызға,
Айналсақ жұдырықтай жұмыр күшке.

Елеріп есерсоқты дүбірлерге,
“Ұр да жық” ұрандарға жүгірме де,
Бас қосып өз халықтың азаматы,
Не жетсін ақыл-еске жүгінгенге.



* * *

Атам менің қалдырмапты зоулім үй,
Есесіне сыйлап маған ән мен күй,
Аманат қып зерделі сөз, олең-жыр,
Деп кетіпті: “Көңліңе мұны түй”.

Біздің елдің жыр айтпайтын жоқ жері,
Қамысына дейін әнші киелі.
Көп осімдік өспесе де даламда,
Әрбір бұта ән-күйге бас иеді.

Бұйра күмдар буырқанып сан түрлі,
Құлақ салсаң шығарады наз үнді.
Еркетотай желі келіп әндетіп,
Ала қашып жөнеледі бөркінді.

Дуалы сөз бағындырған баршаны,
Ұяттардан қорғап қалған қаншаны,
Тұл тұрмысқа қажымаған талайлар,
Өткір сөзден болғаннан соң қалқаны.

Аттанғандай соның бәрі келмеске,
Сөзің өтпей замандасқа, жерлеске,
Қалған кезде жан әлемі жабырқап,
Қоңыраулы шақ түседі екен жиі еске.

...Борандатып бұрқасындар, боздатып,
Көңідегі армандарды қоздатып.
Бара жатыр бақа-сынды кей ойлар
Күннен күнге жүрегімді мұздатып...

* * *

Абырой тілеп таңды атам атырған,
Әрбір күнін тағзым етіп батырған,
“Бала берсең, сана бер” деп тілеумен,
Келешектің жайын ойлап, аһ ұрған.



“Тірі жанға жасамашы қиянат,
Әл келгенше көрсет жұртқа сияпат”, -
Деп үйретіп отыратын қарттарым, -
“Риза болсын әр ісіңе жамағат”.

“Қарғыс сені өтер, бәлкім, айналып,
Ұрпағына келер, бірақ, қайғы алып,
Қия басқан шағы түсер есіне,
Кейбіреудің бағы қалса байланып”.

Таптамайтын ешкімнің де намысын,
Алушы еді кілең жұрттың алғысын,
Сиреп кетті сол қарттардын қатары
Ниеттері кейінгіге дарысын.

Ақ тілегі қабыл болып бабаның,
Сағы сынбай келген туған даланың,
Ізгілікті ұялатсақ жүрекке,
Талайы әлі туар еді дананың.

Әр пенденің өмір жолы – тағдыры,
Шарапатпен көркейеді әр күні.
Жүзің жарқын болсын десең, әманда,
Жеңіл болмас сен арқалар Ар жүгі!

* * *

Сатқындығыңнан сақташы,
Жанашыр болшы, ағайын,
Алдында топтың жақташы,
Адалдығыңды ұғайын.

Ауыртып жанын жақынның,
Жамала берсе жалаң сөз,
Бағасы артып бақырдың,
Шаба аймай қалса шабандоз,

Кінәні кімге артамыз,
Күнәға батақ белшеден.



Қалыңдай түссе қалтамыз,
Қалтамыз болып тас керен.

Жүреміз күліп миықтан,
Сыпайы ғана иіліп,
Біреуге атып түйықтан,
Қыршыны жатса қиылып.

Тоқ пейіл жайлап көңілді,
Тоназып қалды талап та,
Айырып ожет, өріңнен,
Күнімді езге қаратпа.

Заманның салған салмағы-ай,
Қопардың түптен тамырды.
Асыңдың қалған тармағы-ай,
Бар болсаң, сақта арыңды!

Әкелер кешкен күнодан,
Жеткенше ұрпақ арылып,
Зұлымдық озып зиядан,
Қоғамнан таймас тағылық.

* * *

Қуанышым су сепкендей басылып,
Жылап алам көз жасымды жасырып.
Қорғансыздың зар илеген даусынан
Алабұртты тағы жаным ашынып.

Тәуекелге бел байлаған қазағым,
Өзіне арнап жанайқайын жазамын.
Жаңалыққа елжіреп-ақ қарайсың,
Жанарыңда әлпәк сенім, таза мұң.

Өткеніңнен оңделе алмай талықсып,
Есеңгіреп қалдың ба, әлде, жарықтық.
Көңбіс болып сарғайғанда сонша жыл,
Ұрпағыңа не қалдырдың қарық қып?

Тайталасып үміт, күдік арбасып,
Жүрегімді жүрем күнде жарға асып,
Еркіндіктен есі кетіп ел-жұртым,
Жолсыз жерде қалмасын деп адасып...

ОТКЕНГЕ ОРАЛУ

Көнбеймін деп ыркына мына өмірдің,
Шапбау болып келді талға өрілгім,
Ақиқатты айтамын деп жасырмай,
Көбігіне қанша сөздің көмілдім.

Сарбаздарға сыйынамын сыр сақтар,
Көкірегіңде түймелері мың қатпар,
Кісілерді кездестірдім мен кейбір
Жанарына сырдан түйдек мұң қатқан.

Аузы күйген үрлеп ішер деген бар,
Ашықтықтан халқым талай жеген зар,
Мын күбылған замананың желі де
Қайда бұрын әкелерін кім ұғар.

Ести алмай әкесінің соңғы әнін,
Қалған бейбақ айырады сор дәмін,
Жауыр болып қансыраған жүрегі
Көтере алмас енді тағдыр шолжаңын.

Сол баяғы тас-түйін боп қатқаны,
Естен кетпес әкесін дос сатқаны,
Аузын ашса дайын тұрған секілді
Әлдекімнің құрып қойған қақпаны.

Үрей, үрей... темір күрсау күрдымға,
Қамап қойып қанша жанды қырдың да,
Ешбір залым ойлап таппас айламен
Бір арнаға елдің басын бүрдың да.

Буындыртып өз ұлдарын өзіне,
Шоп салдың ғой пәк халқымның көзіне,

Мұндай айта білмейді екен адамзат,
Айта атмас та ұқсас жайды шежіре.

Маңызынан айрылғанда мән бар ма,
Сенбей қалды жұртым мына жатқанға,
Ештеңеге зауқы болмай, самарқау,
Бір-бірімен сырласудан қалған ба...

Ұмыт болып сары – уайым, күз – керуен,
Үрей құсы безіп қашан біздерден,
Жанарғанша жапырағы ғұмырдың
Сенімсіздік сығалайды жүздерден.

ДАҒДАРЫС

Кеудемді тырнап мұн – мысық,
Айналырғандай мың қырсық,
Алданбай ешбір ермекке
Өтуде күндер тымырсық.

Қарттарды аяп жүдеген,
Көшеде қайыр тілеген,
Жастарды көріп үй-күйсіз
Вокзалда жатып түнеген.

Ауруға жүрек шалдықты,
Көргенше мұнша зарлықты,
Оянбай кетсем ұйқыдан,
Тұрағым етіп тамұқты.

Ұға алмай атам мән-жайды,
Шүкіршілікпен қартайды,
Дәуірін көкке көтеріп
Еліне қарап марқайды.

Секіріп жұлдыз – көпірден,
Дауыстар қанша өкірген,
Қисынсыз сеніп ертекке
Мұнлықтардаймыз өкінген.

Кісенделіп өз даламда,
Саңылау қалмай санамда,
Тартылғанынша такыр боп
Алаңдамадым Аралға.

Сатқынмын, тарттым сазайды,
Жактырмай күмдар карайды,
Бір кезгі таудай толқындар
Тас болып жанды қажайды.
Адамның бітіп шарасы,
Кеміді кұты, бағасы
Пейілң кең ғой, Жаратқан,
Оң көзбен бізге карашы...
Оң көзбен жерге карашы...

ҚИЫЛЫСТА

Қуаныш сыйла, өтінем,
Азайды өмір шуағы,
Ақ жібек арман сетінер,
Жалбырап күндер құрағы.

Дәулет те, бақ та мен үшін,
Сәттерден мөлдір тұрады,
Үрей – күс жайлап ел ішін
Бұл ғасыр бізді сынады.

Шатасып кеткен тірліктің
Болмай да қойды тұрағы,
Береке, ауызбірліктің
Өшті ме әлде шырағы?

Қаңкылдап ұшты беталды,
Қаздиган дала қыраны,
Бірінен бірі кек алды
Дауы көп дәуір ұланы.

Берекесіз кей көптіктен,
Артық-ау аздың бұла әні.

Корінген жерге көз тіккен
Белгілі бір күн кұлары.

Шаршады жүйке жұкарып,
Көбейіп ұрыс ұраны,
Көгенге көңіл тұсалып,
Қашанға дейін тұрады?

Жөн таппай жортып жүр әлі,
Жамырап дала кұланы,
Іздеме бұған кінәні,
Сейімей сана тұманы.

Жегідей жейді жанымды,
Жамиғат сөзге кұмары,
Дегенді: “сақта барыңды”,
Белгісіз қашан ұғары?...

ОЛАРА КЕЗЕҢДЕ

Кейпімде тұр заманымның кыр-сыры,
Мінезімде мезгілімнің кырсығы,
Көшелерден көшіп жатыр табыттар,
Көбісінде өксік-өмір кыршыны.

Егіледі жар таба алмай бойжеткен,
Ата-ананың бойларынан күй кеткен,
Пендесіне шықпай жатып түйнектен,
Құдай емес жауыздықты үйреткен.

Ұлағаттан нәр алса егер жасымыз,
Қатпас еді-ау амал таппай басымыз,
Мардымсыз боп кеткен мына тірлікте,
Шикі шешім қабылдаймыз асығыс.

Келте ойдан арыламыз қашан біз,
Пайымдаудан неге сонша қашамыз?
Күнелткенше шапағатсыз, шуақсыз
Кезіп кеткен дұрыс шығар жаһан, түз.

Кейпімде түр заманымның қыр-сыры,
Мінезімде мезгілімнің қырсығы,
Көшелерден көшіп жатыр табыттар,
Көбісінде өксік - өмір қыршыны.

МОНОЛОГ

*(Тәуелсіздіктің қиын бұрылыстарындағы жин
ышқынысы)*

Көнгіш болдым көкжал тағдыр алдында,
Бакыт деген шыныменен барсың ба?
Манаураған дүние мынау қалпында,
Менің жаным тірелгендей алқымға..

Күресуді үйретіпті кім маған,
Ес білгелі жұртты көрдім жылаған,
Талай нәубет өткізген соң басынан,
Жалбарынып тек амандық сұраған,

Жұрт тарихын жаттап өскен ұрпақпыз,
Өзімізге келген тұста шорқақпыз,
Мықтылардың мысы басып, жалтақпыз,
Сондықтан да барлығына ортақпыз.

Бұршік атқан тағы келді бір көктем,
Алатау түр төбесіне бұлт шөккен,
Аналар жүр жанарынан жас төккен,
Көмек күтіп жерден емес, тек көктен.

Қызын қорғар елдің қайда айбаты,
Дем беретін қайда кеткен қайраты,
Жуандары әлсіздерді жайратты,
Ал біз жайлы қай азамат ойлапты?

Көнгіш болдым көкжал тағдыр алдында,
Бакыт деген шыныменен барсың ба?
Манаураған дүние мынау қалпында,
Менің жаным тірелгендей алқымға.



ҰРПАҚ ДАУЫСЫ

Сауықтырсам деп армандап жаныңды,
Білгім келіп көзден таса халіңді,
Тыпыршыдым тыным таппай сенделіп,
Ойлауменен, халқым, сенің қамыңды.

Қай заманда пенде айтқаны бола ма,
Тар қапаста қалған көңіл оңа ма?
Қарлығаштай канатыммен қағайын,
Закымдарды түсіп кеткен санана.

Далаңдаумен, дәрменсіздеу хал кешіп,
Зұлматтардан жан сауғалап тау кезіп.
Саралауға, даралауға шаман жоқ,
Аман болсын деумен келдің тал бесік.

Сені сүймеу, өзиз халқым, мүмкін бе?
Ұрпақ үшін құрбан ұйқы, күлкің де.
Асқактатар ұл-қызын бар биікке,
Еңселім-ау, сабырлым-ау, күрсінбе.

Келе жатыр керім кездер керіліп,
Жарқын ойлар жадымызға өріліп,
Арман болған қу дүниенің ернесі,
Әлі-ақ кетер бақ пен нұрдан төгіліп.

Пейіліңді кірлетпеші күнә артып,
Жан сарайға қыл түсірме құмартып,
Парызымды мен де өтеп кетейін.
Жырларыммен ел-жұртымды қуантып!

* * *

Бұл жаз да өтіп барады,
Ақылсыз ұшқан аққудай,
Гал суға қарады,
Сін өзі жақтырмай.



Көңілі толмай қыяға,
Жапалак отыр қомланып,
Өшігіп ұшқан ұяға,
Аусар ұл түр долданып.

Жабыға бітсе ер-тоқым,
Танымай кетер егесін,
Жемтік тапса бір шоқым
Қарға кімді елесін.

Аларып тастап анасын,
Үйіне қарттар өлуге,
Жүргендердің жазасын
Жарамай жүрміз беруге.

Төгіледі көлдеі бір,
Күні түссе жамағат,
Жаныңа батса ауыр зіл
Таға салар жаман ат.

Алсам дейтін құлкын бар,
Берері жоқ ешкімге,
Бетіңе ғана жылпыңдар,
Жетіп жатыр күншіл де.

Ойсызға берсек тізгінді,
Жетелі ғұмыр жетіспес,
Кекшілден қорға ізгінді,
Сөзінді ессіз есітпес.

ӨТКЕЛДЕ

(Нарыққа өту кезеңінің көріністері)

Ғазиз жаным бөлшектеніп, болініп,
Әр пенденің көз жасы боп төгіліп,
Қуанышы аздау мына кезеңде,
Жүремін мен қылмыстыдай көрініп.



Ойнамайды тоқ баламен аш бала,
Қаншама алам таба алмай жүр баспана,
Ит пен мысық ішіп жүрген жуынды
Қорек болды-ау жарымжанға, масқара.

Шырылдайды шыбын жанлар шарасыз,
Ойламаймын екенбіз деп талансыз,
Қырық күрак бірлік кетер ыдырап,
Болса егер түп тамыры жарамсыз.

Мүгедекті нан сұратып, тілентіп,
Қарттарымыз тірі өліктей күнелтіп,
Барымызды игере алмай жұпыны
Неге отырмыз қара аспанды түнертіп?

Жылап-жылап көз жасы да тыйылды,
Халқым талай жеңіп елі қиынды.
“Жеттім-ау” деп желшінгенде, қырсық күн
Қамшысын кеп төбесінен үйірді.

Күлкі қайда, ойын қайда білмеймін,
Кеуілдердің серпілгенін тілеймін.
Ұшып бара жатқандаймын түнекте,
Қанатынан ұстап алып үрейдің.

ЭКОЛОГИЯ ЭЛЕГИЯСЫ

Өзегін талар ой жетпей,
Оралы жоқ күр сан күрак,
Ес жия алмай, бой жетпей,
Өтуде өмір баткүрак.

Соншама неге соры көп,
Далиған бейбақ даланың,
...Аяғы жоқ, қолы жоқ
Дүниеге келген баланың.

Жер-Ана неткен сабырлы ең,
Қалдың ба жайды ұға алмай?

Қойныңа сүңгіп қабірлер
Жатырсың бір үн шығармай.

Тәніңді сүйген аймалап,
Толқындар қандай салқын-ды!
Боздап бір берші “қайдалап”,
Көр пенде көрсін қалпыңды.

Сарсаңға түскен пейілдер,
Күніге сендей қағысып,
Қайғымыз қайтіп жеңілдер,
Табиғат жатса қан құсып?..

* * *

Ылайланар тіршіліктің тұнығы,
Адам жаны тұрмаса егер мөлдірен,
Өнмендерден өтіп күздің суығы,
Барады ма көңіліміз шын жүдеп?

Тарылды ма тірі жанның пейілі,
Жер бойына сіңіп жатыр арамдық.
Азайғанда адамзаттың мейірі,
Кобейеді деуші еді жамандық.

Шыдай алмай қақтығыстар оғына,
Төгіп жатыр табиғат та қаһарын,
Түсіп алып бір-бірінің сонына,
Жұмыр бас жүр зұлымдыққа қақалып.

Жер жарылды келтірсем деп тәубеге,
Дандайсыған дарақылар доласын.
Жұрттың бәрін салып қойып әуреге,
Біріктіріп көрейін деп ортасын.

Бәрібір сол өштесуі кектеніп,
Арасында күйіп жатыр есі бар,
Ештеңемен қоймайтындай шектеліп
Бөле алмайтын адамдардың несі бар?

Жер жетеді ақ ниетті жандарға,
Қастерлесө мекендеген өлкені,
Ғарыштарға жолды Сана салғанда
Жүректерді жалғай алмай ортенді.

Жат дүниелер өзара кеп бірігіп,
Біз жүргенде кеңістікке сыя алмай,
Корсеткенде олар ертең ірілік,
Қаламыз-ау коздің жасын тыя алмай.

...Жаксылықты аз көрдім деп өкінбе,
Ғұмырың да, бейне, өзіңнің тұлғандай,
Туған жерге, тірі жанға, өмірге -
Қарау керек соңғы көріп тұрғандай!

* * *

Қайрылмай кеткен бакытка
Жоқ менің аса өкпем де,
Құмар ед жаным жарыққа,
Жеткізші жасыл көктемге.

Үскірік жайлап көңілді,
Жаурадым, бойым жылынбай,
Бермесен берме төріңді,
Тұршы, ей, өмір, құбылмай.

Таркатар кейде мұң, шерді,
Асыл бір сәтті қималдың,
Көбейтін күйкі күйбеңді,
Ауыртып жанды қинадың.

Қайтейін сенен көп сұрап,
Не шығар қатты қолыңнан,
Қызығымды алдың деп ұрлап,
Жүгірмеспін-ау соңыңнан.

БАТЫСТАҒЫ ҚҰРБЫҒА ХАТ

I

Менде жатыр Шығыс, Батыс ұштасып,
Бейбіт күндер ұқсас бірдей нұр шашып,
Арамызда суық аяз сықырлап,
Көңілдерді бара ма әлде мұз басып?

II

Алыптарды алмайықшы өлшемге,
Олар ұқсас мәңгі жасар көктемге,
Әр халықтың Ұлдары бар ұрандай,
Сыйынатын небір көз жас төккенде.

Қанша көкке талпынғанмен ұша алмай,
Бакытты да ұзағынан күша алмай,
Сен де, мен де өтерміз-ау өмірден,
Таңырқаудан басқа ештеңе ұта алмай.

Мендегі үрей сенде аз деп сенемін,
Неге керек талдап оның себебін?
Кеудемдегі жотасы кең жомарттық,
Білемін мен барлық сынды жеңерін.

Мен жетпеген жерге жетсең сен егер,
Бойымдағы асыл сезім тербелер.
Сен жақтағы өнегелі өрлеулер,
Менің жусан-жырларыма дем берер.

III

Біздер жайлы аз білерсің сен, бәлкім,
Шындық десе шырқырайтын бар халқым.
Ұяңдығы – тұнып тұрған махаббат,
Тереңінде жатыр оның жаз жарқын.

Шуағы мол, жарығы мол сілм бар,
Дос дегенде көңілі оттай керімсал,



Сауап пенен обалдардан тұратын
Ақ ниет пен онда дархан пейіл бар.

Өскен едік үлкен сыйлап, ел сүйіп,
Тауқыметті тартқанмен де сан күйік,
Сол баяғы аңқылдаған, қазағым,
Корген емес көкірекке кек түйіп.

IV

Сусыз, нусыз көктей алмай шөл дала,
Шала-жансар жатыр тілі байлана,
Торға түскен торғайдай боп біз жүрміз.
Көк түтіннің ортасында айнала.

Еркін жұтар жұпар ауа аңсадық,
Көп сауалға шешім таппай шаршадық,
Көктің нұры бәрімізді жарытқап,
Мөлдір танды жүрейікші қарсы алып!

* * *

*Қазақстан Республикасының тұңғыш
Президенті Нұрсұлтан ағаға арнаймын.*

Жағымпаздық жараспайды ақынға,
Қызыл тілім, бұрмалама, шатылма,
Ханға арнап өлең жазып жақпайсың,
Халық түгіл қасындағы жақынға.

Қарындас боп өткізейін сөзімді,
Құдай Сізге берген екен төзімді.
Құрағы көп, сұрағы көп біздің ел,
Шығарған да болар талай мезінді.

Арқар мінез, ақиықтың белгісі,
(Жердің де жоқ көк аспанға көнгісі).
Биіктік бар, тазалық бар табынтар,
Бұл — күдіретті табиғаттың болмысы.

Парасатты пайымдайтын даламда,
Болған талай батыры да, данаң да.
Шүкіршілік етем, асыл сынығын.
Өзіңіздің бойыңыздан табам да.

Онай емес ел санасын саралау,
Алыптардың ортасында сағалау,
Жасырғанмен, жүрегiңіз, білемін,
Қазак үшін соғатынын даралау.

Іргелі елдің іргетасын қалаған,
Бас болуға қалың елге жараған,
Мінбелерде тұрғанда Сіз қасқайып,
Бүкіл әлем қазағыма қараған.

Бейбіт өмір өздігінен өрілмес,
Парықсыздың көзіне түк көрінбес,
Елбасының сары алтындай салмағы
Болса ғана халық қаны төгілмес.

Құтты болсын, Сіз бастаған бастама,
Ақ пейілге толсын жаңа Астана.
Аман болып құралай көз халқыңмен,
Мінбелерден қарай берші қасқая!

ЖАРАТҚАНҒА ЖАЛБАРЫНУ

Намысты қорғап, шырылдап түскен от, суға,
Бар еді-ау небір ұлдарың сенің зор тұлға.
Жалбарынып мен тілеймін тарпаң тағдырдан.
Қайтадан енді жұртымды менің қор қылма!

Тапталпа тағы қасиетін тарлан даламның,
Ойынан сақта есерсоқ кейбір арамның,
Жұртына туған оғей ғып өзін өксітіп,
Бұрмалап тілін шұбарлатпашы баламның.

Аштықтан сақта, алдыртпа барын басқаға,
Апаттан сақта, жамандықтарға бастама.

Кесірден сақта, пендеден кейбір келетін,
Ниеттен сақта, қараңғы түндей қап-қара.

Талапна тағы талапай етіп қойнауын,
Біреуді езіп, көрсетпе біреу қорлауын.
Қадіріне адамның жете білетін,
Қазақтың өзі бар әлеммен дос, бауыр.

Бере тор талап, талпынтар молдір бастауға,
Тұратын қарсы өрлік бер келген қас-жауға.
Ездіктен сақта, еңкідеп еріп дұшпанға,
Қимасын сағып, іздеп кететін бас сауға.

Қиянатқа толы ғасырда мынау ғаламат,
Жүктыра көрме, жұртыма жуас жаман ат.
Бірлігін сақтат, азаматтарын демей гөр,
Жайнасын елім, шарықтасын сау-салямат.

Пейілін сақта, пиғылы түзу халқымның,
Өздігін сақта, өзегін бұзбай салтымның.
Егіліп тұрып, тілеші сенде жамият,
Арттырсын Тәңір маңызын пайым-парқыңның!

* * *

Құлазып көңіл қалды құлдыраумен,
Отуде қаншама күн күрғыр даумен.
Сырымды ашамын деп кейбір жанға,
Отырмын маңдайымды ұрғылаумен.

Көбейіп қатыгездік барады ма,
Окпелеп кейде, жүрем заманыма,
Аңкылдап өзімдей деп жұрттың бәрін,
Өкінем, алғаш сеніп қаламын да.

Пенденің астарында бүгегі көп,
Жан-жақтан шарпығандай үнемі от.
Көрмедім мінсіз жанды мен, әйтеуір,
Бөрінің мінері мен түзері көп.



Бағыңа басыңдағы қызықпадым,
Тазалық еді бастан ынтыққаным,
Арымды таптамайтын бір жан болса,
Ол сен деп, өзіңе шаң жуытпадым.

Сол сенім шайқалмасын, ортаймасын,
Жүректе қалдырсын ол қолтаңбасын.
Жанымда тірегім боп өзің жүрсен,
Мен-дағы онайлықпен қартаймаспын!

* * *

Жете алмай жерұйыққа жырым-дағы,
Жас кербез көктем маған бұрылмады.
Аңсарым күннен-күнге барады ауып,
Дәуірге сонау ғажап бұрындағы.

Қадірін бір-бірінің білген заман,
Деп қойдық: “ол кездегі адам надан”,
Токталған сөзге қандай даукесің де,
Бұл дүние ақ батамен қалған аман.

Сүйсініп ұзағынан жақсылықтар,
Тартысты қояр ма екен бұл халықтар?
Туады ақырзаман арсыздықтан,
Аз емес болып жатқан құрбандықтар.

Сенемін күш барына адамзатта,
Шығар ол басқа түскен қиын шақта.
Қаншама төнсін мейлі қауіп-кәтер,
Өтінем, пиғылыңды таза сақта!

Күншілге жоламайды бақ пен ырыс,
Жанынан қашар оның дос пен туыс,
Байлыққа батса да ол белшесінен,
Көншімес көңіл, болса кеуде қуыс.

БІР БЮРОКРАТҚА

Кішігірім бақытқа масаттанып,
Өзің болып-толғандай қанаттанып,
Отырасың алдына келген жанға,
Кірпік қақпай безеріп, карап қалып.

Биліктің буы мүлдем еркінді алып,
Кешегі жолдастарды бөліп-жарып,
Лауазымы артыққа иілесің,
Орныннан ұшып тұрып, қолын алып.

Бағы жанбай жүрген дос келе қалса,
Сылтауратып, асығып құтылғанша,
Отінішін тындаған боп күрсінесің,
“Ертерек айтпадың, - деп, - амал қанша”.

Өз қолыңда тұрса да істің кілті,
Боласың да қаласың сен бір тұлкі,
Түспейінше қалтаңа парабасы,
Сұраушыңнан, санлашып, қашар күлкі.

Маскүнемнен арақты кем ішпейсің,
Бірақ торға ол түскен, сен түспейсің,
Қатын-бала үйдегі үн шығармай,
Сыртқа ешбір бүлікті білдіртпейсің.

Курорттарға барасың керден басып,
Марапаттан күніге нұрын тасып,
Соңыңнан қойдың басы домалайды,
Кеңк-кеңк күліп жейсің де, дейсің: “нәсіп”.

Айтатын бір сөзің жоқ есте қалар,
Сонда да біраз байғұс саған қарар.
Ішінен жек көрсе де кейбіреуі,
Қанға сіңген әдетпен шыдап бағар.

Саған тілті, бәрібір, тіл де, дін де,
Оны айтса қортышқандай кірдің інге,
Алтын берсе сатуға тайынбассың,
Жерін менен халқыңды қосып бірге.

...Дүниенің кызығына баттың әбден,
Айрылды, бірақ, барлық ар мен мәннен.
Ертерек кетсең егер бұл фәниден.
Жұртына жасар едің үлкен жәрдем.

* * *

*Марқұм әкем Ибрагим мен шешем
Бибіғанша рухына арнаймын.*

Арайлап атпай таңдарың,
Жат болып ай мен жұлдызы.
Жабыркап жасыл жандарың,
Гүлдерін солып қырмызы.

Бақтарың болмай баянды,
Терегі екі үй иілмей.
Көрсетпей маған саяңды
Балаңа гүлғыл сүйінбей.

Ала жіп аттап кеттіңдер,
Қарамай артқа алаңдап,
Соңында азап шектім мен
Нағашы жұртты паналап.

Өскем жоқ кем боп ешкімнен,
Еркесі ата-әженің,
Жарымжан күйін кештім мен
Естімей үнін әкенің.

Біртіндеп бәрі еленбей,
Кете ме деп ем сол бір дақ,
Атызы ойдың тереңдей
Үзіле берді жас — моншак.

Торғайдай жаным шырғылдап,
Жүректі жүрдім тілімден.
Сыртымнан біреу сыбырлап,
Тұрғандай “мәлім сырың” деп.



Толкытпай күндер талшыбык,
Әуре боп оймен, сезіммен,
Мінезімдегі қайшылық
Қалған-ау сонау кезімнен.

Құра алмай бүтін жартыдан,
Жалғаспай талай үмітім,
Үшбұрыш сол бір қалпыдан
Арымай қойдым күні-түн.

...Кеткелі сендер жыл талай,
О дүние қандай кім білсін?
О жақта тағы карамай
Біріне-бірің жүрмісің?..

* * *

*Сатыбалды Дәрібайұлының
рухына*

I

Емеспін, Аға, Сізді көзім көрген,
Білемін қасиетінді өлең өрген.
Не бәрі он тоғызда аттаныпсың
Соғысқа - қатер болып елге төнген.

Соңында кемпір мен шал қалды семген,
Қарындас – менің анам – арттан ерген.
Қасірет жүрегінді торласа да,
Дем берген жұртқа жыр мен сөзің-мерген.

Мейірімін қол-дария елді үйірген,
Жырларын сақталмапты сүйіндірген.
Асыл боп туарсың ба, жаным Аға,
Ғайып боп жүректерді күйіндірген.

II

Нашар жырлар жазды деп,
Жазғыра көрме, жан аға,
Өнерім болса азды-көп,
Аруағың қонған, жан аға.

Ар менен ұят өлшемі,
Алдымда жүрсен сен егер,
Болар ем мен де еңселі,
Сен болар ең кемеңгер.

Өнеге тұтар өрлерім,
Өреміз тар боп өсерге,
Шығатын Сіздер төрлерін,
Бұйырды небір “көсемге”.

Арынды, Ай – дос ақыным,
Зерделі сөзді кастерлер,
Алтын жоқ жерде бақырлын
Артып та құны еселер.

Озіңе тағы бас идім,
Салмақты, ойлы сарбазым,
Сауытын сордың жас кидін
Соңында налаң қалмасын.

Тапсын да орнын оңалсын,
Озық ой албырт өренін,
Елінді жебеп, қолдарсын,
Өтелер әлі-ақ төлемін.

Рухың маза бермеді,
Жолымды бөгеп намысың,
Кім, қайда сені жерледі
Еңіреп те кеткен, арысым?!

Бірі едің өзің көп нардың,
Өмірдің аз ба жарасы.
Белгісіз солдат боп қалдың,
Дәрібайдың жалғыз баласы.

Талай жанға сый көрсетпей дұрыстан,
Өкініштен жүрегімді уыстап,
Жүремін мен айрылған соң солардан
Аруақтардың аттарынан ту ұстап.

Қадіріңе жетер кезде келгені,
Босаңсыды менмендіктің белбеуі,
Жетен болса түсінерсің, әйтеуір,
Біздің үйге кимастықтың енгені.

Зер бағасын зергер білер деген ед,
Күтіп келем болар деп бір керемет,
Бірақ сенің көзқарасың баяғы,
Дейсің маған: “Керек саған қошемет”.

Ал, мен үшін тар боп кеп-кен дүние,
Түсіп жүрем әрбір пенде күйіне.
Иінімді жаншып түйдек көз жастар,
Толтіректеп зорға жетем үйіме.

Безіп барлық безеу бетті күндерден,
Шошып желмен үлдеген үндерден,
Тығыламын келіп сенің қойныңа,
Құбыжықтар шығатындай індерден.

Сен де ұғып түсінгенің шамалы-ау,
Жалғыздығы жанның, әттең, жаман-ау.
Іңкәрлігім санамды өртеп, Сезімнің
Уысынан шықпай, бәлкім, қалам-ау...

МІНЕУЛЕР

Бүгінгі жауған қар ертең,
Ылайланар-ау сел болып,
Жымысқылық бұл әдетпен,
Жарытпаспыз да ел болып.

Жетесі жоқ еш жетіспес,
Жеті қарыс жал бітсе де,
Қасыңда тұрып есітпес,
Шынғырған даусың жетсе де.

Ақшасы бітсе сүмпиіп,
Сүмендеп ерер соныңнан,
Қайтадан бір күн күмпиіп,
Ұсынсаң, алмас қолыңнан.

Дүниене карап сыйлайтын,
Лауазымына күлдық қып,
Түкке де татып тұрмайтын,
Үйреніп қалған ұрлық қып,

Бар екен небір пақырлар,
Кеудесі түнек, жарықсыз,
Есеппен күліп, тақылдар,
Көбейіп кетті парықсыз.

КЕЙБІРЕУГЕ

Айтарымды айтам жақтыр, жақтырма,
Бас керек-ау көтеретін бакты да,
Берекесіз ырыс құны бес тиын,
Дүние үшін жақынынды жат қылма!

Көкірегіне кейбіреудің нан пісіп,
Жақынымен жауласады, алысып,
Өзін-өзі дәріптеуге құмар-ақ,
Той жасайды, бақталас боп жарысып.

Откінші ғой қуаныш та, қайғы да,
Бола бермес әрқашанда жай мына,
Кеше тойып, толдым деген ағайын
Мүсәпірсіп қалды бағы тайды да.

Байыппенен жан-жағына қарасаң,
Аласапыран тағдырлар жүр арасан,

Кесірінен әке-шеше зейілеіз,
Шерлі болды-ау жоудіретен бала сан.

Кім жетісін отыр дейсін күнде бір,
Жұртыңменен бірге жылап, күле біл.
Дүмше болмай дос қадірін түсініп,
Адамдармен ортақ өмір сүре біл.

Жақпайды ғой қайтып келген қыз деген,
Қырық үйден оған тыю іздеген.
Ел едік-ау тегін сұрап кімнің де,
Болашақтың баяндысын мегзеген.

Өз-өзінен келмейді екен дәулет те,
Таланыңды тәрк еткізіп әуре етпе,
Тіршілік пен жігер, сезім қосылып,
Көрік берер Сана атты сәулетке.

Мүдірмейтін минуттарға шырмалып,
Күні бойы тыным таппай тырбанып,
Ормталдай өмір өтіп барады,
Өнімінен жүрмейікші күр қалып!

* * *

Қалың тұман қаптап кетті маңайды,
Күнді аңсап, жұрт та минут санайды.
Бұлдыраған бұйра сағым ішіне
Сіңіп кетіп жоқ болмасам жарайды.

Өз үлесін үлестірсін кім кімге,
Мамыр мекен толып кетті-ау күншілге.
Солқылдайды алтыс екі тамырым
Жүз қиянат жасалғанда бір күнде.

Заны ма еді жазмыш атты күдіреттің,
Таң атпай-ақ талайларды еңіреттің,
Қайсысына болысамын дедің бе,
Зар мен мүцнан шайқатылған төңіреттің.

Егіз екен бақыт деген сеніммен,
Жан-тәніммен мен де оған берілгем,
Қиын-қыстау күндер қалып қаптаста,
Жақсылықты көрейінші еліммен!

* * *

Ақылмен жеңемін деп ақымақты,
Тәптіштеп ойлаумен-ақ болашақты,
Жүрегім шапалақ жеп жетімектей,
Өксігін баса алмай жылап жатты.

Көргенде құлағанын небір жайсаң,
Дәрменсіз үтіліп қуат-қайсар,
Соншама шыбын-шіркей көптігінен,
Аһ ұрып, амалсыздан бел қайысар.

Көгендеп көңілімнің көк дауылын,
Езілер Адам үшін ет-бауырым.
Саналы саңлақтары адамзаттын
Көтерер қиянаттың ең ауырын.

Оларсыз мына өмірді қатер басар,
Жауыздық бар білгенін тағы жасар.
Отызыншы жылдардың "Ғарасаты",
Халықтың зиялысын жиып асар.

Сенемін болашаққа мағыналы,
Парасат иесіне табынамын.
Қойнына қара жердің барғанда да,
Арайлы пейілдерді сағынармын!

* * *

Еркелеп те көрмеппін-ау еркін мен,
Қымыз қылық айырардай кейпімнен.
Күлдіретіп күйдіріппін көңілді,
Анда-санда азын-аулақ серпілген.

Менде жатыр талай тасқын, дауылдар,
Бір аймаққа жетер және дауым бар.
Жан-жағымнан қысқан кезде сан қайғы,
Еңсем түсіп, ой тізбегі ауырлар.

Мәз боламын қай күйіме жетісіп,
Жатса пенде бөлінісіп, шекісіп,
Шырылдаймын, түсемін кеп араша,
Бәз жүректер жатса екен деп бекісіп.

Салуменен өзімді-өзім қалыпқа,
Жағынумен жанымдағы халыққа,
Байқамаппын төнгенін де көлеңке,
Бойымдағы шуағы мол жарыққа.

Жаурап қалды бүршік атқан жан бауы,
Құс-көңілдің мүмкін бе енді самғауы.
...Сенің барың қандай жақсы, қарағым,
Өзің болшы күрең күндер арқауы...

* * *

Кетсем бе екен кскілді көктемге еріп,
Қызғалдақты солдырмай түгел теріп,
Қадірін көк майсаның біліп енді,
Жүгенсізге жатырмыз арқан керіп.

Бірер сәттік мәз болып қонған баққа.
Талайымыз таластық тарлан таққа,
Ырысын жеп ұрпақтың ұпай жиып,
Несібеміз шашылды-ау талай жаққа.



Аранымыз ашылып тойған сайын,
Ұмыттық адам халін, жердің жайын.
Бұтақтары сидиып, ырсиып тұр,
Ортасында түтіннің байғұс қайын.

Қызықтың ар жағында бар тозағы,
Елдің де азамат қой қол созары,
Өз басын зиялысы күйттеп кетсе,
Жағдайы кара халық не болады?

Салмақ көп мен арқалар, сен арқалар,
Жарамсақ іс тындырмай атой салар,
Сүйенбей тіліміз бен жағымызға,
Келді кез бұл кеселге тез ем табар.

* * *

Жадырамай қойды мына жарық күн,
Обалына қалдың сен де шабыттын,
Білмейтін бе ең ұқсастығын қайғы-мұң,
Тек ерекше екендігін бақыттың.

Ылай кешіп жүр екенмін түсімде,
Шынымен-ақ оңбай қойды ісім де.
Тілеймін мен қалмасын деп бір қылау,
Күнделікті басып өткен ізімде.

Жөңдеймін деп жөнге келмес жандарды.
Қаншама рет көңіл, байғұс, алданды,
Текке тартпас ұл болмайды деген бар,
Қайтерсің бұл қарға тамыр жалғанды.

Жауқазындар жайқалмады мен үшін,
Іште жатқан мұздар қайтіп ерісін,
Жылы кабак танытпады-ау тіршілік,
Кигізілі де теріс қарай кебісін.

...Сорлы жүрек, неге сонша шаршадың.
Көңілің табу мүмкін бе екен баршаның?
Озі мейірім қормей жүрген пақырдан
Неңі күтп, не жақсылық аңсадың?..

АЗАМАТҚА ХАТ

(Ой шірмдері)

I

Шабытым шырмалып шылбырына күрең күншердің,
Жарқырай алмай мен-дағы шарасыздан күрмедім.
Еңсіз енші іздемей, есігін қақпай бақыттың,
Амалсыздан іркіліп, еркімді тежеп үйрендім.

Іңкәрлігім басылмай, ірлік іздеп іргемнен,
Босбелбеулер жанында қаншама жыл жүргем мен.
Бөріктінің бөрін де нақ бөріге балаумен,
Түңліп кеттім түксиген түйсігі жоқ түрлерден...

II

Үрей қысып кеудесін, үркіп те қалған үмбетім,
Ішірткісін ішкенде, жоғалтатын келбетін.
Елім жайлы ойласам, жетесіз жылдар жетелеп,
Жеткізеді көз алдыма жетпіс жылғы жеңдетін.

Иықтылар бой түзеп, болар да едік еңселі,
Жазылар ма оп-оңай зарлатқан заман кеселі?
Өгейсіп тұрып ұлтыңды, жақын тартсаң басқаны,
Бауырым-ау, қалай енді жазғырмаймын мен сені?..

III

Іріткі салу ірітіп – бір түрі ғой қанаудың,
Жылжып жүзге бөлініп, бөлек не еді жалауың.
Жан-жағыңда жалын бар, жеріңе де көп жеріктер,
Ағайынға дұрыс па ала көзбен қарауың?

Түбіне ойдың жете алмай, өткен ерен саңылақтар,
Санасызға мал бітсе асып-тасып шалқақтар,
Бір жақсымыз байыса мыңға жасар шарапат,
Қолдап жүрер қуанып оны баба – аруақтар.

IV

Басшы екенсің, жұртыңның обалы сенің мойнында,
Үшкыр да озық болуы шарт болжамың да, ойың да.
Көптің көзі көретен, қондыра қоймас көңілге,
Елітетін қасиеттер табылмаса бойында.

Ердің жүрегі риясыз, жаны оның сезімтал,
Парыксыз адам өр емес, көкірегі құр керімсал.
Ұяты жоқ жандардың күйзелгенін көргем жоқ,
Болар олар қызғаншак, жаны суық, көңілі тар.

V

Өзіңе жаздым өлең он бес буын бүркыратып,
Қозғадым көңіл дертін аямай-ақ шырқыратып.
Ел нарына артылатын заман жүгі жеңіл емес,
Дос айтады дейді ғой бір күлдіріп, бір жылатып.

VI

Ұлына сенген ұлтымның үміт кілті сенде екен,
Ағасы мықты қыздардың бағы, әсте, кем бе екен?
Жырлар ма едім асқақтап, сөйлер ме едім еркінсің,
Азаматы елімнің, асылдығына сенбесем!

ҚҰРБЫҒА

*Замандасым, қазақтың қорнекті ақыны марқұм
Жұматай Жакыпбайұлының рухына арнаймын.*

Өргеніп жатыр карағаш,
Менімен еді-ау шамалас,
Түспесем өзім араша
Қайрылып ешкім карамас.

Жапырақ жасыл жанғанда,
Жас жүрек айкай салғанда,
Әділет бар ма деп, сірә,
Жалбарынам кеп жалғанға.



Орт шалса бүгін ортамды,
Күлнәрша етіп торкамды,
Дерті көп мына ғұмырды
Оналтар кім деп қоркам-ды.

Келмес пе бәрі ретімен,
Табиғат тайды сертінен,
Астан-кестен дүниені
Қалпына қайтіп келтірем?

Дуылдап жердің денесі,
Алуынан аз бересі,
Жүргенде құрбын жабырқап,
Замандас, өзің демеші!..

Мына өмір сенсіз баянсыз,
Жанымды тіліп аяусыз,
Қалдырма мені қапыда,
Қалдырма мені саянсыз.

Жүрмеген әлі жолдар көп,
Алмаған біздер қорған көп.
Бәйтерек болып бой түзеп,
Қалып та едік орман боп.

Сананың жеткен паркына,
Жалынын берген халқына,
Қарбалас кездін құрбаны,
Қарайлай кеткен артына.

Жан құрбым менің қанаттас,
Екіні еркін қараптас.
Орынына заңғар көктелі
Ешкім де енді таласпас!

Қадіріме де жететін,
Көргенде жайнап кететін,
Жарылқап Тәңір алдыңнан,
Болсыншы нұрлы бекетін.

16 қыркүйек, 1990 жыл.



*“Жылы-жылы сөйлесен,
Жылан інінен шығады”
(Халық мәтелі)*

Шекіскенмен пенде дауы шешілмес,
Кеудеден он баса берсе есілмес,
Жылы сөзді айта алмастай адамдар,
Қандай күнә жасап еді кешірімес?

Жылылықты аңсаймын мен балаша,
Шаттанамын біреу күліп қараса,
Бірақ, сен де қырғи қабақ танытып,
Шағып алып жүрсің жиі араша.

Ойларымды бүктей бердім умаждап,
Шабыт оты өршімеді, күр маздап,
Бір-ақ ауыз інкәр сөзді айтсаң сен,
Жан шырыны тамып кете түр жаздап.

Шаншып, қоймай соңғы кезде жүрегім,
Қымай мына кең әлемді жүремін.
Мен көрмеген бақыт, нұрдың бәрі де,
Кейінгіге дарысын деп тіледім.

Әр дәуірдің дайындаған сыны бар,
Бейнеті де жеткілікті, қыруар.
Өткелдерден небір алып шығатын,
Жүректерден тарап жатқан жылулар.

Болғанмен де қанша қиын кей кезің,
Шыдам керек, шынығардай ер-төзім.
Баскасының бәрі келер орнына
Азаймаса бойыңдағы сел — сезім.

Бұлт бүркеді бүтінгінің көктемін,
Жұрт аңсап жүр келерді емес, өткенін.
Санамызды аралайды сағыныш,
Қайта аштырып шуақты күн беттерін.

...Өмір - озен ағып жатыр тасынып,
Кінәсіз көп көз жастарды жасырып,
Бір жылы сөз айта алмастан мұңлыға,
Қайда бара жатырмыз біз асығып?

* * *

Өзегімді ортеп кейде қара су.
Қане, деймін мұңлықтарға жанашу.
Адамзатты тоздырады ақыры,
Баяғы сол санасу мен таласу.

Сен кеткенде шегірткеше секіріп,
Киім таңдап масаттанып, есіріп,
Біреу жүрер бас көтермей тырбанып,
Шамасы жоқ отыратын көсіліп.

Жөргегінен атанумен жетімек,
Қайда барса шерге толып көкірек.
Басын тірер жақын пенде болмалды-ау,
Іште тұнды асыл арман, көп тілек.

Арқалаған о бастан-ақ ар жүгін,
Өткірлігін көрген тағдыр – қамшының,
Сондықтан да болар, мүмкін, абайлап
Айтады ол дос-жаранға қалжыңын.

Күледі тек сырт пішіні байқасаң,
Жанарында сенім, күдік айқасар.
Жалғыз байлық – намысы үшін бойдағы
Бар мықтыңмен аянбай ол шайқасар.

Риза болам көрген сайын әр ісін,
Мақтанып ол айтпаса да табысын,
Сезіл жүрем қуанышы аз, мұң толы,
Жұдырықтай жүрегінің қағысын.

Сипамаған туған ана басынан,
Жол шетінде жүріп қалған жасынан,

Елегізіп жалғыздыктан көңілі,
Ұзатпайды балаларын қасынан.

Қинағанда қиянаттар қамалап,
Жауыздықтар жан-тәніңді жаралап,
Сол бір Адам табылады қасынан
Жаны ашып, бәйек болып, аялап.

Қиындықтан үркеміз біз қояндай,
Жеңілдікке ұмтылуды қоя алмай.
Қинатуды білмейтіннен қорқамын,
Кете ме деп мейірімі оянбай!..

* * *

Мен жыласам аспан бірге жылады,
Оның-дағы таусылғандай шыдамы,
Піл секілді зұлым күшпен алысқан,
Таулардың да салбырап тұр құлағы.

Қайтсін менің шүйкедей бір тәнімді,
Қара ниет алмақшы еді жанымды,
Қалқан етіп қарсы тұрдым сол бір сәт,
Бойымдағы бар асылым – арымды.

Қаймыққандай қансыратқан дүлейлер,
Ыдырады қоршап тұрған үрейлер,
Ойламаушы ем адалдығым үшін де
Күндейді-ау деп “дос” боп жүрген біреулер...

Найзағай-ой жаркылдайды санамда,
Сол ұшқынды іліп алсам қаламға,
Кекшіл емес, көпшіл, балаң көңілмен,
Ақ жүзімді тостым ерке самалға...

Қуаныш, қайғы аралас,
Көңіл де, кейде, жалаңаш,
Тағдырдың аз ба тәлкегі,
Жалғыздық жанға жарамас.

Жанаспай жанар жаркылы,
Ашылар қалай жар сыры,
Лебіңнен сенің еседі
Қоңырқай күздің салқыны.

Жаксылық аңсап келгенбіз,
Ақ сүтін ана емгенбіз.
Бақыт та бар деп өмірде
Махаббатқа да сенгенбіз.

Ине мен жіптей сабақтас,
Өзіңсіз маған таң атпас.
Сезбей-ақ қойдын сен мұны,
Секіді болып жұмбақ тас.

Аз емес шығар ізгілік,
Үміттер кейде үздігіп,
Мұңаям талпай бойымнан
Елітер сені жүз қылық.

Кінәлі мен бе, қоғам ба,
Түсінбей келем оған да,
Апалар жиған әсемдік
Біздерде қазір жоғалды, ә?

Шаттықтан шалқып жүргем жоқ,
Түндігін шабыт түргем жоқ,
Тұмшалап байғұс жүректі
Бостандық бір сәт бергем жоқ.

Ерте-кеш бірдей сабылып,
Жабырқап жаным, камығып,
Қалғанымды да білмеппін,
Әдемі назды сағынып...

* * *

Бұзылма, көңіл, бұзылма,
Қызығып кетіп қызылға,
Тайғанап құлау бір-ақ сәт,
Қисынсыз жерде қызынба.

Жерік те етер жалған бар,
Желікті қуған жандар бар,
Сағыныш болып өксітер,
Омірден кетіп қалғандар.

Айныма, көңлі, айныма,
Тұра алсаң төтеп қайғыға,
Артынан келер қуаныш,
Жамандық кетер қаймыға.

Дәмете берме күр пайда,
Зейнет те қашпас ешқайда,
Әр адам өзі бір жұлдыз,
Зерттелмей қалған шалғайда.

Кірлеме, көңлі, кірлеме,
Ашудың отын үрлеме,
Айналып өтсе бақ сені,
Бақыттыларды күндеме.

Төзе біл, көңіл, төзе біл,
Жүрегін достың сезе біл.
Өрекліп қанша тұрғанмен
Бәріміз барар меже бір...

* * *

Уызсыз оскен баладай,
Жүремін жылу аңсаумен.
Өзіңді көріп панадай,
Алданып үміт, шаршаумен.

Жүзіңе жайсаң арбалдым,
Көріңді сол қыс шілдедей,



Табиғатына таң қалдым,
Сыр бермейтін, үндемей.

Күрделі жанның түйінін,
Шешермін дедім байыппен,
Көбейіп іште күйігім,
Барады тамыр жайып кең.

Ұқласаң енді не шара,
Арамыз кетті алшақтап,
Аттатпай “намыс” - шекара,
Жүрміз бе жалған “ар” сақтап?..

* * *

Есем кетті есуасқа тағы да,
Еңіредім, жара түсті жаныма,
Ұятсызға үйреншікті іс түкіру,
Қатыгездік сіңіп кеткен қанына.

Қай тандардан, қай түндерден жаралдың,
Аппақ сүтін емдің сен де ананның,
Ойлаушы едім, негізі де болмас деп,
Қастық ойлап жұртқа жүрген адамның.

Әке-шешен “күдай” деген ақ жанлар,
Жүздерінде жылылық бар, иман бар,
Ыза-кектен түрің сенің түтіккен,
Сірә, сірә, болмысыңда бір мән бар.

Әлде, алданып арзымайтын арзанға,
Сау басыңды салып қойдың сарсаңға,
Жақсылықтан аулақ ұстап өзінді
Шамаң да жоқ, мүмкін, оны ансауға?

Өмір барын білмейсің-ау өзгеше,
Не істер едің арың маза бермесе,
Көкірегінді қағып ашақ сезімдер,
Сен жасайтын қиянатқа көнбесе?

Аяңдайтын тар сокпақтан бұрылмай,
Пенделердің күні қандай бірінғай,
Ой өрісі өспегеннен сескенем,
Шырқыратар деп жанымды құлыңдай.

* * *

Жаңғырықты туғызады жаңғырық,
Табиғаттын заңдары да бар қызық,
Жүрегімнің ащы айқайы секілді,
Маңдайымды тілгілеген сан сызық.

Ойды іліп ала қашты ой-дөнен,
Жалаң ойдан шықпай қойды жақсы өлең,
Сезімімнің кәусарына қандырып,
Торғын нұрдан өшпес өрнектер өрем.

Сені маған кездестірген қандай күш,
Өнім, бейне, көріп қойған таныс түс,
Өмір сүріп бұл тірлікте бір кезде,
Қайта оралып келгендейміз, кейде, біз.

Маған керек жарығы мол жан шуақ,
Қаламын ғой онсыз жаурап, қалтырап,
Ауыртпашы сен де жауыр жүректі,
Көпшілікпен бірге мені қамшылап.

Асыл сөздер айтсан егер айшықты,
Дер едім-ау сені өзіме сай шықты,
Қосақталса екі жүрек егіздей,
Ажыратар оны, айтшы, қай мықты?

Әне, бір жан өтті маған қадалып,
Әрбір адам бір-біріне жаңалық,
Шуағы мол кездесуден тұрады
Жайсандардың жан дүниесі жаңарып!

ҚАЛАДАҒЫ ЗАМАНДАСҚА

Жазамын деп қуатты, құнарлы өлең,
Күні бұрын атой сап, қуанып ем,
Енді, міне, отырмын зілдей басым,
Жан-жағыма караумен мұңайып мен.

Тұрлауы жоқ дүние, тұрағы жоқ,
Өмірдің беруінен сұрауы көп,
Қараймын қатарластың қабағына
Жүзінде ешнәрсеге қуану жоқ.

Сабылып жалғыз өңеш қамыменен,
Уақыт жоқ сырласуға жарыменен,
Ызғыған ызғарлылар арасында
Ешкімді шамасы жоқ танып, елер.

Көңілден қалай ессін жұпар самал,
Басында бір өзінің қанша сауал,
Үйіне енген сәтте бөбектері,
Жамырап “мамалаған” әнге салар.

Кейпінде қалқып заман көлеңкесі,
Бірсудің кезіндегі сән еркесі,
Жауынмен жарысқандай жүтіреді,
Сөмкесі тола сүттің бөтелкесі...

* * *

Тымырсық тұман көкпенбек,
Асқактап мүлде кеттің деп,
Көктегі Күнді жазғырды
Айылын жимай, екпіндеп.

Жанары жарық дүниенің,
Жасаурап, қимай сүйгенін,
Тұрды да үнсіз, әкетті
Бұрып ап басын күйменің.



Қалды да тұман тыпыршып,
Ызадан кетті жаны ыршып,
Бүркей түсті бар маңды,
Жарқанаттай кеп жабысып.

Шымшыды көзін гүлдердің,
Ошірем деп үнін күлгеннің,
Әсемдік көркін жоям деп,
Оям деп көзін көргеннің.

Құлазып жердің денесі,
Сынаққа түсті некесі,
Көрінді бір кез ұрланып,
Қызарған күннің шекесі.

Аяды ол мұңлы шөлдерді,
Қимады шерлі шеңберді,
Қиянат қылын қажарып,
Ғашық күн жанып, өртенді...

* * *

Мына өмірден азды-көпті түйгенім:
Жұртты аяп, өзім талай күйгенім,
Қарапайым көрінем деп қалбақтап,
Бір басыма сонша мұңды үйгенім.

Кешірімді болып әбден көргенмін,
Өмір үшін азабына көнгенмін,
Тікенектей қадалғанда қара сөз
Арасында қалғандаймын шеңгелдің.

Шабытымды шашыратып алыппын,
Айтпас жерде жан сырымды ағыттым,
Еміреніп жүрген жанның алдында,
Байқаусызда қадірсіз боп қалыппын.

Әр жүректе кұпия бар сыр бүккен,
Жұлдыз-моншақ тамар, кейде, кірпіктен,



Басымдағы бақ-күсымды абайсыз,
Ашықтығым болса керек үркіткен.

Жабырқады жарық көрмей жыр-жетім,
Көбейген соң көп алдында міндетім,
Жетегінде кетпейін деп көңілдің,
Салмақты оймен көмкеремін бір шетін.

Өкінемін кейбір албырт ісіме,
Байсалдылық жиі еніп жүр түсіме,
Соңғы кезде үнсіз әжем бейнесі,
Елестейді сөз айтарда кісіге...

* * *

Жылдарым-ай, сіңіп кеткен ғасырға,
Айналып та кеттіңдер ме жасынға,
Тойланбады туған күнім менің бір,
Өкінішті екен бұл жай, расында.

Паи етпей-ақ қояйын деп өзімді,
Адамзатқа өткізе алмай сөзімді,
Мен жүргенде жетімсіреп, жылдарым
Еш еленбей, көңілсіздеу көз ілді.

Айқара ашып қыркүйектің омырауын,
Шылдыратып кішкене үйдің қоңырауын,
Мен енгенде құшағына ғаламның,
Үш күн бойы тоқтамапты ақ жауын.

Төртінші күн мен күліппін нұр төгіп,
Жақсылыққа бұл қылықты жұрт жорып,
Ат қойыпты Күлжадыра деп маған
Жұтап жүрген жандар мені күт көріп.

Жақсылық боп босағанды аттап ем,
Арамдықтың арнасынан татпап ем,
Тілеуменен барлығыңа ізгілік,
Жалғызсырап жүрмін дүбір шақта мен.

Жакпай койдым, жағымсыз ба мінезім,
(Жалғыз Құдай қай пендесін түзесін).
Жұрттың бәрі өзімшіл боп кеткен бе,
Даулап жатыр қысқа күннен үлесін.

Тірлігінде керек екен құрмет те,
Төбешік боп қалғаннан соң бір шетте
Қажеті жоқ, жек көр, мейлі, жақсы көр,
Сенбеймін мен қисыны жоқ ертекке.

...Еркін жүзер көк шалқарда жарқын Ай,
Елім барда жүрем мен де жарқырай.
Бұл өмірден тапсам деймін тұғастық,
Бере қорме не берсең де жартылай.

* * *

Бар жақынға қамқор болып жасымнан,
Кездерім жоқ асынған да тасынған,
Жылу іздеп жүргенімде жаутаңдап,
Табылмады-ау сипайтын жан басымнан.

Бұл өмірде дүние қалар шашылып,
Біреу оны жинап алар жасырып,
Салмай-ақ қой маған қорған алтыннан,
Берші, шын дос күтіп жүрер асығып!

Қанаттас бол ұшар маған құстар бер,
Биіктікке мен жасымнан құстар ем,
Сәт сапарды сыйла маған, Тәңірім,
Қиындықтан қаймықпайтын ұстам бер!

Сыйғыза алмай келем сені жер-көкке,
“Керіммін” деп марқаймашы сен текке.
Мен күшатын ғалам мүлде бір бөлек,
Ұқсайды ол таңғажайып ертекке.

Самғап жүрем сол әлемде жалындап,
От-сезіммен тірі жанды жарылқап,
Жанашырлар шырылдайды аялап,
Тымырсығы тымпияды таңырқап.

Қиялымда сомдап соқтым бейненді,
Күтіп жүрдім көк жұлдызды күйменді,
Қасындағы жаннан артық санайсың,
Бір күлкіге татымас мың күйбенді.

Үшқындарым ұшып түсіп кеудеме,
Маған таныс зер салыпты зердеме.
Соның өзі аз қуаныш емес қой
Осыншама күрсінемін мен неге?

Ой-тұлғаннан көргім келіп заңғарлық,
Мінезіңнен тапсам деймін архарлық,
Екеуміздің арамызға ешқашан,
Жоламаса екен жаттық, жалғандық.

Сан ірілік тұрса деймін бойыңда,
(Бұл амалдың қиындығын мойыңда).
Мені үнсіз жеңіп жүрсін, дегенмен.
Ашық айтшы, не бар сенің ойыңда?

Әзіл-шыны араласқан сыр айттым,
Сөйтіп, міне, тағы сені мұңайттым.
Сыйғыза алмай жер мен көкке жүргенде,
Қолды бір-ақ сермеп кетсең, мен қайттім?!

* * *

Таулардын тастарына шағыларсын,
Өктем жел өңменіңнен өтіп талай,
Сол шақта жаркын жанды сағынарсың,
Тұратын ақ таңдардай шашып арай.

Жүргенде жан жабыркап жат пен достан,
Көңілдің көкжиегін кезіп дауып,
Ұғыспай қосағыңмен құдай қосқан,
Сыздайды сызат түсіп, шіркін, бауыр.

Күлкі боп қалмайын деп жан-жағыңа,
Жүресің бүк түскен бір асықтайын,
Кикілтжін кіріп шабыт шарбағына,
Көңілді көтерткізбей басып дәйім.

Қасыңнан жарқ еткенде сәуле — сезім,
Кеудеңді дүр еткізіп уайым бүрген,
Ұмыт боп күйкі тірлік, әуре кезің,
Самғайсын кеңістікке ұшып нұрмен.

Табиғат уылжып тұр пәк сезімнен,
Шомылып шұғыласына лағыл ардың,
О, өмір қандай қайсар мәрт төзіммен,
Қаншама тасжүректі қабыл алдың.

Жаралған мөлдірліктен, көркемдіктен,
Тазалық әлеміне табынамын.
Менімен кездесуді көптен күткен,
Адал жан, ниетінді сағынармын.

* * *

Көңілімнен күй төгілді еріксіз,
Жүрген екем күйсіз және серіксіз,
Ең салмапшың ең болмаса біріне,
Шындық, кейде, екен, тіпті, көріксіз.



Көлеңкемен сәуле бірге жарысып,
Күңгірт күндер етегіме жабысып,
Кектенбеуші ем, кемірді той тамысым,
Бір пендемен күнде келем алысып.

Өлең де жоқ, өнер де жоқ бойымда,
Мен түндердің, түнек менің қойнымда,
Үгітіліп кете жаздап жүремін,
Міндеттерден мініп алған мойнымда.

Келер ме екен шарықтайтын шат шағым,
Жаратқаннан көп сұрауға батпадым,
Өлшемменен берілетін дүниеге
Ақыреттік жанымды мен сатпадым.

* * *

Ошағымда от сөнбесін мезгілсіз,
Ретімен келсін көктем, келсін күз.
Қастандық па, астамдық па білмедім,
Арамызда сілейіп тұр сеңгір мұз.

“Кесапатын ұл тартпасын әкенің,
Қызына артпа шешесінің қатерін”, -
Осылай дедім өзіме-өзім сақшы боп,
Кесірінен қорқып қарғыс, қатенің.

Талпыныс көп талшыбықтай бойымда,
Жарқын сенім тербетілді ойымда,
Мойымадым сондықтан да тағдырға,
Аямай-ақ артса да жүк мойынға.

Іштей өксіп, саған бақыт шын тілеп,
Ошақ отын сөндірмедім үргілеп,
Жүрегіме жара түсіп сан рет,
Орны жатыр, жазыла алмай күлдіреп.

Не айтайын бастауы өзге басқаға,
Өзгертетін он бойыңды аз шама,

Бет алған соң алыс жаққа бірігіп,
Жарты жолда жолдасыңды тастама!

* * *

Керек пе еді менің Музам дәл саған,
Жүрт көзінше кербезденген жақсы адам.
Жан айқайым жақын жерден шықса да,
Басуға сен ерінер ең бір қалам.

Екі елдің елшісіндей екеуміз,
Ізет сақтап қашанғы күн кешерміз.
Сұрап қойып анда-санда жағдайды,
Көріспейтін көріңдерден бөтенбіз.

Талқандалған үміттерді арқалап,
Сабырымды жонып біттім жаңқалап.
Абыройды төкпейін деп айрандай
Керегемді келем даудан қалқалап.

Керуен - жылдар көшіп жатыр арада,
Қалмапты ғой бір керім сәт санада.
Нан секілді көрінеді жүрегім,
Байқаусызда күйіп кеткен табада.

* * *

Тәж киген таза шуақтан,
Падишах көрдім мен сені,
Қиялмен көңіл жұбатқан,
Жылдарым көшті кешегі.

Үлгі деп тұтып жүргенім,
Үпелек екен үлгідегі,
Сарыла күткен түндерім,
Ұласты таңға біртіндеп.

Санада, бірақ, сыз қалып,
Бар ырыс оны құрғатпай,



Көктемді кошкен қызғанып,
Сезімді жүрмін күнлақтай.

Қастерлеп өткен күндерді,
Ызғарым, тегі, жоқ саған,
Көргенде озған күйменді,
Бірінші болып шаттанам!

ҰЛЫМА

“Не көрсе де, көрсін мейлі, өз басым,
Балалардың сағы ешқашан сынбасын”,
Деп тілеген аналардың, Жаратқан,
Қабыл алшы, көлдей болған көз жасын.

Қызығым да, қуанышым, жеңісім,
Садақа ғой, жаркыным-ау, сен үшін,
Өзім бар да шоқытпаспын қарғаға,
Өзім бар да еркін өсер серісін.

Мадақтайын мәртебенді өсіріп,
Өз төрінде отыршы бір көсіліп,
Ұясында ұлағаттық көрмеген,
Көрсете алмас ешбір жерде кісілік.

Тегінді айтып саралайын сананды,
Үлгі тұтып қастерлерсің бабанды,
Шешер кезде тағдырыңның түйінін,
Байыпты да, пайымды бол, табанды.

Әке атымен өтпегейсің откелден,
Тұлпар баптап, қайрат бергем, от бергем,
Құнарлыдан күнсыз туды дегенді,
Айтады жұрт ұрпағына жек көрген.

Көлденеңнен біреу шықса қаралап,
Сабыр сақта, ойға салып, саралап,
Ашуына қайрақ болсын ақылың,
Кінәсізді жүрме, қалқам, табалап.

Ер есімі есте қалар ерлесе.
Халқы үшін іс тындырып терлесе,
Тізгініңді берік ұстап, қарағым,
Бәйгелерден озып келші, ендеше!

ЖАР СЫРЫ

Саған жақсы жар болуға тырыстым,
Түсінгейсің қиындығын бұл істің,
Азаматым деп аялап өзінді,
Қасиетін қастерледім Шығыстың.

Сөз келмесін деумен сенің атыңа,
Кермек кезді жүрдім жұрттан жасыра,
Жаутаңдадым, қабағыңа қараумен,
Тән болса да өрлік менің затыма.

Аласардым, сен биік боп жүрсін деп,
Жаркылдадым, сен көбірек күлсін деп,
Бәйек болып мазасыздау туысқа,
Бір сен үшін айтқан жоқпын “кімсің” деп.

Мінезіңнің кесектерін қалаумен,
Әр ісінді жақсылыққа балаумен,
Сетінеген жерің болса жүремін,
Дос-дұшпанға білдірместен жамаумен.

Жеріп кеттім дүниекоңыз тірліктен,
Желімденген жасандылық бірлікпен,
Тізбектеліп жетектелген тағдырлар
Байыз таппай, тағат таппай сүрліккен.

Қызыл көрсе қырындамас жан бар ма?
Ұқсайды ғой адамдар да аңдарға,
Біреуінен қасқыр көрем ашқарақ,
Екіншісі – қорқақ қоян орманда.



Бүркеп жанды кокыс күлі күндердің,
Ақиқатты ақ таңдардан тіледім,
Армандарын күлы еткен көмейдің
Ортасында қалып әбден жүдедім.

Ғажап сәуле дiр еткiздi сезiмдi,
Жақындатып ұмыт қалған кезiмдi,
Бейнетi көп, зейнетi аз күйбеңнен
Аршып алсам Сенi және Өзiмдi!

* * *

Тiршiлiктiң түнерген бiр шағында,
Дос болып та қала алмадың жанымда,
Бәз бiреудiң күлкiсiне алданып,
Өзгердiң тез қалайша қас-қағымда.

Менi алып санадың да алпамса,
Оны гүл деп үсiп кетер қар жауса,
Асқақтығым көрiндi ме айбаттай,
Сағы сынды-ау көңiлiмнiң балауса.

Жыр толғаған жүрек қалды жаралы,
Алынған соң берiк деген қамалы,
Өз басыма лайықты бақ бермей,
Тағдыр менi қайда алып барады?

Көрiнгенмен көп алдында жайдары,
Мен бiр мұңлық бiлмей өскен айланы,
Жанарымда мөлтiлдейдi пәк сенiм,
Бәз қалпында бұзылмаған қаймағы.

...Екi жүздi, құбылмалы қу жалған,
Сияқтысың сынақ-сыннан құралған,
Бiр түскен соң уысына нәпсiнiң,
Босатпас өл шыққаныңша құмардан.

* * *

Иландым жалған сөзіне,
Кектеніп ешбір көргем жоқ.
Күліп те тұрып көзіне,
Сыртыңнан осек тергем жоқ.

Шалғайға өттім жармаспай,
Шала боп бықсып жанбадым.
Жағаға ғашық жартастай,
Ансаудан сені танбадым.

Өтуді ортті өткелден,
Жазыпты маған. Құдайым,
Бұйырмай ықылас көктемнен,
Жұбаныш күзден сұрайын.

...Жараспай күн мен түн бірге,
Керісіп кетті мың жұлдыз,
Көктеуі жанның мүмкін бе,
Жан-жағы болса қалың мұз...

* * *

Кесірлердің бәрі келсін бір маған,
Мен өзімнен ездiк тапсам, арланам,
Оршелентпе, күйіп қалып өкінбе,
Себебі, мен от — сезіммін лаулаған.

Жүрегімді күлге талай аунаттың,
Ызғарыңмен жанды бүріп, жаураттың,
Тыныс алып бүгін тұрған тіршілік,
Білесің бе, жапырағындай бау-бақтың.

Үйірмедің, үйретпедің, күйреттің,
Қаншама рет тілімді де күрмелттің,
Бәлкім, тағдыр көрсін деді бәрін де,
Жылдар бойы күр кеудені сүйрептің.

Бір келері сөзсіз еді жарқын жаз,
(Әлі ешкімге айтпашын да артық наз).
Жүрегімді билеп алып, үйіріп,
Тербеп кетті кенеттен бір шаттық саз...

* * *

Қара шыбыннан, қара бұлттан,
Мазам кетті менің, мең-зеңмін.
Маңайдағы қара құлыптан,
Ауру болғанымды сеземін.

Арамыз жақын, аттай алмадық,
Үрке береміз біз у-шудан,
Аз күндерді үнсіз жалмадық,
Амалсыздан түсті үнжұрғам.

Күнкіліне де карамай көптің,
Жүрермін деуші ем аспандап...
Қозғалмасын басы деп шөптің,
Арманымды жүрмін астарлап.

Қашанғы күндер осылай өтпек,
Күрсініп те қалды-ау наз - өмір.
Оңменнен өтіп суық жел өкпек,
Қырауланып жатыр жаз - өңім...

АҢЫЗАҚ

Алқына соғып түр аңызға,
Соға түс тағы да, таң ұзақ...
Көңсіген керімсал көңілім
Желпінсін өзіңмен азырақ.

Ұқсаймыз екеуміз керемет,
Жасаймыз ұнамсыз әрекет,
Мазасыз болған соң мінеки,
Жұртқа да көріндік бәлекет.

Бейғамдық айналса әдетке,
Күйындар, әрине, қажет те...
Тындырмай ешнәрсе жүрмін деп
Түсіп-ақ жүремін әлекке.

...Көп жанның қашырып ығырын,
Шығарып талайдың былығын,
Ыстық жел ысырып құмдарды,
Арттырып барады қылығын.

* * *

Жете алмадым мен әудем жерде тұрып,
Ілулі түр жолымда үлкен құлып,
Жетегінде қара күш кетіп барам,
Еңсем түсіп, езіліп, діңкем құрып.

Хабар алмай кеттің сен, хал сұраспай,
Үшқын от бір-біріне кетті ұласпай,
Шөліккеп жақсылыққа жүремін мен,
Бірде ұйқасып өлеңім, бірде ұйқаспай.

Нұр жүзімді біліп ем бұлт бүркерін,
Жаркылдап көп болды мен бір күлмедім.
Ынтығымды баса алмай лажсыздан,
Амалсыздан жүрген бұл күр сүлдерім...

* * *

Ренжіттім бе екен Құдайды?
Жүрегім күнде жылайды,
Жақсы көрген жанарың,
Неге көп сонша сынайды?

Мендегі пандық жалған-ды,
Есіліп көңіл қалған-ды,
Егіліп, елтіп тұрып-ақ
Арқандағанмын арманды.



Қылығым қалды құмартып.
Мүлгіді мезгіл мұнартып.
Барады бір бақ жеткізбей
Көзімнің жасын бұлатып...

* * *

Күні бойы көздің жасы құрғамай,
Ауыр тартты санадағы өкініш.
Өткен өмір өгейлігін қозғамай,
Шыдамнан бір жасап атсам бекініс.

Құштарлығын көрсетпейтін құрбыдай,
Өте шықты көктем мен жаз жатт етіп,
Есігімді үрейлер жүр ұрғылай,
Сүй-сүйкімді сенімімді тәрк етіп.

Сыбағамды сұрамадым Тәңірден,
Сынағынан сүрінемін, білемін,
Махаббатты талап етсем Сәуірден,
Ол да маған сезінемін күлерін.

“Түсінші” деп жалынып ем жарыма,
Бұйрық беріп бұрылды да ол кетті,
Риза болғым келді енді барыма,
Қасарыспай, қабыл алып бейнетті.

... Бойымдағы бар ышқыныс үндесіп,
Өте алмаспын өртені алмай, өрлемей,
Жүре алмаймын мен, әйтеуір, күн кешіп,
Адамға тән асқақтыққа шөлдемей.

Мінезімнің түріп тастап пердесін,
Ерік бердім енді көңіл-сұңқарға,
Жауаңдатар, жабырқатып пендесін,
Жалынғым жоқ тағы тағдыр-сұлтанға.

* * *

Дауылға тосып кеудемді,
Дедім мен: “Сенлім өзіне!”
Ұшықтап көңіл – меніреуді
Ораддым кәусар кезіме.

Ашынып кеттім бір түрлі,
Жалындап шыкпай жас үнім,
Жоғалтып күндей күлкімді,
Жылаудан қанша жасылдым.

Біреуге сеніп соншама,
Түптемей, ұкпай түбірін,
Именіп кірдім ортаға
Күншілдің естіп күбірін.

Айдыны айқын болмады,
Сұңғыла еді сезімім,
Әбіржітті де қорлады,
Сүрініп қалды-ау сенімім.

Саркылмас інкәр сағыныш,
Түлейді жүрек сан күйген,
Жан дүниемдегі жарылыс
Мен үшін артық бар күйден!

* * *

Тозаққа түстім, жыладым,
Қамалып мұң-шер кеудеме,
Аллам-ай, сонша сынадың,
Қорлатып қойып пендеңе.

Кеппеді жердің көз жасы,
Табаным сыздан сіресіп,
Бұйырмай жырдың олжасы,
Өзіммен жүрмін күресіп.



Жабайы бұлттар жабылып,
Жасқаншак етті, жасытты,
Іздем сая, сабылып,
Қадірсіз күндер қажытты.

Сенейін десем үмітке,
Сырғанап кетті сынаптай,
Көрерім тек бір күйік пе,
Аңсап ем өмір жұмақтай.

Жүрер ме ем аса армансыз,
Төріне тағдыр таласпай,
Қалмаса жүрек қорғансыз,
Інкөрің тапса адаспай...

* * *

Күнәм бар ма сен өшігер кешірмей,
Бөлшектендім бүтіндей-ақ, кесілмей,
Жаншып кеттің жағаласқан намысты,
Өрлігімнің өрімдерін өсірмей.

Талыксумен талай қаңқа жыл өтті,
Бір жұмыр бас жүректі әбден жүдетті,
Жастық шақтың ләззатын да татқызбай,
Мына тағдыр бүрқасынын үдетті.

Жас шыбықтай иіп тұрып мойнымды,
Мұң мен шерге толтырды кеп койнымды,
Жүп таптым деп бар тәуірді ысырдым,
Сол жалғызым бар “қызыққа” тойдырды.

Ай да шошып сүнгіді бұлт астына,
Мына менің зар жырымнан қашты да,
Сөз айттым ғой жетек болса егерде,
Адам түгіл ерітетін тасты да!

* * *

Даурығасың соншама жиі неге,
Түсінгің де келмейді күйігіме,
Білмейсің ғой іргемнен өткен ызғар,
Қадалғанын дерт болып бүйіріме.

Батып кетті қиянат иініме,
Мен сонда да арланам илуге,
Ұқпай-ақ сен қойдың-ау бұл мендегі
Қайсарлықтың екенін түбі неде?

Екеумізді елжіреп сүйінуге,
Жазбалты ұғысуға, бірігуге,
Арзан зат арзымайды алғаныңа,
Жарағанмен уақытша үйіруге.

Қорқамын шын өзіңнен түңілуге,
Тас атудан аулақпын түбіріңе,
Әйтсе де, сен туралы таза ойлар
Бекінудің орнына үгітуде.

Даурығасың соншама жиі неге,
Түсінгің де келмейді күйігіме,
Білмейсің ғой іргемнен өткен ызғар,
Қадалғанын дерт болып бүйіріме...

* * *

Таң атқанша көз ілмедім тағы да,
Аман болшы балалардың бағына,
Тергейін деп отырғам жоқ мен сені,
Бір хабар бер, күткен жаман сарыла.

Қиын екен міз бакпастан тың тыңдау,
Түнгі дыбыс үрейлі де, дымқылдау,
Менмендік те парықсыздық белгісі,
Ондайға тән ешкімнен де қымсынбау...



Өзімді-өзім жеңіп әбден үйренгем,
Тек өлгенде кұтылармын күйбеңнен.
Ойым бұлттан арылмай-ақ қойды ғой,
Жарық күнді өліп-өшіп сүйгенмен.

Азамат деп түсірмедім еңсенді,
Сен үшін де болып кеттім белсенді,
Біздің үйдің алдындағы бәйтерек,
Мені аяп желсіз, үнсіз теңселді.

Өмір қымбат, бір-ақ рет берілер,
Талай жандар жалғызсырап еңіредер,
Уық қылып тіклесе өзін біреулер
Кергелер қайтіп, айтшы, керілер?!

* * *

Қандай күйын саған тыным бермейтін,
Көкірегінді ойнақтатып, кернейтін,
Қызық қуып, ұшып жүрсін қаңбақтай,
Шамаң бар ма қолды бір-ақ сермейтін?

Әр пенденің жетіп жатыр жұмбағы,
Қанша кісі жетесіздік құрбаны,
Өз билігің кетіп қалса өзіңнен,
Тас төбеңнен Құдайдың да ұрғаны.

Бір сормандай әуселенді көтерер,
Екіншісі қараңғыда жетелер,
Артып қойып сонша жүкті басқаға,
Ұялмасаң көш соңында кете бер.

Көп ішінде көрінбес те көлеңкең,
Сала берме әуеніңе көнерген,
Бас рольді ойнап жатыр басқалар,
Жарасаң ғой болуға сен көрермен...



Ниетіне қарап берер әркімнің,
Қамын ойла, тірегі бол халқынның,
Іштарлықпен, ішіп-жеудің жолында,
Арзандатпа құнын парыз-парқыңның.

ҮШІНШІ ОЙ

Көңіл тоймас қызық деген қызылға,
Болмашыға бұрып кетіп бұзылма,
Мақтаншақтық масайратып, есіртер,
Білгішсініп көп алдында қызынба.

Су ішетін құдығына түкірме,
Кейбіреудің кейпін көріп “шүкір” де,
Азаматтың байланысты мәнісі
Тек жан-жары жасай білер күтімге.

Обалы бар барлық тірі жәндіктің,
Киесіне ұшырайсың зарлықтың,
Ермек үшін еріккеннен жұп болсаң,
Қарғысы атсын сені аппақ жаулықтың!

ТӨРТІНШІ ОЙ

Өлімнен қорқып бір жағы,
Тайсалып және өмірден,
Адамзаттың ұрпағы,
Өтеді көз жас төгумен,
Күннен күнге шөгумен.
Жаратушы да мәрт екен,
Аз ғана ғұмыр ішінде,
Аямай “бәрін тат” деген
Үлкенің де, кішің де,
Жарамсызың да, кісің де.

Сана беріп сараптап,
Ес білдіріп еселеп,
Бір-біріне сабақтап,



Нағыз жігіт осы екен деп қаласын,
Көрген сайын оның сынтай қарасын,
Түсінесің біраз тұз-дәм болған соң,
Қуыс сана, шақша бастың шамасын.

Ебін тауып екі асардың нақ өзі,
Шыныменен соқыр екен бақ көзі,
Ештеңеге басын жатпас қатырып,
Желігумен күндерінің шат көбі.

Қосары жоқ, өзі сенен алмаса,
Есіл-дерті тек олжаны қармаса,
Нәпсісінің құлы болып еміңдеп,
Жорта берер құмары бір қанғанша.

Айшық сөзі жоқ-ау көңіл тұшытар,
Көре алмайды жақсыларды, іші тар,
Елден естіп-білгендерін желеу ғып,
Отырыста көп жүрегін жылытар.

...Қоғам болдық арзандыққа жаны мәз,
Пайымдайтын нарықтының мәнін аз,
Басымызды шүлғи берсек әр кенке,
Билеп-төстеп айтар бізге әлі уәж.

* * *

Болмасам елдеп күнәһар,
Сабырды сұрап Алладан,
Тұрғандай төніп бір қаһар,
Құтқарушы іздеп қарманам.

Өсектің оті жарылып,
Уланып ішім, күйінем,
Адами шеңбер тарылып,
Қоқсыққа батам үйілген!

Қысыр сөз шығып қылтиып,
Инедей шаншып өткенде,



Шарасыз тұрам үршип,
Осындай сәгтер көп менде.

Ашуға мініп кейіннен,
Қысылып қалам тұғықтай,
Таптым деп қандай пейілден,
Түнерем жауар бұлттай.

Жәдігөй салып қармағын,
Алдымда жылы сөйлесе,
Андамай оның аржағын,
Актарам сырды көбінесе.

Көрсем де ойды иіріп,
Икемге келіп мінез де,
Албырттық тағы килігіп,
Иланам сөзге ілезде.

Жінішке жолдан шыға алмай,
Шабынтып, қалмай шалалық,
Құлығын пенде ұға алмай,
Жетпелі-ау маған саралық...

ТІЛЕК

Ізгіліктен іргемізді жазбасын,
Інірдегі іңкәр сезім арбасын,
Ойлағанда мені, жаным, әрдайым,
Жүрек-күсың біздің жаққа самғасын.

Тазалыққа тәтті болып талайлар,
Молдірліктен іріп түссін ала ойлар,
Ыстық көңіл ықыласын паш етер,
Мен сенемін бұл тұмырда бір той бар.

Мен сенемін тоғысар деп тілектер,
Ағытылар деп әлі небір тиектер,
Жақсылықтар ұзағынан болсын деп,
Жарағушы, жұртқа адал ниет бер!

АНА КӨҢЛІ

Күлкі астында жатар, кейде, өксік те,
Қамкөңіл боп, әлде, біздер өстік пе?
Көз жасымды көрмесін деп жан адам,
Төгемін кеп мұң куәсі – көпшікке.

Аралайды жан түкпірін сағыныш,
Болып барам күннен күнге налығыш,
Күресіп те жүрген жокпын ешкіммен,
Бойымды бір билеп алған бағыныш.

Аңсауменен жылылықты, шаттықты,
Қауырсындай кеудем әбден аптықты,
Ойлап па едім жанымдағы жақыннан
Көрем-ау деп соншалықты жаттықты.

Салғаныңа, тағдыр, көндім тағы да,
Есесіне қол сұқпашы барыма,
Имансызға ұшыратпа қызымды,
Дақ түсірме ұлдарымның арына.

Не қиындық берсең, мейлі, бер маған,
Құрығың да аз емес қой салмаған,
Бүлдіршінім бүгілмесін бүрісіп,
Менен алшы, өшің болса алмаған!

ӨКПЕЛЕТІП АЛДЫМ БА?

Қиял самғап сан қырға,
Тебіреніп алдында,
Нәр алушы ем күлкіңнен,
Сөндің бір сәт жандың да.

Көнейінші бар сынға,
Бұрынғыдай жарқылда,
Еркелетші жанарың
Толып тағы жан сырға.

Тәкаппарсып қалдым да,
Өкпелетіп алдым ба?
Жүрегімді шаншыттың
Хабарласпай қалдың да...

* * *

Айтпасқа да болмас, тегі,
Мен секілді нәзік жанды,
Мен секілді ғашық жанды,
Еркелетсең болмас па еді?..

Көленке де ұзарыпты,
Жазылар деп ескі жара,
Жүргенімде жанып шала,
Көңілімде мұз қалыпты.

Шуағынды аямашы,
Сыннан әлі өтпедім бе?
Жаныңа нұр сеппедім бе?
Тондым енді, аялашы...

* * *

Артыма қимай қарадым,
Бұралып жатыр жол анау,
Күрсініп қалған, қарағым,
Өкініш орны тола ма-ау?..

Жанымнан жауып бұршақтар,
Жабырқап жүрген жан едім,
Шамам жоқ енді сыр сақтар,
Өзің бол соңғы сәлемім.

Барады семіп селдір күн,
Сергелдең жылдар жылыстап,
Қанша рет көкке телмірдім,
Берер деп жалғыз уыс бақ.

Адамшы үміт арбады,
Алмастырды да күн-түнін,
Жүректе шуақ қалмады,
Жеткізбей арман-ынтығым.

Кісінеп қарлы боранда,
Құлышпақ – жаным шырқырап,
Үздігің көндім оған да,
Жатса да ыза жұлқылап...

Артыма қимай қарадым,
Бұралып жатыр жол анау,
Күрсініп қалған, қарағым,
Өкініш орны тола ма-ау?..

* * *

Езіледі жүрегім, езіледі,
Қандай тағдыр жолымда кезігеді,
Жанымды көп қинап жүр соңғы уақыт,
Бір күні арман-күстың көз ілері.

Күздің де демі жиі сезіледі,
Шынымен оның келер кезі ме еді?
Тұлпарым бәйгеге деп мен баптаған
Ақырғы көшке бір күн жегіледі.

Сен үшін мен баяғы бәз қалпымда,
Теңсісің бірде күнге, бірде алтынға,
Сыйлаған сол бір аппақ шағаланды,
Жауратып алмасам ед тек салқынға.

* * *

Аңсауменен соншама жыл Гүлстанды,
Жүргенде жердің беті жүз тысталды,
Құр әуре болмас па екен жазамын леу,
Жүрекке түскен қалың қыртыстарды.



Атқан ба, аяулым-ау, таң тағы да,
Өзінді көптен жүрмін шын сағына,
Кіршіксіз көңліңді кірлетпейін,
Кездестің я сорыма, я бағыма.

Тамады жапырактан шырын, әні,
Неде деп ойлайсын сен өмір мәні?
Ағаш түр біз өсірген жетімсіреп,
Жасаурап шарасыздан жанарлары.

Қоғалар қалды жылап көлмен бірге,
Айтады олар енді мұңын кімге?
Шынымен кеттік пе біз бөлінісіп,
Алшақтап бір кездегі жақын ірге?

Қия алмай, көңлі боздап, көп қамығып,
Жүрегін жүр ме, қалқам, жүз ауырып,
Япырым-ай, өзі де тым нәзік еді,
Кетсе екен аман-есен тез сауығып?..

* * *

Жыр жаздым саған арнап жырақтағы,
Атуда замананың құрақ таңы,
Іргесін өмірімнің қалап едім,
Тағдырым, жүрме мені сынап тағы.

Іркіліп қалдым, міне, сөз таба алмай,
Сезімім дедектейді жан сағалай,
Көріп ем көктем күні мұнарланған,
Елес боп қалсаң енді амал қандай?

Тұлғаннан тұл тұрмыстың түгін көрмей,
Жанында шарықтадым биікке өрлей,
Өзінмен көп күнәһәр таласа алмас,
Арасы болғаннан соң көк пен жердей.

Жапанда жүрген жоклын жалғызсырап,
Көп ойлап қамықтым деу артығырақ,

Дегенмен, не жетеді жақсы жанның
Көрісіп кеткеніне халін сұрап?!

СЕЗІМ СЫРЫ

Жүрегімнің түбінде,
Бұғып жатқан шаттығым,
Болмашыға сүрінбе,
Аңкылдаған ақ күнім.

Ынтықтырып шырын шак,
Ымырт түсіп қыратқа...
Жел кеп жеңіл сыбырлап,
“Қалма, - дейді, - ұятқа”.

Қабак ашпай қамығып,
Қалды жарқын кез менде,
Самал сәтті сағынып,
Саған еріп кетсем бе?!

* * *

Үзіліп түсті үздігіп,
Шымыр шық гүлдің көзінен,
Түсіме жүрсің жүз кіріп,
Айырып тұнық төзімнен.

Булығын кетем, түншығып,
Еліктей қалған қамауда,
Иіріп күндер ұршығын,
Сағат та минут санауда.

Сілкіңтер мені шандардан,
Бар ма екен сенде бұла күш?
Арнасы жоқ құр арманнан,
Бір сәттік артық қуаныш!

* * *

Көп жұлдыздың бәрі бірдей жарық па,
Дараларын алған едік танып та,
Адамдар да сол жұлдыздар секілді
Салған болмас барлығын бір қалыпқа.

Жек көремін өрлігі жоқ өзенді,
Өздігімен табындырмас бөтенді,
Бала кезде қайтпаймын деп айтқаннан
Қаншама рет ісіргенмін шекемді.

Талай достан қашықтадым жігерсіз,
(Түйсігі жоқ жүздер кандай реңсіз),
Көрген сайын жасқаншақтың жанарын
Жүргендерді жақсы көрем жүгенсіз.

Өзім барда қалшы сен де шарықтап,
Бәрімізге керек екен анық бап,
Әзіл сөзің жүрегімді қытықтап,
Әнің кетті кеңістікте қалықтап.

Ер тұлғанды сомдай түстім жалықпай,
Қанатынды қорғап келдім майыртпай,
Енді, міне, мақтансам да болады
Бір азамат жасадым деп алыптай.

Асыл сезім асқақтатты қияға,
Сансыз сәуле тар кеудеге сыя ма?
Маңыздысын айтпай мына өмірдің
Іңкәр жүрек көкіректе тұра ма?!

* * *

Шөліккеп кейде жүремін,
Аңсаймын нені үнемі?
Қаламын шаршап, аптығып,
Арманға жетпей бір елі.



Дүркіреп дүние бүр жарып
Тұрса да, жаным мұңданып.
Сағынышымды білдірмей,
Қараймын саған үрланып.

Алдында жұрттың именіп,
Қисынсыз дәйім күйге еніп.
Қалғандаймын өзім де
Түтқындыققа үйреніп.

Жасканып жасыл шағымда,
Қалыпты сынып сағым да.
Ендігі жерде білмеймін
Тұрам ба қарсы ағынға?

Көз жасқа толып етегім,
Тілекке қашан жетермін...
Ақ ала таңым, аяулы,
Шырқыңды бұзбай кетермін.

* * *

Көңілге қонбай ешбір ем,
Мұнар басып, мұң басып,
Кездессең сол сәт қайтер ем,
Қуантар, бәлкім, жыр тасып.

Көрінші еріп көктемге,
Талай күн өтті торығып,
Көз жасты сонша төккенде,
Қайтеді кетсең жолығып.

Бұлқынып жүрек тордағы,
Арманға асқак ұмтылып,
Тұрғанмен жолы болмады,
Тұманға қалды тұтылып.

Жағада жалғыз қалғандай,
Өзімнен өзім үркемін.



Бір маған ғана жазғандай
Шыдамын сынау жүйкелің.

* * *

Қандай едің, қалқам-ау, қандай едің,
Мен аңсаған мөл-мөлдір ардай едің,
Бірге жүрсем өзіңмен самғай бердім,
Неғып, бірақ, сен сонша шалғай едің?

Күй шертеді жаңбыр да жанға жақын,
Найзағай бол жарқ етіп мені шақыр,
Екеуміз айналайық бір тамшыға,
Күйретіп-ақ күр күйбең бара жатыр.

САҒЫНАР МЕНІҢ ЕЛІМ БАР

Шапағын шашып күн күліп,
Нұрландырады маңайды,
Күлімкөз бұлақ қымсынып,
Ұрлана көлге қарайды.
Сағынар менің елім бар...

Жұлдыздар төніп жапырлап,
Қызықтап қайсар даланы,
Жатырқамай жәй жақындап
Жанарларға кеп қонады,
Сағынар менің елім бар...

Бабалар кешкен гүл- дала,
Түсіріп еске өткенді,
Ауыртып жанды Құмқала,
Ес жидық-ау снді-енді,
Сағынар менің елім бар...

Болмайды пенде мұны жоқ,
Көбі жүр елге жарымай,
Отансыз жанның құны жоқ,
Бағы да оның тарыдай,
Сағынар менің елім бар...



ХАЛҚЫМА

Түншығып тағы жыладым,
Булығып кеуде ызаға.
Елімнің мұнын тындадым,
Қарсы алып танды бозала.

Халқым-ай менің, кінәмшіл,
Қалқасын қимас қинайтын.
Қорыққанынан құдайшыл,
Әруағын, бірақ, сыйлайтын.

Бөтенді көріп жақындай,
Бауырға басын имейтін,
Нашымен сөйлеп нақылдай
Тірлікке қолы тимейтін.

Күйетін отқа ел үшін,
Қадірін достың білетін.
Сарсаңға салып серісін,
Өкініп сосын жүретін.

Байыптап көрмей мін,сырын,
Өзгеге елтіп, ендіктің,
Қырық бір қарыс қырсығын
Арқалап қалдың меншіктің.

Билікке құмар карағым,
Кез туды кәсіп меңгерер.
Биіктен жанса талабың,
Боларсың әлі-ақ кемеңгер.

Береке, құтың қолында,
Ұйқыдан енді ояндын,
Жігер, күш шалқып бойында,
Ездікті келді қояр күн.

Халқымның күні жоқ жырсыз,
Жүрегі күйден жаралған.
Айтпайды қазақ орынсыз,
Рухы сөзден нәр алған!

Найзамен баба қорғаған
Елімнің ерен егесі,
Қайраттан, халқым, бол аман,
Даламның алып кемесі!

* * *

Жамау-жамау шұбар бұлт,
Күрсінтуте құмар бұлт,
Қандай ақтың қалып ед,
Жерді сонша тұман ғып?

Буаз ба едің, бу ма едің,
Нұрды неге күндедің?
Жек көрген соң мен сені
Күні бойы күлмедім.

Жойдың жарқын шаттықты,
Самал-үндер қарлықты.
Арылғым кеп зіл-мұңнан,
Аштым сырлы сандықты.

...Күй төгілді күмбірлеп,
Ақ тостакқа шүмпілдеп,
Томпаңдаған тамшылар
Би билейді бүлкілдеп.

Мен қуандым балаша,
Шарбақтағы алаша
Бар кірінен арылып,
Жайнайды-ау деп жаңаша!

Нөсер, нөсер, құя бер,
Бұғып жатқан ұяң ел,
Көк нұрына шомылып,
Болар ма екен қыран-ер?!

* * *

Көрінген бір кез тау болып, белес белдерім,
Сағынып жүрмін, сендерді көптен көрмедім.
Еркелеп ескен самал жел еске түскенде,
Қапырық қала ішінде тұрып тербелдім.

Мұнайып, жасып, уайымнан егер саргайсам,
Қайсарлығыңмен, тазалығыңмен алмасам,
Дауылға дүлей мызғымай төтеп жататын,
Тереңге тартқан тамырларыңа жалғасам.

...Нәсерлі сол шак, енесің жиі түсіме,
Қояндай қорқақ қызды ойлаймын күрсіне,
Үркітін мені тасадан әрбір шөкелеп,
Торитын бала аман да, есен жүрсін бе?

...Көргенде бізді ақ күйін жынын шақырып,
Қашатынбыз кеп даладан үйге бақырып,
Сезбеппін сонда қылығын тентек күйіннің
Әкелерімді жан дүниемде жасырып.

...Ай менен қауын тілігіне көп тамсанып,
"Таптым,- деп,- керім ұқсастық", жұртқа жар салып,
Қуанып жүрсем аптығып, атам бейіті
Сондай бір аймен тұрып еді ғой қарсы алып...

... Шашағандай ма шағала-ойлар кеудемде,
Тарылғандай ма өмір атты шеңбер де...
Сәулесі айдың отнестей етіп өңменнен,
Аямай топырақ салыңдар мені көмгенде.

* * *

Қатталыға қор қылмашы, Құдайым,
Несібемді бір Өзіңнен сұрайын,
Ақша бітсе ақылсызға алшаңдап,
Әкелелі қалың жұртқа уайым.



Дүние буы мастандырып, марқайтып,
Бүкірлі де қоятыны-ай шалқайтып,
Қуыс кеуде толып кетсе күнәға,
Қонақтасын лас жерде Ар қайтіп?

Алқымынан ала түсіп арылдап,
Алаяқ түр танауынан танқылдап,
Пасықты да патшадай ғып паңданып,
Қойғаның-ай, жарық дүние, аңқылдақ.

Қадірсіз боп кара пұлдың жоғынан,
Ибалы жүр еріп көштің соңынан,
Күн бар ма екен адал жанға туатын,
Жылпостардың құтылатын торынан?

Таптап кетті-ау бір опасыз намысты,
(Ақ көңілге кесір қайдан жабысты).
Қолы қысқа қор боп қалды егіліп,
Окпесін кел бір өкшелі жанышты.

Бар ізгіні пұлға теңеп, желініп,
Әлсіз жанның алдына кел ерсініп,
Кесепаты кеңістікті керіп тұр,
Аспанды да тұрған жоқ ол менсініп.

Мен сенемін киелі деп көз жасы,
Көңіл, шіркін, күні бұрын тозбашы,
Өмір болса, көрерміз-ау әлі біз,
Белгілі ғой күннен түннің озбасы.

Санасызға салмақ берші, Жаратқан,
Жанырмасын кара күшпен ант атқан,
Саяна алшы самал жүрек жандарды,
Қырыққызбашы ұшпай жатып қанаттан!

* * *

Аспаннан жауып нұр бүгін,
Бетімді бұрдым бақытқа.



Намысым түріп түндігін
“Айналма, - деді, - табытқа”!?

“Таптатып таза арыңды,
Не болды, - дейді, - құл болып,
Естімес ешкім зарыңды,
Қаласың көктей құр солып”.

Әттең-ай, әттең, әттең-ай,
Есімді жидым кештеу мен.
Шындық деп сенген қатем-ай,
Күндер-ай, өткен еңіреумен.

Есіркеп жүрек, елжіреп,
Орынсыз жеді жұдырық,
Сезімім қалды тентіреп,
Болмысым шаршап, болдырып.

Биікке самғат рухымды,
Сауабын алшы жанымның,
Мына өмір сондай сүйкімді,
Куәсі бол арай таңымның!

ЖҰЛДЫЗДЫ ӨМІР БИІКТЕ

Абай рухына

Жаныңыз жай тапты ма, Жарықтығым,
Қасында кілен жайсаң рухтының,
Пушкинге қазақты айтып күрсіндіріп,
Гетені, бәлкім, және қамықтырдың.

Шығыстың шайырлары сәуле шашып,
Хайям, Хафиз алдында сырын ашып,
“Бір Алладан басқаны сүю болмас”,
Деді ме күнә артқан аузын басып.

Қалды ма Байрон, Шелли рахаттанып,
Құтылып жер мұңынан, қанаттанып...



Жок, әлде әр ғасырдың алыптары
Онаша жинала ма сарапталып?..

Сізден соң кеткен еді қанша Аға,
Қазақтың жүрегінде қаптан жара.
Өзіңіз бастап салған сокпақтарды
Кеңейтіп келе жатыр кара бала.

Ақ нұрдай құс жолында жайраң қағып,
Жүрсіз бе інілерді қарсы алып,
Мағжаның, Әлиханың, Ахметін де
Қосылған да шығар-ау Сізге барып.

Қазіргі кейпін айтсам жұртыңыздың,
(Бүтін-ақ, бәрі жақсы сыртымыздың).
Бірақ та тоңазиды, көңіл, байғұс,
Көргенде кей мінезін ұлтымыздың.

Менсінбей, Ана тілін — қазынасын,
Қажытса халқың, кімге шағынасың.
“Үйрен” деп көп өсиет айттыңыз-ау,
“Жирен” деп енді болдық жалынатын.

Өтпелі кезең осылай селдете ме,
Келесі жылдар еніп, шер кете ме,
Дәуірдің өткелінде әр жақсылық
Өзіне ынтықтырып шөлдете ме?

Аян гой сізге ғасыр соңғы лебі,
Өзіңіз дүлей күштің зор түлегі.
Жатса да сонша заман арамызда,
Жүресіз жанымызда бірге үнемі.

Биіктен жұлдызды өмір жарқырайды,
Елінің әрбір сәтын бақылайды.
Қалам ұстап отырған менің қолым,
Сізге ұнар жыр іздеп қалтырайды...

* * *

Аяп кетіп шыршаларды шак тұрған,
Дауыл келіп ақ шәліні лақтырған,
Көкке ұшырып ұлпа қарды көпсітіп,
Аумайды екен асау ақпан Ақыннан.

Жан түкпірім жаңа түткен түбіттей,
Сені маған жетелеген үміттей,
Жаурап қалды-ау балапандай бақытым,
Өз басымды жүргенімде күйіттей.

Мен елітер шексіз елі пәк әлем,
Армандарды асқақтатар ақ ән ем,
Шарықтатсаң жыр – күймемен ағытып,
Мен өзінмен Алла алдына барар ем.

Тілер елім Тәңірімнен сен үшін,
Есеңгірен, еліңдеген ел үшін,
“Бар күнәні мен мойныма алайын,
Тек жұртыма бере көрші қол ұшын...”

Аяп кетіп шыршаларды шак тұрған,
Дауыл келіп ақ шәліні лақтырған,
Көкке ұшырып ұлпа қарды көпсітіп,
Аумайды екен асау ақпан ақыннан...

* * *

“Алла!”, - деп жаздым ақ қарға,
Тәңірім көзін салсын деп,
Аласып жүрген ант, арға,
Қаһарын төгіп аласын деп.

Жердегі көріп жанжалды,
Көк әлем көңіл бөлсін деп,
Бұйыртып бұла таңдарды,
Оркендеп өңір өңсін деп.

Аспан боп жүрген көкірек,
Аласарып бір көрсін деп,
Тұлымын қиған төңірек,
Өсіріп бұрым орсін деп.

Сіміріп нұрды тау, өзен,
Мейірімге жұртым қансын деп,
Өзіңе, Тәңір, тәу етем,
Шырағы елдің жансын деп...

ӘЙЕЛ МОНОЛОГЫ

Дүрелеген дұшпандарға дес бермей,
Азулының айбатынан сескенбей,
Ар жолымда ақ жауындар жарылқап,
Өтсем деймін еш пендеге кектенбей.

Тартысы көп, айтысы көп өмірде,
Шырылдаумен қанша жүрек сөнуде.
Сыбағамды алмадым деп еселеп,
Кейбіреулер Құдайды да соғуде.

Бар жақсылық келе бермес бір басқа,
Әр пейілге арналады жыр басқа.
Кезегімен келіп тұрар қайғы, бақ,
Күндеріңе көгерендеп күл шашпа!

Ұлы күрес жүріп жатыр санада,
Көңілдер де түсіп біраз сабаға.
Қуат берші, қасиетті нұрлы күн,
Адамзаттың ақ тілегі – Анаға!

* * *

Жел тербетіп бұтақ пенен шымшықты,
Шыршалардан шырын шықты, үн шықты.
Менің құштар көкірегім оянбай,
Неге сонша жылдар бойы түншықты?



Дыбыстарды қағып алып қара күш,
Көк екеуміз тіл қатыспай қаламыз,
Жүрегіме кенет сүнгіп жұлдыздар
Аспанменен жақын болды арамыз.

Бойлап жүзіп кеңістіктің түбіне,
Құлақ аспай жердегінің үніне,
Көргім келмей көп пенденің ылаңын,
Ұшып жүрем саф әлемге күніге.

Ең аспанда еңлік гүлі өспейді,
Бүркітпін деп және ешкім бөспейді,
Ажыратып, әуре болып жатпайсың
Ақ, қараны, көлеңке мен төскейді.

Күміс нұрмен шомыласың шаттанып,
Бар сезімді бір Құдіретке ақтарып,
Еркелейсің, еміреніп, елжіреп,
Қорықпайсың ештеңеден сақтанып.

...Ал, бұл жақта сұмдықтар жүр жұтынып,
Жақсылық жүр жамандықтан ұтылып,
Тұл тұрмысты бөліп алсын бөрілер,
Мен кетейін бар күйбеңнен құтылып...

* * *

Жаралама жанымды жарға ұрып,
Шаршадым-ау шаршыдай шаттық таппай,
Түнегінде тірліктің күліп жүріп,
Тепкісінен домалап күр қаңбақтай.

Қара дүрсін мінездер сапырысып,
Бір-біріне бой бермей, тізгінделмей,
Көк ормандар көңілде қалар сыңсып,
Хак Тәңірі көмегін және бермей...

Оралар ма оңтүстік армандарым,
Оқыс қалай өзгердім өзім білмен,



Бұрынғыша қиялға алданбадым,
Тазшалардан тазарды енді іргем...

Саумал іздеп сабылдым сүттей түннен
Сағаладым сап-сары сартап күзді,
Сынай бердің, о, өмір, арбап үнмен,
Жағалатып қойдың да жартас-күзды.

Өтеді ғой, кетеді кермек кездер,
Жоғалтқанды сенімін салқын ұрып,
Жердің тосін қаптаған сансыз іздер,
Ашылмайтын, бейне бір, жұмбақ-құлып...

* * *

Бірде қол боп жүремін. бірде шөл боп,
Жарқын жазды мұңлы бұлт кейде қолбеп,
Сұқ көздердің қаламын орамында,
Армандаған қияға шықпай өрлеп.

Айға берсін, мейлі жұрт, аңыздарын,
Сезінгендер түсінер жап ызғарын,
Шыңырауға құламай жүрсем егер,
Жүректеті бұла күшке қарыздармын.

Кету деген оңай ғой қолды сермен,
Іңкөрлікті аяулы таптап, жерлеп,
Не істейсің, бірақ, өршіл намысыңды,
Тепкісінде тірліктің қалған еңіреп.

Ойсырату ерлік не ойсыздарды,
Қорғансыздың жаны тым көп сыздады,
Жарық бермей ешкімге жымыңдаған,
Жыпырлаған қайтейін жұлдыздарды.

Асқақтық бар, білемін, дара тұрған,
(Сондай күйден нәк әлем жаратылған),
Қауышып-ақ аспанмен кетер едім,
Қырықласаң сен келіп қанатымнан!

* * *

Арманға асқак жете алмай,
Жан-жағым толып мұң-шерге,
Арымнан аттап кете алмай,
Кірем-ау түбі бір көрге.

Жанымның болмай түк емі,
Қорғаным шықпай тұрақты,
Махаббат бермей бір елі,
Тұмарсыз тағдыр жылатты.

Қызғаныш деген қызылкөз,
Ошақты кетті ойрандап,
Қырсық боп түлеп қысыр сөз,
Соңымнан ерді шойнаңдап.

Бекініс жасап шыдамнан,
Шыңдалдым шамам келгенше.
Кім шығар дейсің кұмардан,
Бұл өмір — ойын ендеше...

Себелен нұры сананың,
Келіп ед салғым сара жол.
Көп екен, Алла, амалың,
Сына да, өзің пана бол!

* * *

Обалды білмеген онбайды,
Өмірдің заңы бар тым қатал,
Күнәсі өзін кеп қорлайды,
Сол кезде сор дәмін мың татар.

Керлеңде, керліп созыл да,
Кеміріп қалжасын жалғанның,
Бәрібір азғын да, озбыр да,
Әйтеуір, шайнайды бармағын.



Жақсыға сұктанар сұмпайы,
Жоқ іздеп жұлынған жуандай,
Келсе егер шағудың ыңғайы,
Уытын шашады жыландай.

Күш алып, ісініп-кебініп,
Жалақтап, тепсініп шығады,
Бәрібір пәктіктен жеңіліп,
Сүмпиіп, үрпиіп тұрады.

Аяйды айласыз, ай маңдай.
Қайтадан түседі құрыққа...
Ақылы жоқтан без шайнамдай,
Имансыз – шіріген жұмыртқа!

* * *

Азабын беріп өлеңнің,
Қызықты менен жасырып,
Тағдырға мынау не дермін.
Айласын қойған асырып.

Аздан-ақ тауып қуаныш,
Жүрер ем күліп, жайрандап,
Көкпен бір жетіп бұла күш.
Жатпаса жанды ойрандап.

Жуас та болып жусар ем,
Толықсып сенің жаныңда,
Қылығыммен-ақ түсар ем,
Жасалар жайың, бабың да.

Бірақта бітіп дәрменім,
Жырларым қалып құлыпта,
Тигенмен саған жәрдемім,
Мың жүрек батар түйыққа.

Өмірден өріп олеңді,
Өзегім талып жүргенде,

* * *

Көкке бір ұшқан көңілге,
Көрікті болмас жер көркем,
Себебі, оның өмірде,
Жанына жақын жоқ екен.

Бар екен туыс, жамағат,
Балалары да, жары да,
Бәріне сыйлап шапағат,
Жүріпті өзі қамыға.

Өтіп те жатыр бөз күндер,
Бозалаң тартып маңайы,
Байқаса – кілең өршілдер,
Момыны өзі баяғы.

Арсын да гүрсін мінездер,
Міндеттер алған жабысып,
Бірінен бірі мін іздер,
Бірімен бірі алысып.

Сүрердей өмір мәңгілік,
Ұғысуы аз әманда,
Қанағатсыздық, қарсылық,
Көбейгеннен соң оңар ма?

Жер басып жарық дүниеде,
Жүргені бақыт десе де,
Мініп ап күміс күймеге,
Жұлдызға тартып кетсе ме?..

Көкке бір ұшқан көңілге,
Көрікті болмас жер көркем,
Себебі, оның өмірде,
Жанына жақын жоқ екен...

* * *

Жылаңқы мына өмірдің
Бітпей де қойды жауыны.



Қисайып бөркі бөрінің
Азайды көңіл сауығы.

Қалампыр қалды қуарып,
Жүректі бір кез өртеген.
Сезімдер семіп, суатып,
Күнәға баттық белшеден.

Қарайып қаны пенденің.
Сыланбай сұлу керліп,
Құлы боп тиын-тебеннің.
Замана кетті желігіп.

Өжеттік өксіп жаншылған,
Өкшесі өткір бұл күнде.
Қайсар сол менің қаршығам,
Аман да есен жүрсің бе?!

* * *

Бұлт торлаған көңілді,
Бозторғай келіп тулатып,
Сыркатқан сынық сенімді
Армандар жүрсе жұбатып...

Сауабын алсам деп едім,
Сарсаңға түскен жандардың.
Самалын жұтсам деп едім,
Кешігіп атқан таңдардың.

Огей боп мына өмірге,
Құдайым, сақта кетуден,
Шығуым керек төріңе,
О баста солай бекінгем.

Жалындап тұрған жас шакка,
Үйірдің, тағдыр, қамшыңды,
Салғың да келді-ау мазаққа,
Амалың, бірақ таусылды.



Дауысыға дүлей қайыспай,
Күтімдеп тұрдым қасқайып,
Екенсің, өмір, сайыстай,
Шенберден, бірақ аспайық...

* * *

“Дүниеде ақындардың бәрі жалғыз”
М. Мақатаев

Жүрегімнен жүрмін ойып өлеңді,
Әрбір күнім соңғы сәтке теңелді.
Ішімдегі жалын ортеп бойымды,
Антабынан еріндерім кезерді.

Кетерімді сезгендіктен ертерек,
Қалғым келер, бәлкім, саған еркелеп,
Мен өзімді қызғанамын өлімнен,
Қара дәудей жетселейтін, желкелеп.

Обатына қалып, қайран, сан кештің,
Омалғандай бір орында, хал кештім.
Құрбандыққа шалып шадыман шаттықты,
Бой көтеріп сергіген де емесің.

Тауқыметті үйіп берген, Құдайым,
Әр мұңлыққа жаным ашып ұдайы,
Жүргенімде жүректерге жол іздеп,
Мені ұғатын жоқ-ау жұрттың сыңайы.

Ақын жанын түсінетін жан қайда,
Молдір сәтін ол да маған арнай ма?
Мазасыздау мұндарымнан мезі боп,
Әлде, қашып кетер ме екен шалғайға?..

* * *

Сығымдап сыршыл сырбаз әлемімді,
Қара күш асыртпады дәлелімді.



Жүремін амалсыздан айырбастан.
Санасызға саф самал сөлемімді.

Өзімшіл деп көктегі көркем аңды.
Жактырмай жұлдыздар да табылайды.
Ақиқатты астарлап, мың құбылтқан
Күншілдерді көңлім қаламайды.

Алу жоқ, тек беру бар бағытымда.
“Пәк екен ниетім де, шабытым да”.
Дер едім, мені өксіткен өкініштер
Тамшы боп қалса егер табытымда.

АДАМ ТУРАЛЫ ОЙЛАРДАН

Еш шеңберге сыймайтын,
Бірін бірі қинайтын.
Жасыл көрсе жәудіреп,
Жан сезімін сыйлайтын...

Ой-санасын көпсітіп,
Өмір жасын өксітіп,
Қателерін кеш ұғып,
Жақсылықты көп күтіп...

Белді буып бекініп,
Шикылдап кеуіл-кекілік,
Мызғып жатқан маусымның,
Мазасын мүлдем кетіріп.

Алдын алып апаттың,
Тауысып таңын тағаттын,
Уақыт – тұлпар үстінде,
Қалқиып кетіп бараттын.

Нәзік те мұңшыл, пендем-ай,
Құлайсын кейде керден-ай,
Оқасы жоқ таяқты
Жесең туған жерден-ай.

Сырттылы саткын сағаттың,
Сыбағанды түр санап тым,
Айтшы, менің сауаттым,
Ар алдында жауаптым,
Балапандай жүрекпен,
Дәуірді мына алпамса,
Өзіңе қалай қараттың?..

АЙБАТЫМ-АУ, ТЕНТЕГІМ, ТЕТЕЛЕСІМ

*Бауырым Серікбектің
рухына*

Айбатым-ау, тентегім, тетелесім,
Көгерткен керегенің косегесін.
Жастайыңнан жетімдік көрген соң ба,
Әйтеуір тым еретерек есейгенсің.

Өзіңді бар қызықтан тежеп жүріп,
Өмірдің шайпауынан іштен тынып.
Тірегі болып қалдың шанырақтың,
Қарсы алдың қашан келсек, күліп тұрып.

Сен едің әкеміз де, ағамыз да,
Нұр күйдың, жас та болсаң санамызға.
Кіші деп ойламадым мен де сені,
Жеті жас жатса-дағы арамызда.

Ауылдың күйіп-пісіп жағдайына,
Бататын әр қиянат шымбайыңа,
Бізді бір күтқарушы күштей көріп,
Қанықтырып қоясың мән-жайына.

Сыйлы едің туысқа да, бар маңайға,
Қырыққа да жетпедің, шара қайда.
Жақсының кететіні-ай сонша ерте,
Жамандар құрбандыққа жарамай ма?

Жатырсын төмпешік боп күшын жерді,
Тынықты көкірегің мұң мен шерлі.

Әрқашанда сана-сезім жарасып,
Бір-біріне адам жүрсе жаны ашып,
Мейірімдерден қуаттанып, нәр алып,
Мөлдірейді сәби дүние – қарашық!

* * *

Толастамай тасқыны сел-сезімнің,
Өкінішін ойлап өткен кезімнің,
Жылдарымның парактарын жыртқым кеп,
Келеді бір жеңілденіп көз ілгім.

Сонша аңқау болармын ба балаша,
Өмір мынау көрінетін тамаша,
Бар сырымды, бар шынымды ақтарып,
Аңқылдаппын біреу елеп қараса.

Жарқылдаппын жалыныммен күйдіріп,
Көпшіліктің қызғанышын үйдіріп,
Асып-тасып кетті деп те біреулер,
Тағдырыма кіріп кетті қилігіп.

Араласты сыбанып ап білекті,
Талқандады қанша ізгі тілекті.
Бәрінен де қиын болды-ау ауыртып,
Тілім-тілім еткендері жүректі.

Сонда-дағы буырқанып бой бермей,
Терең-терең тұңғиықтан ой тербей,
Өтемін-ау осы өмірден бәрібір,
Жаман адам бар дегенге мен сенбей.

Бір ашынын, бір тұщысы бары анық,
Адамзаттың жан дүниесі жаңарып,
Жаңа ғасыр жақындатып ғарышпен,
Жер бетінде жойылса екен аталық.

*“Скелеты свои люди в шелка завернули,
Глядят на цветы”.*
(Тие, древн. японский поэт, IX в).

Малынған алтынға, жақұтқа,
Тігісін жатқызып жалғанның,
Жүргендер жеттік деп бақытқа,
Білмейді-ау көз жастың салмағын.

Байлықты таза деп кім айтқан,
Құралса қарғыстан о бастан,
Мал үшін біреуді жылатқан,
Құлайды бір күні оңбастан.

Тайрандан, талтаңдап жүрген ұл,
Бақ көріп дүниесін әкенің,
Сезбейді-ау бүгін — нұр, ертең — тұл,
Бар дәулет бұйырмай кетерін.

Құт келсе қайырмен, иманмен,
Береке, абырой асырар,
Ешкімге тигізбей жиғанмен,
Оп-оңай көр байлық шашылар.

Жақтырмас Жаратқан аярды,
Өйткені өзі кең, мейірлі,
Ғұмырың болсын деп баянды,
Босатсай тұсалған пейілді.

Малынған алтынға, жақұтқа,
Тігісін жатқызып жалғанның,
Жүргендер жеттік деп бақытқа,
Білмейді-ау көз жастың салмағын...

Үйрену керек барды бағалауды,
Сөз саптап ақыл-ойды саралауды,
Кесапат жоламайды кесірсізге,
Қою керек жұртыңды табалауды.

Тәлімі азған елдің бар әдеті,
Сыртынан суыртпақтап, сөз теретін.
Өсекке құмар болмай, іске жүгін,
Дүниеде аз ба кәсіп менгеретін.

Баршылық арқасы ғой, алшаңдаймыз,
Бұрылып айналаға зер салмаймыз,
Барып та басқа елге күн көрер көп,
Біз, бірақ, бөтендерше кете алмаймыз.

Әркімнің қимасы бар бұл тірлікте,
Ол – Отан тербетілген көкіректе,
Бабатар мейірімі таңба-сынды,
Басылып қалған жоқ па әр жүректе.

Бірегей халықпыз біз қарға тамыр,
Сақтардан басталады Ата-дәуір,
Қанымен жанын берген туған жерге,
Бар қазақ бір-біріне туыс-бауыр.

Үйрену керек барды бағалауды,
Сөз саптап, ақыл-ойды саралауды,
Кесапат жоламайды кесірсізге,
Қою керек жұртыңды табалауды!

КЕҢЕС ДӘУІРІНДЕ ӨМІР СҮРГЕН ҚАРТТЫҢ МҰҢЫ

“На совести усталой много зла”.

А.С. Пушкин.

(из “Каменного гостя”)

I

Тірегім бол, тәлтіректеп әрең жүрмін,
Жанып біткен ошақтағы мен бір күлмін,
Тамырыммен қопармаса екен қаһар,
Қайталанып жетпіс жылғы қырғын-сүргін.

Үрейлерден үркіп қалған жүрек — байғыз,
Көңлімнің әйнектері айғыз-айғыз,
Отырамын сәл кешіксе үйдегілер,
Хабар келіп қала ма деп әлде жайсыз.

II

Қатап тағдыр аямай жазалаған,
Үрпақ едік Алланы мазалаған,
Сендер көрер жарық па, кім біледі,
Қиянат, қияметтен тазалаған.

Бұл пенде шыдайды екен Құдай жазса,
Аштықтан азып-тоздық арса-арса,
Қазанда қазан болып қала жаздап,
Қырылдык отызында жөне малша.

Қыркыншы жылдар келді борап оғын,
Тағы да қалды халық жоқтап жоғын,
Кейін де жан сақтадық үн шығармай,
Жондырып арқамыздың жота-жонын.

III

Азғындап күні үшін арын сатқан,
Күнәға белшесінен аз ба батқан.



Үркітіп, қорқытудан айла асырып,
Үкімет саналыға құрған қакпан.

Кеткен соң бас көтерер не бір ерлер,
Ел қайтіп тез арада кемелденер,
Соғыс пен қасіреттен аман болсақ,
Жаксы мен жайсандарың өсіп-өнер.

IV

Мына көз көп сұмдықты көрген еді,
Жүректе не бір бейне тербеледі,
Ерлердің кешегі өткен рухтары
Ұрпаққа талай әлі дем береді.

Құтылып кетейінші парызымнан,
Кезеңнің құрбанымын сағы сынған,
Берейін мен батамды еліме арнап:
“Аларып, қалма айрылып арысыңнан!”

* * *

Қуат кеміп, көбейіп мүлдем бұлт күндер,
Өтті бастан көп жәйіттер күрсінтер,
Анда-санда біліп қоймай халімді,
Бауырларым, сағындырып жүрсіндер.

Өздеріңе көп қой шертер сырларым,
Пенделіктің көрдім не бір қырларын.
Дауыл келіп сабалады жанымды,
Майыстым да, шүкір, бірақ сынбадым.

Өзексіздер ортасында шырылдап,
Озбырлықтан жаным, тәнім шымырлап,
Мына өмірден кеткендей ем түңліп,
Бір Аллаға мұң-шерімді сыбырлап.

Уақыт – емші айықтырып сырқаттан,
Сейілдірді ойларымды мың батпан.

Мен ұмтылған тазалықтың әлемі,
Мейірлене кеңістіктен тұл қатқан:

“Езілмеші, есебі бар тірінің,
Көргендерің жолдары ғой жырынның,
Сүйген құлды сынай түсем демеп пе ем,
Мұның бәрі саған берген ілімім”...

...Дос-дұшпанды бір Тәңірге тапсырып,
Жүрген сайын келіп жатыр жақсылық.
Көңілімде кірбін қалмай нұрланып,
Тілеп жүрем ел-жұртыма мәрттілік.

ЖАҚСЫЛАРҒА

Дауа бар ма ымырасыз тағдырға,
Шыныменен қимасың боп қалдым ба?
Сен қарайсың мөлт-мөлт етіп жанарың,
Менің жаным тірелгендей алқымға.

Бар-ау небір таңқаларлық сән тұлға,
Әдемілік шыдамсыз ба салқынға?
Сыйлап тұрып қазынасын табиғат,
Аямастан салады екен сан сынға.

Өрімінді өктемдікке қидырып,
Қанатыңды ұшпай жатып күйдіріп,
Жүрерсің-ау жона-жона жолыңды,
Келсап-кезге арманыңды түйдіріп.

Орны толмай орғып өткен оқ сәттің,
Құрбан көңіл! Жомарттықты жоқтаттың,
Мен астамдық жасап кетсем кей кезде
Тәубеме сап, толастатып, тоқтаттың.

Болғым келіп көрінгенмен тым қатты,
Кобелек-қиял желіктіріп, құлатты,
Қиянатым білместіктен жасаған
Өзімді әбден ұмытпастай жылатты.

Ұмытшақтық парызымды ұрлатты,
Жандар кетті жүрегіме қымбатты.
Оқпелерін айтып маған о жақтан,
Жан-жарамды қайта-қайта сыздапты.

Арымды аршып ағаттықтар астынан,
Айралғым жоқ енді қайтып жақсыдан.
Жүрсе екен деп әрдайым сен жанымда
Қайта-қайта апама пал аштырам...

* * *

Үзіп тастап бар шылбырды тұсаған,
Арыламын мен бір күні құсадан,
Қоңғимді қырсық мұннан тазартып,
Сенімімнен қайтадан мен күш алам.

Мен көтерген жүкке әркім шыдамас,
Көп пендені тағдыр бұлай сынамас.
Биік жардың шетіменен жүргендей,
Үрейменен үміт кейде аралас.

Аяғымды қия бассам құрыдым,
Артымда тұр жәутендеген құлыным.
Сондықтан да бес тағдырды арқалап,
Сақтап келем иманымның тұнығын.

Ешбір жанның қорлығына көнбеспін,
Намысымды өлмей қолдан бермеспін...
Бірақ, бірақ ... күрмеулі өмір тым қысқа,
Бар дұшпанмен келді бүгін еллескім...

Жүзге келген жандар бар, көргенін де айта алмас,
Ең болмаса өмірден алғанын бір қайтармас,
Сол өзінің илтіп иіндерін талдыртқан
Жырды, селдей ағылтқан, айтыңызшы, қай Парнас?

Жолбарысың жаныңда, жоламаған жамандық,
Алла өзі жаратқан әр ұлыны дара ғып,
Дүркіретіп тойыңды, әруағыңа бас идік,
Жырың, Жәкем, ұрпаққа мәңгі болсын тәбәрік!

* * *

Жазы алмасып қысымен,
О, өмір неткен қызық ең...
Сәуір сәт сыйлап қуаныш,
Қысыр күн басты мысымен.

Тұрғанмен кейде құлшынып,
Болмашы жерден шу шығып,
Жақындап қалған арманға
Жете алмай үнсіз күрсініп.

Жүремін ылғи өрт құшып,
Дәрменсіздіктен дерт ішіп.
Ашу мен ақыл арбасып
Жеңе алмай бірі, тең түсіп.

Қайырым күтіп күр алдан,
Өте алмай сынақ, сындардан,
Дауасы жоқ, дауы көп
Мезі болғам кей жылдардан.

Кезім жоқ өткен алаңсыз,
Жақсылық болмас жамансыз,
Ақ боз ат күндер арындап,
Еткем жоқ тірлік жарамсыз.

Елімді сүйдім елжіреп,
Жетімге жүрдім боп тірек,

Көрсете білдім пасыққа
Лайықты жерде көкірек.

Даңдайсытпадым даңғойды,
Аластап келдім ала ойды,
Халқыма тілеп амандық,
Болса екен дедім абыройлы.

Іздемей қызық түндерден,
Сыр бермей сыртқа бір көрген,
Жанымды қояр жер таппай,
Санамды мүжіп үлгергем.

Кемсендеп кеткен күндерім,
Қиянатты аз көрмедім,
Жаманнан талай жеңіліп,
Амалсыз, қанша еңіредім.

...Жарық күн! Сенсің сүйгенім,
Маңыздым менің, күрделім,
Жатсам да ертең жұмақта,
Өзіңе тартар бүйрегім...

* * *

Мардымсыз мұңға мұкалып,
Көбейіп ұлттың күмәні,
Жүйкесі жұрттың жұқарып,
Күрсініп батты күн, әні.

Не заман өтті боркемік,
Үгіткен ұлан-үмітті,
Зомбыдан сүйреп зор ерлік,
Тілекті қанша тірілтті.

Оқалақ тиген өгіздей,
Беталды қашқан күндерді,
Қайғыға — қасқыр жегізбей,
Қорғаған айтсай ерлерді.



Көгерер әлі көсеге,
Көңілдер шалқып, шарықтар,
Талайды көрер пешене,
Бәрін де өмір анықтар...

Аялай алған ұлдарын,
Халықтың бағы жанар-ау.
“Қарға” - деп, бірақ, сұңқарын,
Жүрмесе атып жарар-ау...

* * *

*Сіңгім Сәрсенкүйдің
рухына*

Тағдырды жеңем дедің бе,
Айқасқа түстің оліммен,
Иланып жалған сенімге,
Беріп ең орын төріңнен.

Өрімдей еді өмірің,
Дертіне шипа болмадым.
Өлместей маған көріндің,
Артымнан ерген боздағым.

Жылылық ансап келуші ең,
Еркелеп, кейде еркінсіп,
Алмаушы едің, беруші ең,
Дерт болып кірді бір қырсық.

Жетімдік жеген жігерді,
Қоңшық етті жасыңнан,
Аспаны өмір түнерді,
Аз болды кезі ашылған.

Риза бол, жаным, аяулы,
Қымайды сені жақындар,
Сүруге өмір баянды,
Хакың бар еді, хакың бар.

Білсем де барын өлшемін
Кейпіңді көріп тұрақсыз...

Бәрібір саған кұмармын,
Аруана – дүние, ақ шабыт,
Қойнына түнек кұлармын,
Қолыңнан бір күн аттанып...

ЖАБАЙЫ ЖЫЛҚЫ

Айдарын еркін кұстың қанатындай,
Қимылың бұла күштің қайратындай,
Көзінде сары алқап, сайын дала,
Екпінің табиғаттың айбатындай.

Бетіннен ешбір адам қайтармаған,
Дүлей мен дүрмектерден тайсалмаған.
Ллестіріп әкетші шабысыңа,
Өзіндей, бәлкім, мен де қайсарланам.

Сағыммен бұлдырайсың мұнарланып,
Мен тұрмын қуатыңа кұмарланып,
Тағысы кең даланың, ұқпайсың ғой,
Жігер де қалатынын жұмарланып...

УАҚЫТ ЖАЙЛЫ

Сәттерім менің бос өткен,
Жайдақ аттай жүгенсіз.
Қаулаған сөз бен өсектен
Шыға алмай, кеткен күрессіз.

Көштіңдер жылап, жылыстап,
Ешбір см езге таба алмай,
Окінішті талай уыстап,
Мәңгілікті етіп мекен-жай.

...Қайырылмас менің қымбаттым,
Қадіріңді ерте білсем-ді.
Елемей сені жоғалттым,
Қайтарам қалай есемді?..

* * *

Намысым қайда кеткен, қалғып жүрмін,
Кес-кестеп кең шеңберді тар ғып жүрмін,
Тағдырдың көп сынынан сүрінумен,
Бойымды игере алмай қажып жүрмін.

Заманның сәйкес келмей талабына,
Ілінбей інжу-маржан каламыма.
Өтем бе бұл әлемнің бар бояуын,
Қандырып, сіміртпестен жанарыма?

Қуылып құлай сүйген көкіректен,
Күркілдек күндер халі ауыр неткен.
Көрсетіп әзірейілдей қойған қай күш,
Жақыным тілдеседі әріректен?

Есіл кездер еркімді кеткен алып,
Сендерге қойдым шырақ Созден жағып.
Менді жүрек болады менменсінген,
Күткенін мойындамай өліп-талып.

Жалығып кеттім мүлде мөңтендеуден,
Надандық итермелеп өр кеудеден.
Түткынның талабының таланы жоқ,
Шарасы және де жоқ өртенгенмен.

Білмейміз құттың мәнін құны барда,
Тойымды тобалықтың мұңы бар ма?
Жаратқан, мен шаршадым түзу жүріп,
Өзімдік соқпақ берші, бұрын ал да!

Жүректе ауыр жүкпенен,
Айнымай жырдан, сенен де,
Ешкім де менен күтпеген,
Ғажайып таңға енем бе?..

Күлімдеп, арбап сәулелер,
Қиялдың ердім соңынан,
Үзбеген өзім мәуелер,
Жолықты бүгін онымнан.

Міндетін жүктеп баршаның,
Шығармай көңіл шырынын,
Күйбеңнен күйкі шаршадым,
Мойныма салған құрығын.

Найзағай жанып жырменен
Күмбезін коктің тілді кеп!
Кенеттен кербез үйменен
Көкірек кетті күмбірлеп.

Бұл шаққа кірбін үйірпей,
Биіктен байқап төменді,
Дүниеден, бейне, ақ сүттей,
Саумалап жүрмін өлеңді...

АҚЫН ЖАНЫ

Аластадым сені Сөзбен, Отпен де,
Қайдан ұқсын маймақ көңіл көп пенде,
Менің жаным құлазыды нені іздеп,
Бүрін жарған қайың-мүсін көктемде?

Көшпелі өмір көтеріңкі, көңілді,
Арнасынан көл де шалқып төгілді,
Асып-тасып, өрекіген өлеңім,
Аяқталмай қалатындай көрінді.

Бойымдағы бұла сезім жоғалып,
Отырамын, кейде, жаным тоналып,
Көмектесіп күйзелісте жүргенге,
Кетсе деумен көңілдері оңалып.

Жақындарға шамам болмай қарайлар,
Жанымды үгіп нәр татпаған таңдайлар,
Түніменен елестейді көзіме
Шимайланған тылсым тағдыр-маңдайлар.

Қыңыр көкте жаркылдатып жасынды,
Асқак көңіл кейде салақ асынды,
Жауыздарға қарсы аттанып бір өзі,
Құлап түсіп еңірегенін жасырды.

Екпінімен не бір күшке бергісіз,
Ақын жанын көктем кезіп, керді күз,
Қамшы сабы секілді бұл фәниде,
Мерт болмасын елік-жүрек мезгілсіз!

НҮР ШАШЫЛДЫ, МАҒЖАН АҒА, ЕЛІҢЕ!

Нұр аңсаған, тұтқыны едің жалғанның,
Халқыңменен еңіредің, арбалдың,
Елегзіген сәттерінде дем берген,
Азаттығы елдің еді арманың.

Сүйіп өттің, күйіп кеттің сезімнен,
Күншығыстан қуат бердің Сөзіңмен,
Алау еткен қараңғыда жүрегін
Жұртың қалай айналмасын өзіннен!

Елің міне, жолбарыстай жол салған,
Келешектің ағыстарын қарсы алған,
Құлшынады, қуыстанбай, именбей,
Жан-жағында тұрса-дағы қанша арлан.

Жасыл шағы, асыл шағы әлі алда,
(Бой алғызып жүргені бар құмарға).

Мағжаны көп басын таумен тасқа да,
Бірақ, Аға, нұр шашылды Тұранға!

Өз ансаған құрып жатыр нәсерлер,
Етек-кенін жинап та жұрт еселер).
Ешкі тоны көбенге күнкіліп,
Көре атмайтын бар ғой небір кешелер.

Қанша баба жете атмаған тілектер,
Қанша аға шыға атмаған түнектер,
Жарқырады, қолдап Тәңір көңінен,
Қазақ жерін қашаннан да Күн өпкен!

Сәт әтпейді жана арна, ағынсыз,
(Дүние мынау кеткендей боп сабырсыз),
Адамзаттың алып күретамыры,
Ең даламда соғып та тұр ламытсыз!

Жеткіншек жұр жетсем деумен қызынып,
Әлемдегі бар кәсіпке қызығып,
Блімменен, еңбекпенен нәрленіп,
Қазақ деген келеді, Аға, шынығып!

Кемшілік бар, кертартпалық, керектік,
Жетпей жатыр жетелілік, тереңдік,
Жылдар бойы жауырланған жігермен,
Қандай бірден келе қойсын ереңдік.

Жаутандамай өз жерінде өзгеге,
Ырысына жетті-ау еге кезге де,
Қанша ұрпақ қиялаған күні-түн,
Келші бізге "Бақыт" атты кеме де.

Есігінен кіріп келген еркіндік,
Парқын бітмей, болмасыншы аз күндік,
Нұр шашылды, Мағжан аға, еліңе,
Несібеміз бола көргей мын жылдық!

* * *

Жоғалттым ба өзіңді, оратмалың,
Ұлағатты, шырайлы ұлы Арманым,
Атысумен жүргенде мың мұңыммен,
Мен өзіңе ат басын бұра алмадым.

Қылышқа емес қызығып қынабына,
Құнығатын мен бе екен құмарына,
Елітемін, ерікті алар баурап,
Кезіксем құндылықтың құнарына.

Жарқын сәттер аз екен жарылқайтын,
Тылсым тұлға көп емес таңырқайтын,
Баламасын іздеумен бұл дүниенің,
Биік сана қайда екен шарықтайтын.

Шартарапта шашырап шабыт күшқан,
Бір-біріне жандар жүр мәңгі күштар,
Мөлдірейсің, көк аспан, білсен айтшы,
Табысуы мүмкін бе ол байғұстар?..

* * *

*Ашыл, күнім, ашыл,
Дидарыңнан шашыл.*

(Халық ертегісінен)

Ашыл, күнім, ашыл,
Нұрыңменен шашыл!
Аңқаулықпен өткен
Кей сәтімді жасыр!

Жоқ секілді қасым,
Етпе ешкімге масыл,
Келер екен қашан
Маған кездер асыл!

Жаным мұңлы қазір,
Сырқат көңіл, жазыл,
Тәтті еді қандай,
Өзің айтқан әзіл.

Арғы жаға жасыл,
Суға құлап лашын,
Толқын келіп көмді,
Оның тамшы жасын...



КӨҢІЛМНЕН КҮЙ ПӨҢЛӨДІ БРІКСІЗ...

...
 ...
 ...
 ...
 ...

СЕНІМ ЖАЙЛЫ

Оян, сенім, оян, сана-сезімім,
Уақыт жоқ қалғып жатар езіліп,
“Мен мұңдалап” келіп жетті ақиқат,
Қалған екен көлеңкесіде көз іліп.

Ешбір күмән болған емес кеудемде,
Білген едім хақың жоғын келмеуге,
Жапырақтары тұмауратты жанымның,
Дайынбысың қазір оны емдеуге?

Сегіз өрім жігер берген сенімім,
Таңғы шықтай діріл қаққан елігім,
Сәуле шашып тұрмасаң сен кеудемде,
Қалар едім әтінде күз желінің.

Қүдіретіңе үнсіз ғана бағынып,
Тәңір тұтам, бір өзіңе табынып,
Гүл-жүрекке қонған сен бір көбелек,
Оттан, желден қорғап жүрем сабылып.

Тежесе екен жел тезірек торы атын,
Ол соққанда боран ұйытқып тұратын,
Астаң-кестең дүние, тек сәмбітал
Іздеумен тұр суға кеткен мұратын.

Сенімімді мөлдіретіп бұлақтай,
Сезіміме сүңгітемін суалтпай,
Күні-түні аялаймын күзетіп,
Ертеңіме жеткізсем деп құлатпай.

Жақсылықтың жарығымен жайқалып,
Жамандықтан көрген жоқпын тайсалып,
Бауырымда аппақ сенім-шағала,
Толқыныңда келем, өмір, шайқалып!

МЕЙІР

Барлық үйге кіріп шыққым келеді,
Есендігін білу үшін қарттардың,
Тәй-тәй басып жүр ме екен деп бөбегі,
Жарастығы берік пе деп жастардың?

Қақпаларын жеңгейлердің күлімкөз
Айқара ашып көптен жүрген қағылмай,
Келеді айтқым бар адамға жылы сөз,
Көңілдері тасысын бір ағындай.

Көз алдымда сәби шағым сүттей ақ,
Соғыстан соң қалған арман аһ ұрып,
Жүретінмін көршілерді қатғы аяп,
“Біздің үйге мейман бол”, - деп шақырып.

Сонау кезден менде қалған бір гүрыл:
Күтіп жүрем біреу кіріп шығар деп,
Әдетім бар балалардан кіл жырып,
“Қонаққа” деп әр тәттіні тығар кеп.

Көктем кезі-ай, қуанып шын көңілмен,
Көңіліміз қол-дария күйге енген,
Мейірімдер ақтарышып-төгілген
Ақ ниетті, шаттығы мол үйлерден!

Құт-берсеке тілеп әрбір есікке,
Ауыл әнге боленетін сол бір кез,
Той жасайтын бала салып бесікке,
Өте шығып кеткені ме сонша тез?!

Барлық үйге кіріп шыққым келеді,
Есендігін білу үшін қарттардың.

Тәй-тәй басып жүр ме екен деп бөбегі,
Жарастығы берік пе деп жастардың?

ТУҒАН ЖЕР

Мінезім бар, (өзің солай өсірген),
Жауынындай кейде сел боп ағатын,
Жібек гүлдей жайнап шыққан төсіңнен,
Көрген адам бір жасарып қалатын.

Боранындай бет бақтырмас шағым бар,
Ондай кезде жауым қалар кемсендеп,
Аязындай тым шыңылтыр арым бар,
Қорқақ жандар дірлек қағар емпеңдеп.

Еске жиі оралады бұл күнде,
Асыр салып ойнақтаған сол бір шақ,
Кішкене үй тұншыққандай күлкіге,
Бүлкілейтін бүйірлері мен құсап.

Базар іші, қызық думан тынбайды,
Аксақалдар әзілдері жарасып,
Көріп жандар зарлатады сырнайды,
Көздеріне жас алар жұрт жаны ашып.

Бір соғыстың зардабынан сонша адам
Қалды шөгіп, жастай біз де жасып ек...
Менің сәби көңілімді қоршаған
Фашист болып көрінетін қасірет...

Мұнша алып болармысың бүгілмес,
Бір өзіңнен мықтылықты үйрендім,
Сен тұрғанда төнген қаһар түк емес,
Құласам да, бір өзіңе сүйендім.

Жарылмай тұр қалай ғана жүрегің,
Мейрімдерді арқалаған тонналап?!
Саған карап шаттанамын, күлемін,
Тек танытшы көрген сайын оң қабак.

АНА ТІЛЕГІ

Жарасып тұр бір-біріне барлық зат,
О, аламзат, өздеріңе жаздым хат,
Толғандырып, ұйқы бермей талай ой,
Күл боп ұшып кететіндей өмір-бақ.

Кесірінен бір есерсоқ жыңшының
Босатпасын ядроның шылбырын,
Үміті мен үлесі адал тірліктің
Ракеталар тұмсығында тұр бүгін.

Бала өсіріп, мәпелеу деп парызым,
Өтемекші ем өмірімнің қарызын,
Түні бойы көз ілмеуге дайынмын,
Болашаққа айтатын көп арызым.

Пәк сәбиді аялаған алақан,
Өмір-бақи ұшырсын деп балапан,
Мен – анамын, тілей жүріп тыныштық,
Тағдырыңа алаңдаймын, жан Отан!

Өз жолымен келсін өмір, өлім де,
Қыран самғап, жансын жұлдыз көгімде,
Үрей емес, болашаққа зор сенім
Тұрсын дәйім балалардың өңінде.

Ойланып тұр ай мұңайып алыстан,
Жердің беті тозбаса деп тартыстан,
Ана туған кей тасжүрек үшін де
Өліп кете жаздаймын мен намыстан.

ӘКЕМЕ

Армандап, жеткізсем деп тілегіңе,
Үңіле алдым ба, әке, жүрегіңе,
Өмірдің салған сансыз тауқыметі,
Кетті ме ерте батып сүйегіңе?

Шайқалды шадыман шаттық шалқарлары,
Қанша үміт, қанша тағдыр талқандалды?!
Айырылып амалсыздан серігінен.
Аспанда талай жұлдыз жаутаңдады.

Мен көрер жарық сені алға сүйреп,
Түтіннен алып шықты түілек-түйдек,
Соғыстың қыршын жаны сая таппай,
Кезіп жүр шартарапты жаралы үйрек.

Үл болып тумадым деп өкінбедім,
Нәзік сыр, ақ шағала-көкірегім,
Әкетай, мені көрсен мұздар еріп,
Гүл жайнап кетуші еді төңірегін.

Тұтқасы болмасам да бұл өмірдің,
Әнің боп жүрегіннен мың төгілдім,
Сағынды сындырмадым қыын шақта,
Қалаған кірпішің боп мен өрілдім.

Ерлерге қойып сонша биік талап,
Өскенмін бар алыпты саған балап,
Тұрғандай көрінеді маған, әке,
Өмірдің күш-қуаты сенен тарап...

* * *

Жаутаң елік-жанардай
Үркіп кеткен жырларым!
Сендерді іздеп таба алмай,
Көл тынысын тындадым,
Шөл тынысын тындадым,
Әр әуенге салынып,
Жалын күштым, жырладым,
Әйтеуір, бір тынбадым.
Сенен түскен найзағай
Соулелі еді тү-у қандай!
Әлі күнге жылытып
Жүрегімді тұрғандай,

Аспан, әлем – бәрі де
Саған күлак ұрғандай.
Менің жаным езіліп,
Өзіңе енді кезігіп...
Мөл-мөлдір боп тұнғандай.

* * *

Күлкім менің ақша бұлттай
Қонып жатқан тауларға,
Ілініп қалды талай рет,
Опасыздау омырауға.
Күлетін болдым содан бері
Көңілін жұрттың ауларда,
Шықылықтаған торғайды
Көбіне ұстап қамауда.

Бүгін сені мақтағым кеп
Үңіліп едім көзіңе,
Күдікпенен қарап тұрдың
Ауыздан шыққан сөзіме.
Сәт еді бұл тұлпар-сезім
Құйындатып бір, көсілген,
Есіл жүрек буырқанды.
Жол таба алмай өзіңе.

Жакын тұтып айтып едім
Бір жаранға назымды,
Қара бұршақ жаудырды да,
Мертіктірді жазымды.
Актарылып төгілетін
Сәттерім көп лапылдап,
Сарсалаңға салып қойып
Тыныш жүрген басымды.

Дәріптеу жоқ арымды да,
Жанымды да ойымда,
Міндетім бар атқаратын,
Қарызым көп мойында.

Көрсетпесін жат қылығын
Замандастың, жақынның,
Тек кездессін ақ пейілді
Жандар ылғи жолымда.

* * *

Қанаттарды қармандыра талдырып,
Жүректерді өртей-өртей жандырып,
Бір жыл, міне, тағы да өтіп барады,
Кетерінде барлық сырын алдырып.

Шеше кетті – шешіндіріп көңілді,
Әке кетті – қабырғамыз сөгілді.
Жылдар бойы жинақтаған жігер-күш
Құм болды да, қара жерге төгілді...

Өмір, сенде балғын шақтың бар демі,
Құлшындырар ынтықтықтың жаз лебі...
Қандай күшпен өлшенеді іңкәрлік,
Байланысты неге оның аз-кемі?

Сыйластықпен жылыта алмай жандарын,
Ағарта алмай кірлеп кеткен арларын,
Талай пенде өтіп жатыр дүниелен,
Жетімек қып о бастағы арманын.

Артықтығын біліп тұрып жайсаңның,
Ізетіміз білтесіндей май шамның,
Жалтақтайды жалаңқабат өкініш,
Еске түсіп қасиеті қайтқанның.

Сыңсып жатыр бүкіл әлем сезімнен,
Жүректерден ем таба алмай езілген,
Ақ ниетін жеткізе алмай қанша жан
Күйінішпен мәңгілікке көз ілген.

Ұлағаттық ұзақ жаста демеймін,
Аз гұмырдың ащысына көнейін.
Әр күнімді қуатты ғып бере гөр,
Жаксылардың қолтығынан демейін.

ӨМІРМЕН СЫРЛАСУ

Өмір, сені кимаймын жамандыққа,
Алдына сұм ажалдың әзір жықпа,
Алатұғын сенен әлі үлесім көп,
Жететін күнім жақын базарлыққа.

Тіршіліктің ызыңы балдай тәтті,
Кеудемде бүтін тағы бүршік атты,
Жатсаң да кейде оралып шалғайыма,
О, күйбен, жақындаттың болашақты.

Тағдырдың кезіктіріп лапылына,
Саласың-ау, кейде сен тақымына,
Дегенмен мен өзіңнің жүрегіңмін
Тыпырлап, тығылар кеп алқымыңа.

Тұрасың да ұсынып бар асылды,
Дайындайсың жеткенде көк тасыңды,
Сүйіндірсең болмас па ұзағынан,
Салтанатты көктем мен күз, қыс, жазыңды?

Қарама ала көзбен, жазғырмашы,
Маған арнап онан да жыр жырлашы,
Көрер едім өзіңді бірде күліп,
Тыйылмаса кейде енді көздің жасы!

Төндірмеші, тағдырым, кара бұлтты,
Сонша неге пәк сезім алабұртты?
Бермейсің-ау қайтарып, қайран өмір,
Қамсыз-мұнсыз, алаңсыз балалықты!

Ашылмаса қабағың сенің бір күн,
Жайната алмай қаламын көңіл гүлін,
Егіз болып екеуміз жаралған соң,
Өзіңнен жоқ бүгетін ешбір сырым.

Кетер, кейде, солқылдап күретамыр,
Жабырқаудан көңілім болып жауыр,
Теріскей боп күнгеім шыққан кезде,
Жүк боласың сен маған аса ауыр.

Аспаным мөп-мөлдір боп жөудіреп тұр,
Маңайдың амандығын тау тілеп тұр,
Мен болсам, сонша өзіңе құштарлықтан
Бір сәтте өртедім-ау сау жүректі.

Есеппен берілген күн елеңдетіп,
Барасың, жастық, қайда менен кетіп?!
Баянды, ретімен болғай әр іс,
Тек ажал келмесе екен жеделдетіп.

Беруім алуымнан аз демеймін,
Өзіндей мен де, кейде, телегеймін,
Басыма лайықты талап берші,
Артық бак, өмір, сенен тілемеймін.

Ашумен жұлқып ашып есігінді,
Шулатып жатамыз-ау есіміңді,
Тоз-тоз боп әлдеқашан кетер ме едік,
Болмаса Тәңір мұнша кешірімді.

Астамдық жасап, кейде ерегесіп,
Өзіңнен кеткім келер мүлде безіп,
Икемге келіп қалам соншама тез,
Бір кетсең келмесінді сенің сезіп.

II

Біз екеуміз ғашықпыз-ау біраздан,
Бірінші боп өзің маған сыр ашқан,
Күзде келіп мен енгенде қойныңа,
Күлімсіреп қалған екен сұр аспан.

Сенің әрбір мсрекең мен берекен
Нұр боп маған жаумаған күн кем екен,
Жасыл сезім бүр атпаса мендегі,
Жайқалмас-ау жас шыбығың күні ертең.

Сенің сәулең тұр көзімде жарқырап,
Жүрер едім күнде күліп, шалқып-ақ,

Төбемдегі бақ құсының білмесем
Аязыңа қалатынын қаттырап.

Әлі менің жадырайтын шағым көп,
Жанарыңнан маған арнап жалын төк,
Айқара ашып құшағыңды қарсы алсаң,
Тамырыңа күйыламын нәрің боп.

Айналаны тұман басып, әй, тегі,
Желіннің де жоқ-ау кейде дәйегі,
Ысырып бір тастасайшы бұлттарды,
Жарқырасын көк күмбездің әйнегі.

Қарасаң сен оң көзіңмен шат күліп,
Жүгіремін алып ұшып, аптығып,
Қоясың-ау сондай сәтте әдейі,
Ащының да дәмін аздап таттырып.

Менің жүйкем жатыр саған жалғасып,
Көленкеңмен, шуағыңмен арбасып,
Арманым жоқ, бөз күндерім жатса егер,
Құс жолындай жылдарыңмен алмасып.

Көбелек те өзінше күй шертеді,
Әрбір гүлге айтады кеп ертегі,
Бір-ақ сәтке қанат берші маған да,
Кеністікке көтерейін мен сені!

АҚИҚАТ ДАУЫСЫ

*(1937 жылғы қуғын-сүргіннің
күрбаны болған
ағаларымыздың рухына).*

Шымда кеткен шындықтар қауызымын,
Шыңырауда шыңғырған дауысымын,
Балапандай көрінем өз-өзіме
Қапшықта алдырған қауырсынын.

Жан-тәніңмен сен мені тілегенсің,
Аңсап барып, мазарда түнегенсің,
Қолдаушың боп келдім мен, қорғаушың боп,
Мені күткен армандар түрегелсін!

Менің үнім алқындар аңызактай
Жүргендерді, әйтеуір, жанын сақтай,
Үндемеске кім екен бел байлатқан
Ақиқатқа жаба сап шірік тақтай?

Шырылдап, сұм сұмдыққа жүрек нанбай,
Мына өмірге кеттің-ау, шөлің қанбай,
Айналшықтап жүрді ме құзғын, қарға,
Пәк денеңді шоқуға беттей алмай?

Жанарыңда қалды ма көкшіл әлем,
Селт еткізбей пасықты соңғы дәлел,
Ең болмаса ұшпады бір көгершін,
Жетпей қалды-ау ел жаққа соңғы сәлем.

Бойыңнан да, ойыңнан кінә таппай,
Әділетті мәпелеп, беттен қақпай,
Ақтық демің, ағатай, біткенінше,
Шындықты арашалап жаттың жақтай.

Көре алмай кеткен өзің күндер үшін,
Көктемей қалған сенсіз гүлдер үшін,
Жанартаудай мен енді атыламын,
Өшіп қалған мезгілсіз үндер үшін.

Шымда кеткен шындықтар қауызымын,
Шыңырауда шыңғырған дауысымын,
Өксіктерін баса алмай кеткендердің
Найзағайлы, нөсерлі Наурызымын!

* * *

Абайды да таяктатып ұрғызған,
Біржанның да аяқ-қолын бұғызған.



Жаны ызғар, зорге толы көкірек,
Қорқалды ғой жарқыраған жұлдыздан.

Сондықтан ол бар жарыққа ошігер,
Қолдан келсе, жарқын үнді ошірер,
Өзінде жоқ нұрды көрсе басқадан,
Аласұрып, ариалысып, есірер.

Амалы жоқ алыстағы Күн, Айға,
Көріп, білсе азу салар Құдайға,
Түнегіне түншықтырар шуақты,
Тізгінінді берме, дүние, мұндайға!

* * *

Көңіл, шіркін, елендейді боларға да болмасқа,
Жарымаған соң ба әлде жылы сөзге о баста?
Аңсап тұрам әрбір жаннан ыстық лебіз, шапағат,
Кейде назым артықтау боп кетеді, рас, жолдасқа.

Қоңыраулатып өтпеді деп өкінбеймін жастығым,
Балғын шағым болмай шықты мен үшін бір тәтті ұғым,
Қаяу түсіп көңіліме қаншама рет жатса да,
Жарқыраймын естілгенде, өмір, сенін шат жырын.

Ақ сүтімен анам берген, о, жалынды махаббат,
Адамдардың шаттығынан бар ма артық салтанат?!
Кіп-кішкентай жүрегімде жатыр үлкен жанартау,
Қандай күшпен жүргенімді түсінбеймін арқалап.

Сөзден гөрі ізгі істер болса екен деп көбірек,
Жүрсем деймін мұқтаж жанға әрқашанда боп тірек,
Шырқыраған шыбын жанын кей пенденің көргенде,
Жан-жағымнан шарпығандай болады ылғи отты леп.

Жауғандаумен жақындардың жүздерінен күй іздеп,
Өз жанымды жүрем өзім дамыл бермей мүйіздеп,
Жүргенім жоқ жеңіл жолмен жетейін деп мұратқа,
Келгенім жоқ бұл дүниеге бір басыма сый іздеп.

Тілге тиек ететіндей жетіп жатыр шежірем,
Кім біледі қандай күндер әлі бастан кешірем?
Түсінгенім бұл өмірде айдан анық, әйтеуір,
Тірі болсам, ізгіліктің мәртебесін өсірем!

* * *

Әр баста жетіп жатыр мұң мен арман,
Құлақ сал анау әнге қария салған,
Таркамай көкірегінде талай шері,
Тойымсыз қос жанары жаутаңдаған.

Өмірді таусылмайтын мұра көріп,
Қуатын жүре берген шашып, төгіп,
Табиғат берген күштің арқасында
Мәз болып кигеніне еркек бөрік.

Ешкімге бере алмаған кеңес-ақыл,
Екпеген сезімдерден жасыл дақыл,
Қартайған шағында енді жалғыз қалды,
Мұң-сырын бөлісетін таппай жақын.

Тіршілік сапарының қырқасында,
Соңымыз айналмасын бүрқасынға,
Аз ғұмыр кешсек те, тек болса екен
Жылымыз татитындай бір ғасырға.

ҰҒЫСУ

Тағдыр маған қойған еді жүз тілек,
Шыр айналып, күйіп-пісіп жүрсін деп,
Қадірін мен бұл өмірдің білмес ем,
Айбатынан сескеніп бір көрмесем,
Жанып, кейде, сөнбесем.

Соңғы күндер сорғалатып көз жасын,
Жоғалтыпты сары күз де олжасын.
Бәлкім, мұны байқамай да өтер ме ем,
Көріп тұрып толқымай-ақ кетер ме ем,
Жаныма бұлт төнбесе...



Енді қайтып айдарлы күн шыққанша,
Біз екеуміз көп сырларды ұққанша.
Жүрекке де талай жебе қалалып,
Көңіл, шіркін, өз мұңына қажалып,
Төгілер-ау шыққанша...

* * *

Қырымға да кетіп едім қыр көрсетіп өзіңе,
Сағынсын деп, алмасын деп күні-түні көз іле,
Енді, міне, өз ортіме өзім күйіп барамын,
Елді ойласам, кететіндей ет-бауырым езіле.

Бауыр басқан мекеніне асықпайтын құс бар ма?
Жағыздықты тілемедім дос түгелі, дұшпанға,
Топырағымның ыстық табы табанымда қалғандай,
Басылмады толқындарын көк теңіздің құшсам да.

Қашқандай боп кетіп едім оңкей жыңғыл, шенгелшен,
Құтылатын күн барма деп шұбар-шұбар белдерден,
Қадіріңді енді білдім, күм суырған ақ далам,
Сенің желің күштірек-ау мен үшін бар емдерден!

Жер-Ананың аласы жоқ және де жоқ құласы,
Қымбат маған оның әрбір қайталанбас мұрасы,
Болады екен әркімнің өз жеруіығы бірақта,
Тыңыршыған өмірінің мызғымайтын куәсі.

Лүпілдей ме мені аңсап құс-жүрегің сенің де,
Тыным таппай жүрсің бе, әлде, қаяу түсіп сенімге?
Көгенделіп қалған екен мендегі бар қуат-күш,
Өзіңменен бірге өскен алақандай жерімде.

ЖАСЫЛ БАҚ ХИКАЯСЫ

Көктемде

Көктем келді жаудіретіп гүлзар бағын,
Балаң гүлдер сылдыратын шылдырмағын.
Әсемдікке тағзым етіп, тіледім мен
Сол бақтағы өсімдік ынтымағын...

Ымыртта

Баяу ғана жылжиды ымырт бүркеніп ал шапанын,
Етегімен көрі еменнің сипап отті сақалын.
Қайырды да қалампырдың тікірсейген шаштарын,
Ақ қайыңның түбіне кеп аяқтады сапарын.

Түнде

Түн де жетті дамыдатаып тіршіліктің базарын,
Тоңкеріпті жер бетіне алып қара қазанын.
Жапырақтар діріл қағып, бір-біріне жабысып,
Үркіп тұрған нәзік гүлдің көрсең етті азабын!

Түсте

Түс кезі еді, қалмағандай бақ ішінде береке.
Бір-біріне ағаштар да түсірмейді көлеңке.
Раушан гүл қызғалдаққа шүйіреді мұрынын,
“Құлақтарың қалқиған”, - деп, етеді кеп келеке.

Күні бойы күндейді кеп, намысына тиеді,
Байғұс оған өрттей болып, қызарандап күйеді.
Сондықтан да екі сұлу сыймай басы бір жерге,
Жақындаспай, әрқайсысы бөлек өмір сүреді.

Үйенкі де бәйтеректі шудалы деп, менсінбей,
Қарағай да қала ішін тұр оншама жерсінбей.
Көкірегін жайып тастап: “менікі, - деп, - кеңістік!”
Қарайды емен басқаларды бір өзіне теңсінбей.

“Қойсайшы бұл көңіл деген көтеріңкі шіркінді,
Ғұмыр қысқа, қайтесіндер керегі жоқ күңкілді!”
Деді де тау, ала көзбен қарап қойып бақ жаққа,
Шарасыздан, амалсыздан күңіреніп, күрсінді...

Күзде

Жасаураған көзі күздің бақ ішіне түсіпті,
Ағаштардың саусағына салып алтын жүзікті.
Гүлдердің де алаулаған беттерін кеп өпкен жел
Үлбіреген үкілерін аямай-ақ үзіпті.

Қыста

Мазалап, түсіме еніп гүл-жапырақ,
Түр екен жап-жалаңаш бақтар жылап,
Еңсем түсіп кетті ғой, қандай қиын
Сарқылып қалса егер нұрлы шуақ?!

Ақ қайың ұялып түр бүркеп төсін,
Қыс келді, жер бетінен алып өшін.
Жас ағаш, бір-біріңе қамқор болшы,
Бастайтын өздерің ғой өмір көшін.

* * *

Қалғып кетсе Күнге болмас кешірім,
Онсыз дүние тербетер ме бесігін?
Шуақ нұрың сарқылса егер жүректе,
Өн бойында көп болғаны кесірің.

Мен егілсем, қоса жылдар мұздақтар,
Тебіреністен әжімдері жүз қатпар,
Аласапыран арпалысы қойнында
Аспан бірге төгер еді бұршақ-қар...

Ақ тілектер болса қабыл мендегі,
Ізгіліктің кеңі берер шеңбері...
Минутына жүз жыл жасап жүремін,
Тоғысса деп іңкәр сезім жердегі.

* * *

Көңілімді селдетіп күй-жаңбырын,
Тағдырыммен ұқсап кетті тағдырын.
Уыз күлкің уылжытып тұрса екен,
Жанарыма шашып ылғи таң нұрын.

Жиып жасыл сезімдерді жаныма,
Жүрсем самал сәттерінді сағына,
Торыққанда тамылжыған әнінмен
Шақырсаң сен шабытты гүл шағыма!

Жанарыңның көркі болып көрінсем,
Өміріңнің өзегі боп өрілсем,
Шын бақытты екенінді менімен
Арманым жоқ біліп барып көз ілсем.

* * *

Сені бір асыл деп жүргем,
Аңсадым наурыз кезегін
Шөліккеп көңіл-бозінген,
Дүниені мынау кеземін.

Күйгелек болып барамын,
Шырылдап, кеудем алқынып.
Сен едің сенген адамым,
Кеттің-ау мұңға батырып.

Жанарын неткен от-жасын,
Алдауы онын мүмкін бе?
Сылдыратты да сырғасын,
Көктемім қалды күлкінде!

* * *

Мендей жанды таба алмассың енді сен...
Күлкісімен күстарды қондыратын.
Ыстықтарда мұңайтып тоңдыратын.
Ақиқаттын жетелеп өлкесіне,
Амалсыз татай ойға шомдыратын.

Мендей жанды таба алмассың енді сен...
Көңіліңді айнадай жарқыратып,
Күзгі желдей бірде енді қалтыратып,
Ұзап шықсаң есіктен тағат тапнай,
Сағынатын жанары жас бұлатып.

Мендей жанды таба алмассың енді сен...
Сен камықсан , алдымен қайғыратын,
Қуанғанда – көздеріңе нұр құятын,
Қорғанындай қорғайтын намысыңды,
Жаншылмасын деп ойлап ар-ұятың.

* * *

Кеткенімде жасыл бақты жылатып,
Жалғандықтың көпірлерін құлатып,
Арғы бетте қаласың-ау жете алмай,
Аңсап мені, мәңгі-бақи ұнатып.

Тәубә етерсің тіршілікке күндегі,
Жайлап жылжып, қадам басып ілгері.
Бірақ, сені мазаламай тұрмас-ау,
Жүрегінде мен қалдырған жыр-белгі.

Екі бакыт болмайды екен бір баста,
Бәрі бекер көңіліңнен күй қанса,
Сондықтан да аялайық сезімді.
Күндеріміз, гүлдеріміз тұтаста!

* * *

Алпак таңлар барды аман тартып,
Сөйлейсін сен бүтінде жаңауратты,
Қалайша жаңтырайын көңілдегі
Отыңды маздап тұрған, алаулатып.

Салкын қанды екенсің, салкын қанды,
Үркітіп атманықшы жақындарды,
Қандай бақыт жүректер дүпдесеті,
Ұғысуға бір-бірін талпынғанды.

* * *

Өзіңді жақсы көру мұрат маған,
Ауадан да қажет-ақ, шуақтардан,
Сенімім ортайса егер саған деген,
Ілгері баса алмай мен құлап қалам.

Сен маған кейін түсші жаның ашып,
Жылатшы бар шындықты бетке басып,
Жалғандық арамызға ұятаса,
Барлық бақ кетті дей бер бізден қашып.

Сен барла мені дауыл шайқаманшы,
Алып тұлған бұлттан да қалқалайды,
Терезем тең, төрім кең, көңіл - өлең,
Мендегі базар-өмір таркамайды.

* * *

Не істейін мен, өкініштер өрлесе,
Көздің жасы кінәсізден төгілсе?
Не істейін мен, отырып-ақ жанымда,
Меніреу дала, шөл секілді көрінсе?

Не істейін мен, жыты сөзді жат көрсе,
Жүрегіңді аһ ұрғызып, қак болсе?



Жеткізер көкке төбемді,
Болсайшы, шіркін, бір пенде!..

* * *

Міндет қылма, пенде байғұс, ісінді,
Күнделікті нәпсің үшін тер төксең,
Күйкі күйбең басып тұрса мысыңды.
Еш қанағат таба алмайсың жер-көктен.

Жүрекке жат қылығымен, сырымен,
Жаныңдағың жүрсе жүйке жұқартып,
Қауыша алмай нұрлы, нулы жырыңмен,
Үркіп ұшып кетті дей бер бір бақыт.

Жаз жайрандар ұмыттырып ызғарды,
Тек қорқамын: үнім шығып тым өктем,
Кеш кезіккен сыңарыма сындарлы.
Қарамасам болғаны да күдікпен.

Маған да бір шарықтайтын кез келер,
Көшкен қар мен жүрген сенге қызықтым,
Екпінімен тау мен тасты төңкерер,
Жоғы-ай менде дүлей, тасқын рухтын?!

* * *

Алматының үстінен бұлт кетпеді,
Қабағы да катулы жұрт өкпелі,
Дүниенің дүбірлі жазы келмей,
Созылмалы шаршатты бұл көктемі.

Колгірсуден жалықтық, жағынудан,
Шекпендіге шені бар бағынудан,
Жүрегінде шері көп ел болсақ та,
Қағынудан аулақпыз, табынудан.

Қалыппыз ұғынбай тек сөз күдірестін,
Азайыпты арға да жүгінетін,

Кұлы болып құлқынның, қызық қуып,
Азып кетті азамат жөн білетін.

Жатқан жоқпыз, шүкірлік, көштен ауып,
Жүргендер де көп шығар дүние тауып,
Талай жастың, бірақ та, жанарында,
Тұрғандай-ақ, үрку бар, төніп қауіп.

Тынысымен даланың нәрленбеген,
Бабалардың рухымен әлденбеген,
Қара басын күйіттеп қашатұғын,
Енді қайтіп ұрпаққа жәрдем берем?..

Ойладың ба бұл жайды, ағайын-ау,
“Ірілікке ел үшін жарайын-ау,-
Деп айтатын кімдер бар, шық алға-лап!”-
Өксіп тұрып, әлде, дабыл қағайын ба-ау?!

* * *

Жарқын сәттер көп-ау еске алатын...
Мен күлгенде құстар да ән салатын,
Үйдің іші толып кетіп сәулеге,
Жақындарым шаттанып бір қалатын.

Қуанушы ем әрбір жаңшы күт көріп,
Толқығанда жанарыма шық толып,
Байқамаппын қоюланып қызғаныш,
Төнетінін шаңырағыма бұлт болып.

Аласапыран күйып кетті бүркасын,
Балаларды періштелер қорғасын,
Дұшпаныма тілей жүріп жақсылық,
Анық менің пәктігімнен танбасым.

Жоя алмайды жамандықты жамандық,
Қара кетпес бояғанмен кара ғып,
Зор мәрттіктен нұрланып бар дүние,
Таң да атып келеді, әне, ағарып!

Орның түр үңірейіп үйге келсем,
Бауырым, жоксың енді, жоксың енді...

Сені біз сағынамыз әңгіме етіп,
Бейненді сәбилерің елестетіп.
Өлең арнап, соңыңнан қалам деп пе ем,
Тай-кұлындай тебіскен өзің кетіп...

* * *

Ашылмады көңілімнің түндігі,
Ауырлады арқамдағы жыр жүгі,
Ұшып жатыр қар мен желі аралас,
Күмілжіген күндерімнің кірпігі.

Арылтқым кеп сені тозан, шандардан,
Молдір самал сұраймын мен тандардан.
Себім тисе екен деумен дертіңе
Қорғап келем қоламта кей жандардан.

Шайқалмасын деумен сенің үмітің,
Тежеп келем өзімді-өзім күні-түн.
Қабағыңа караумен-ақ жүремін,
Сезімімнің селдіретіп түбітін.

Әрбір адам қоғамының айнасы,
Жетіп жатыр оның амал-айласы.
Сақтай алсаң өздігіңді болғаны,
Керегі жоқ тиын-тебен пайдасы.

Қарсы аққанмен ағыстарға аптығып,
Өмір өтер кермек дәмін таттырып.
Арзымайтын ала бөтен сезім көп,
Қанаттыға кетер бір күн қақтырып.

Табиғатта бар-ау керім үндестік,
Назар салмай сол гажанқа күн кештік,
Қарасаңыз барлық болмыс негізі —
Шиелене байланысқан бірлестік.



*Өмірдің көбі кетіп,
азы қалды...
(Ә. Бейсеуовтың әнінен)*

Жылдардың көбі кетіп, азы қалды,
Сондықтан өмір маған базыналы,
Жанымды тебіренткенде жарқын сәттер,
Жүрегім ауруынан жазылады.

Кей-кейде көңіл, шіркін, тарылады,
Тірлігім шықпай қойып мағыналы,
Ондайда тығырыққа тірелгендей,
Алдымнан бар қақпалар жабылады.

Сонғы көш түзегендей сәнін тағы,
Өзі де тым өзгеше салиқалы,
Ырғауында астарлы өктемдік бар,
Қайтарып алатындай қарымтаны.

Менің де жоғалтқаным табылады,
Жан-дүнием барлық мұннан арылады,
Сол кезде есіне алып мені бір жан,
Ынтығып, өліп-өшіп сағынады...

ЖАМБЫЛ РУХЫНА

Жамбыл ата!

Арыстандай айбатты жүзіңізден сескенем,
Шамандықтың лебі бар жырлар тыңдап өскен ем,
Бірақ Сіздей жоталы, арынды ақын көргем жоқ,
Сол дәуірде айтыспен өзіңізге дес берер.

Домбырасын қазақтың даралатқан, Жәкем-ай,
Суырып салма өнерін бағалатқан, Жәкем-ай,
Адамзаттың рухын қазақ болып көтеріп,
Дәліл жырын әлемге саралатқан, Жәкем-ай!

Артында қалды Құралай,
Жаулаңдап жасқа бұлығып.
Таркамай қалған кұмар-ай,
Ұлын жүр аңсап, үгіліп...

Қолдап та, қорғап демерсің,
Анасыз көңіл жарым ғой,
Түске де жиі енерсің,
Өлген соң адам сағым ғой.

Көрмеген өзің көктемдер,
Бұйырсын енді ұрпаққа.
Бір күні тосып өктем жер,
Бізді де алар құндаққа...

АРУАНА ДҮНИЕ

Шымьлдық та ақ, аппақ қар,
Шағылысқандай сезіммен...
Арынды мәңгі сақтап қал,
Кең пейіл дүние – бозінген.

Қия алмай сені жан жатыр,
Жәудіреп жұлдыз – жанары,
Дедің бе: “дәйім аңсағыр”,
Бергенде баста батаны.

Аршын бәл арман аңсатты,
Жарқьлы отты жасындай.
Адуын жандар шаршатты,
Ашуы қайтпай, басылмай.

Азсынын жазды жүргенде,
Күндердің көбі бұлт болды.
Шер төгіп аспан шерменде,
Көкірегіме мұң толды.

Көзімді ашып көргенім,
Ынтықтырдың-ау ылажсыз,

Не істейін мен, канша жалын берсем де,
Кері қашса ланылаған от көрсе?

...Парызсын ба мен арқалар өмірде,
Арызсын ба айтылмаған көңілде,
...Жанымның сен тең жартысы шығарсын
Болмайтын еш болшектеуге, бөлуге?!

* * *

Сезімімді сетінетіп алдым ба
Тіршіліктің күйбеңінің алдында?
Күле алмаймын бұрынғыша аңқылдап,
Көтере алмай қалам назын жардың да.

Өз-өзімді жігерсіз деп жек көрем,
(Жігерлілік жасайтындай текті өлең),
Бытыратып бойымдағы жалынды,
Пенделікке уақытты көп бөлем.

Бәрін тастап безіп кетсем бір жаққа,
Жүгіртсін жұрт мұны мейлі сан-саққа,
“Сезім жалғыз сенде ғана бар ма?” - деп,
Ақыл келіп сыбырлайды құлаққа.

Аяп кетем бүкіл адам баласын,
Көтеретін сана, сезім таласын.
Шырқыраған жаным куә, білемін,
Адамдықтың азабының бағасын.

* * *

Бүлдіршін көктем өтіпті,
Барады жылжып баяу күн.
Кеудеңде сенің кетіпті
Қуаныш, арман, қаяу-мүн.

Ызғары күздің үдетіп,
Жабырқап жайсан жан-арай.



Қай жерде қалдың түнетіп,
Қайдасың, жасыл көкорай?!

КӨРШІ ТЕРЕЗЕ

Жарқырап көрші шамдары,
Қиялымды үдетіп,
Бір жарық жанбай қалғаны
Жанымды отыр жүдетіп.

Қараңғылықтың қойнына,
Кеткендей сүңгіп жанарым,
Құрбы қыздың тойына
Кеттің-ау менсіз, наламын.

Алданыш сезім аялап,
Күтумен болдым өзінді,
Жүректі кеттің жаралап,
Тауыстым түгел төзімді...

* * *

Түншығып талай сырларым,
Арналмай саған жырларым,
Жабулы қалды-ау кеудемде
Айтылар көп-көп мұндарым.

Басқам жоқ арын ешкімнің,
Алдандым өзім, кеш білдім.
Имандай сеніп кісіге,
Қалайша, жүрек, ескірдің?

Тізгінді бермей сезімге,
Жендіріп бәрін төзімге,
Жүріпін сонша жабырқап,
Жайрандап күлер кезімде.

Өтіп те кетті жастық шақ,
Жанарла қаллы жас-моншақ.



Тәуелді етіп, ей, өмір.
Қойдың-ау жасап жасқаншақ.

Сөздерлен қорқып бораған,
Қысылып жолдас-жорадан.
Қыстығып қалған көңілім,
Шығар ма аман додадан?

* * *

Сен маған зейнет пе едің, бейнет пе едің,
Әрине, ештеңені күйретпедің,
Түсінбей көп сауалға жүргенімде,
Және де ешнәрсені үйретпедің.

Есімді тандырардай етіп құмар,
Ауадан, ағаштардан құлап жұпар,
Сен келіп жолыққанда сәуле ішінде
Сезімнен тағып едім жасыл тұмар.

Титықтап жеттім әрең ертеңіме,
Сенің піні айтылған көп ертегіге,
Сенімім сүрінбесе босағанда,
Дайын ем сені “пәк” деп серт етуге.

* * *

Тамыздан да сезем салқын күз демін,
Өзің болдың бақытым да, қайғым да...
Әйтеуір, мен сені ғана іздедім
Көк толқынды, көп жұлдызды айдында.

Кейде назбен уыстап ақ жауынды,
Сенің бұйра шаштарыңа моншақ қып
Төгуші едім, аңсап тұрып сәуірді,
Он бойыңнан көргім келмей жаңсақтық.

Есінде ме бізді жапқан жасыл бақ,
Мен әрдайым көңілімде сақтаймын.



Сен маған деп, жасырынып гүл ұрлап,
Куә болып сықылық атқан ақ қайың...

Сенің нәзік жапырақтарын жаныңның,
Ерке-самал мінезіммен шулатып,
Алыстасың, сені сондай сағындым,
Жүрмін бе скен жүрегінді тулатып?!

* * *

Шым-шытырман кеудемдегі көктемдер,
Оңменімнен өткен бе әлде өктем жел?
Ызғарына жауратып-ақ келесің,
Шуағымды мен әрдайым төккенмен.

Азаматтың адалдығы білінер...
Самал қайда құмарлана сімірер?
Кезеңдер көп, қиялар көп қинайтын,
Сәттер қайда сүйінісіп-күйінер.

Жаным сонша неге құмар сәулеге,
Әппақ нұрдан киген едім сәукеле.
Күтем ылғи сенен нәзік шапағат,
Түсіп жүрем таусылмайтын әуреге.

...Шырылдаймыз, шырқыраймыз тірлікте,
Ұрандатып шақырамыз бірлікке,
Айту оңай көпке уәж, бірақ та,
Бір аламға тірек бола білдік пе?..

* * *

Сонау көктем келген еді баяулап,
Қызғалдақтар кештеу жалын жамылып,
Айдың көлде аққу жүзіп, ай аунап,
Ару әлем ақ мұнарға малынып...

Төбемізде шарықтайды шағала,
Қытықтайды көкірегімді жалының,

Ұшырастық біз екеуміз жағада,
Әркім ансап жүріп Алтын балығын.

Жалын атқан жүрегіммен жыр жазып,
Тағдырыма, көктеміме ырзамын,
Шырмауықта қалып қойған шырмалып,
Іздеп келем сол бір әндер ырғағын.

* * *

Кей кезде күлкім суалып,
Сап болса көңіл-жыршы әні,
Көргенде кетем қуанып
Көгеріп тұрған шыршаны.

Табиғат берген тәбәрік,
Күйіне білу, сүйіне,
Ақ тілектермен жаңарып
Тұр мынау мамыр дүние!

* * *

Борайды қар көңілімді өксітіп,
Өткен-кеткен ойларымды көпсітіп,
Отырмын мен кейбір кербез шақтарды
Сағыныштың саңылауынан өткізіп.

Бір ғажап сәт, манаураған тыныштық,
Жер де, көк те – барлық әлем ып-ыстық,
Шағылысқан сансыз сәуле ішінде
Табиғатпен алған рет ұғыстық.

Жап-жасыл боп көктеп тұрған бәйтерек,
Бой түзеген басқасынан ертерек,
Аянышпен қарай бердім мен оған,
Қалса екен деп көктеміне еркелеп.

Сосын сенің күдіретті қолдарың –
Шартарапты шимайлаған жолдарың,



Төніп тұрған апаттардан төбемнен
Өзің келіп, сонда тағы қорғалың.

Келіп жатыр, кетіп жатыр көктемдер,
Көп те шығар бақытына жеткендер...
Қалатыны қандай жақсы жадында
Жақсылықтың жасыл дәнін еккендер!

ТӨРТ ЖОЛДАР

Күйттемей күйбеңін басымның,
Шашу боп жақсыға шашылдым,
Шаншу боп қадалып жаманға,
Бір ысып, бір суып басылдым.

* * *

Даламның жұпар иісі аңқып тағы,
Қапырық қала демі алқынтады,
Шіркін-ай, керім кештер, сылқым түндер,
Ауылдың қандай әсем алтын таңы!

* * *

Жайлауға кел, дем алып бір қайталық,
Сырымызды көптен жиған айталық,
Жалбыздарға моншақтардан жан бітіп,
Тыңдасын бір бізбен бірге жайқалып...

* * *

Ұмтыласың арманға, ұмтыласың,
Ескі-күскы кайғыдан құтыласың,
Енді жеттім дегенде бақытыңа,
Жаңа бір қасіретке тұтыласың.

* * *

Тумысынан түл дегенге сенбеймін,
Ақ бесікке салып қайта тербеймін,
Пенделерден жүккан саған кеселді,
Адамға тән мейіріммен емдеймін.

* * *

Кеткенің бе көлеңкені саялап...
Ұмытпашы шуақ кешкен күндерді!
Мен жүргенде арман бағын аралап,
Қоңыр күз де келіп, әне, үлгерді...

Жастық-көктем қол бұлғайды алыстан,
Ұшып кетті бұлбұл жасыл бағынан.
Жалғыздықпен сен бар кезде-ақ қауышқам,
Арпалысқа түсіп жүріп алуан.

Аман бар ма тілегіңді бермесе,
Ақ ниетім ұқсас еді ақ таңға,
Мәлдір шақтар отелі екен лезде,
Енді ғана ләззатынан татқанда.

Бәріне де көңілуге болар-ау,
Ой түбіне жету, сірә, мүмкін бе?
Тағдырыңды қабылдау, не қаламау,
Болса, шіркін, тек өзіңнің еркінде...

* * *

“Жамандық тілеп баршаға
Жүргенді ойлап шаршама”, -
Деймін де, жетпей шыдамым,
Қиналып кетем соншама.

“Жабығып жаным жүр”, - десем,
Қасымда болып күнде сен.



Қырық бір жамау жүректі
Деп кордің бе екен емдесем?

Күнге де айтып балағат,
Жаһанға тағып жаманат,
Боратты ол сөзін таусыла,
Қостың ба ақыл-аманат?

Қайтпаса қайтпас жақсылық,
Солмасын көңіл – бақ шыбық.
Білмессе екен адамзат
Мейірге деген тапшылық!

КӨКТЕМ

Рахат-ау күн астында көңіл қызып,
Ұмығып бұлтқа батқан күндеріңді...
Өмірдің ағындары сенді бұзып,
Ақ нөсер жер мен көкті түрлендірді.

Шикылдап қуаныштан күйттай торғай,
Тіршілік тәттілігін паш етіп бір,
Мен үнсіз отырғанға риза болмай,
Терезе жақтауында секіріп жүр.

Анашым, биыл көктем сенсіз келді,
Наурыздың құттықтаушы ем шуағымен,
Сен барда бүкіл әлем жұпар еді,
Жүруші ем әр күніме қуанумен.

Жалғасып, қабаттасып жатқан дүние...
Бобегім келеді, оне, тәй-тәй басып,
Жібiген қабақтарға күлкі үйіре,
Ертеңгі болашаққа есік ашып.

Көңілде шуағымыз арылмасын,
Енгенбіз бұл өмірге көктем құшып,
Төңірім жарылқаудан жаңылмасын,
Әрдайым жүрек тұрсын алып-ұшып.

* * *

Жаңбыр, тегі, күйіп тұр-ау, күйіп тұр,
Аспан назы жерге ғана сыйып тұр,
Құштарлығын баса алмаған тамшылар,
Шөпідетіп жердің бетін сүйіп тұр.

Аңызактан кеткен еді күйіп қыр,
Қарағаштар қас-қабағын түйіп тұр,
Терезелер жасаураған жанарын
Құрғата алмай, бүкіл тірлік ұйып тұр.

Мен де отырмын шуақ аңсап, он аулап,
Қою бұлтпен бірге қалқып, манаурап...
Аспан шерін тарқатқысы келгендей,
Нөсерімен жатыр жерді сабаулап.

* * *

Өзенімді сағындым
Мөп-мөлдір боп ағатын.
Өзіңді де сағындым
Күнде сонда баратын.
Біздің жақтың аспаны,
Өте биік екен-ау.
Сол бір күмбез астында,
Күншілдікпен өткізу,
Шуақ күнді бекер-ау...
Бұлт арылмай бойымнан,
Қашанғы күн өтер-ау.
Мен жеткенше асығып,
Біз тойлайтын тойлардың
Талайы өтіп кетер-ау...

БАЛА ҮСТІНДЕ КЕТКЕН КЕЛІНШЕКТІҢ МОНОЛОГЫ

Тағдырымыз түйісті екен несіне,
Сыймаған соң екеуміз жер тосіне?
Гүлің болып алдыңнан бір шығармын,
Түскен шақта менің күлкім есіңе.

Тыпыршып тұр мына керім тіршілік,
Тастардан да жатыр, әне, үн шығып.
Уыз дәмі уылжытып барады,
Жаным жатыр қимастықтан түншығып.

Армандарды ой өрісін шырмаған,
Жас нәресте, саған бәрін сыйлағам,
Сүйікті жар, сені ешкімге қия алмай,
Күні-түні күйіп-жанып қиналам.

Қоштаспадық, үміт оты сөне ме,
Адам жаны жамандыққа сене ме?
Мауқымды да баса алмай барамын,
Қалып артта өзім құрған кереге.

Саған айтар көп еді ғой сырларым,
Керегі не сыңары жоқ сырғаның?
“Сөйлеші”, - деп сұрағанда қыла,
Келіп еді құмарлана тыңдағым.

Мүмкін бе екен сені енді көрмеуім...
(Олімге де мүмкін емес көнбеуім).
Қайтейін, тек менен кеткен өмірдің
Тілеймін мен бөбегімде сөнбеуін!

КҮТУ

Балада

I

Әр дыбысқа елеңдеп,
Жолдардың алыс, шалғайы-ай,
“Әкем атпен келер”, - деп
Күткен күннің жалғаны-ай.

“Әкесі тастап кеткен”, - деп
Талай бала күлгені-ай,
Үйге келіп етбеттеп,
Үзгенім-ай түймені-ай.

Жолға шығып күн бойы,
Күтіп сәби жүргені-ай,
Болатындай бір тойы,
Кигені-ай көйлек бүрмелі-ай.

“Әкең жатыр мертігіп,
Орта жолда тұра алмай”, -
Өтірік айтты-ау желпініп,
Өсекші аға ұялмай.

II

Көкжиекке қадалып,
Жасырып ішкі жарасын,
Тұрғандай жаны кажалып,
Үстайды анам жағасын.

Тірі жетім екеуміз,
(Бұл тағдырдың ісі ме),
Майжармаға кетеміз,
Қайтамыз түн ішінде.

Жинап анам жыңғылды,
Білдірмей көзін сүрткілеп,

Мен жүремін шұңқырды
Өзінді іздеп тінткілеп,

Кұлап түсіп сүрініп,
Жатқандайсың шыға алмай.
Таппаған соң, күрсініп,
Әрең тұрам жыламай.

Мен мұнайсам, анашым
Қалады боп шерменде,
Сондықтан да көз жасым
Жатыр қатып кеудемде.

III

Әкелер қайтса жұмыстан,
“Папалап” күрбы жүтіріп,
Тұратын едім қуыстан
Қарап, жаным үгіліп.

Жазылмай ешбір емдерге,
Бөлініп бізден тұрағың,
Ілініп қалды-ау шеңгелге
Өзіңе қояр сұрағым.

IV

Күтсем де қанша келмедің,
Алмадың, әке, қолыңа,
Баладан басқа кем бе едім,
Телміртіп сонша жолыңа?!

Қолымнан келер жоқ шама,
Жанбады сенім шырағы,
Аыздар әлі алда ма,
Қалқиған айдың құлағы?

Түнеріп ызғар тонеді,
Көз жасы мұз боп бетінде,

Балдырған арман келеді,
Дірдектен желдің отінде

V

Бұрылуға бата алмай,
Сыздан та жиі жүрегін,
Іштегі сырды айта алмай,
Тарта ма, өке, негің?

Күңгірттеніп үй іші,
Бояулар семіп көңілде,
Аңсатып бір тал гүл иісі,
Жүрсін бе кезіп іңірде?...

ЖАЗҒЫ ҚЫРЫМ ЖАҢБЫРЫ

Көкірегі шерге толып қалғандай,
Аспан бүгін бір ақысын алғандай,
Төгіп жатыр тамшыларын аямай,
Шуақ күткен жанарыма карамай...

Ызғар шегіп, ығыр болған көңілді
Жылытар деп жылы Қырым өңірі,
Келіп едім, теңіз аңсап асығып,
Тұра тұршы көз жасыңды жасырып.

Қылықтылық жарасады-ау сұлуга,
Мәннің бәрі скен, тегі, жылуда,
Корші бөлме күбір-күбір әңгіме,
Найзағайдан әйнектер шак сынуға...

Есіл кез-ай бұл-бұл ұшқан көзінен,
Қабылдайтын бәрін ыстық сезіммен,
“Қит” еткенге өксігендей өмір жас,
Бар дүниеден күдер үзіп безінген.

Жорта ауырып, есіркер деп үлкендер,
Жатушы едік қалпымызда бүркенген,
Енді, міне, шақырмай-ақ, өзі де
Жиі-жиі шаншыңқырап жүр кеудем.

Көп күйбеңнен болып кейде қол үзген,
Кетіп қалу арман еді поезбен...
Базар бітер, біз де бір күн қайтармыз,
Жұрттын бәрі жүріп өткен сол ізбен.

Жатқызбады жұмыр жүрек лүпілдеп,
Көк аспанда көп жұлдыздар шүпірлеп, -
Соңғы кезде кеткендей ме жиілеп
Көрші атайдың жөтелгені күркілдеп?...

Ал әзірге менің бір-ақ бар әурем,
Қоштаспасам екен гұмыр-алаумен,
Жыл құсының мұнайтады-ау қайтқаны
Туған жерге жаутан-жаутан қараумен.

СӘБИ СУРЕТІ

Күннің нұры ағаштарға тамып тұр,
Қызым менің салған мына суретте.
Шұғыла шашып сары гүлдер жанып бір,
Жалын құстай ұшып жатыр жер-көкте.

Сәби көңіл таңдағандай еншіге,
Гүлге орап өрнектепті ғаламды.
Ұқсатамын ақ ниетті елшіге
Шапағатты шашу еткен баламды.

Барлық дүние бөленіп түр жыр-шокқа,
Пәк жүректің шуағынан нәр алған.
Еркелейді еніп әлем күшакқа,
Адамзаттың ықыласынан қаланған.

АРНАУ

Бибігүл Иманғазинаға

Қазақта бар не бір қыздар рухты,
Соның бірі Шалқарда да туыпты,
Орлігі мен ақылы сай көркіне,
Бибігүл де намысымен ұытты.

Кербез дерсің кермиықтай керілген,
Бір бойына бар сымбаттық берілген.
Сол сұлулық үйлескені-ай қайсармен,
Ал, батырлық мейірімге телінген.

Бой бермеген тауқыметке ордалы,
Өжет жүрек – мұңлылардың қорғаны,
Ығысалы қаһарынан қырсыздар,
Қандай жақсы сіздей жанның болғаны.

Саналыға сынағы көп Тәңірдің,
Жеңем деумен дертін қорлық-жөбірдің,
Атылады арыстандай айбатпен,
Ақ таяғы ашуындай әмірлің.

Пайымдаттың өнегене жұртыңды,
Шығармаңмен сүйсіндірдің ұлтыңды.
Жарымжанға тірек болған, Бибі-Ана,
Қоңіл сыйы деп қабылда бұл жырды!

* * *

Қамыс қалды-ау қар астында, ей, өмір,
Жер мен көкті дүлей боран басқанда...
Қоршаудағы әскердей-ақ бейне бір,
Қоғалы көл телміреді аспанға.

Жас камыстар жаз бойы су ішінде.
Мұңлы үкісін тұратын ед жел тербен.
Емендерді аңсап ылғи түсінде,
Жалғыз ғана ызыңы боп бар ермек.

Сары күзде өшіп қайран үміті,
Өзі-ақ келіп жығылатын ораққа.
Табысты етіп үй соғатын жігітті,
Айналатын қуанышты шаңыраққа.

Тұрақтамас мәңгі-бақи бақ, сән де,
Бір көрініс екіншіге ауысып...
Қамыстар тұр бастарында ақ сөлде,
Көктем күтіп тірсектері майысып.

* * *

Құлады түн тұңғиық,
Құлақтары салбырап.
Өсек отыр жылымип,
Сирек шашы жалбырап.

Күнкiлi көп түндер-ай,
Бақыттырақ болдым деп,
Бiреуге бiреу күлгенi-ай,
Қалғанын бiлмей сордын кеп.

Құлазып қалған көңiлiм,
Құбылған айға құрбан боп,
Қарлығаш-сөздер төгiлiп,
Бетiн маған бұрған боп,
Үркедi менiң мұңымнан...

ЖАПЫРАҚ ЖЫРЫ

Мына желдің тұрысын-ай, тұрысын!
Ашумен кеп жапырақты жұлысын!
“Биле!” - дейді жас бұтаны сабалап,
Ызғарлана үдетеді ұрысын.

Дірілдейді, жаутаңдайлы жапырақ,
Ағаш-ана тек дәрменсіз қалтырап,
Шарасы жоқ нәрестесін қорғауға,
Қара жерді тепсінеді аңырап.

Мына әлемге жасыл жұпар сыйлаған,
Таңдайы бал таң күстарын жинаған,
Қорғай алмай сені қатыгездіктен,
Жер басып-ақ жүргеніме киналам.

Кіп-кішкентай жапырақтар момақан,
Өзінді аңсап, атып жатыр күба таң.
Сені жоқтап көктемеген бұтақты,
Айтшы маған, қалай енді жұбатам?!

* * *

Қалампыр көтере алмай аз қырауды,
Ертелеу кеткен жазды жазғырады.
Суыққа енді үйреніп қалғанында,
Күн жылып, бұл байғұсты азғырады.

Бусанып, бойы балқып күншуаққа,
Жаз әні естілгендей боп құлаққа,
Масайрап сәл уақыт тұрады да,
Қайтадан түседі кеп сол сынаққа.

Пәк көңіл кейде алданып болмашыға,
Түншығып қалатыны-ай көз жасына...
Сенім де бір зәулім үй секілді гой,
Түгіні түзу шықсын мұржасынан!

Такса да біреу жорта мін,
Ренжіттім бе деп қорқамын,
Өкінгем талай сыр ашып,
Жанымның бұзып қорғанын.

Сараптап сөзді үйрендік,
Керенау кейде күйге ендік,
Өрмекші-ойдың торына
Ілініп сезім-инелік.

Асау бір аттай жүрегім
Босатып қойсам жүгенін,
Бой бермей кетер деп, дәйім,
Тізгінін тежеп жүремін.

Мүмкін бе екен, япырым-ау,
Еш жанның көңілін қалдырмау?
Біреуге қатты тиген сөз
Өзімді дертке шалдырды-ау.

Кеме деп өмір ұғынам,
Таймасын ол өз жолынан,
Толқыны болсам мен егер,
Жел болып сен тұр оңынан.

Шеге күмдай сырғып жатыр ойларым,
Таппай қойдым шырын сөздің оймағы,
Абайламай, алдым ба екен тарқатып
Үлбіреген жібек сезім торларын?

Әйтеуір, мен босаңсып бір көрмедім,
Талай рет жылы сөзге шөлдедім,
Сол бір үлкен кара көздер қадалып,
Маған карап қалған кездер - өң бе едің?

Ақылсызға қалай айтып жеткізем,
Жиіркенемін жылмақай мен ептіден,
Жайсандардың шынайы ыстық лебізін
Санамдағы саңлаулардан өткізем.

Жалғыз өзім сейіл кұрып тау жақта,
Сырым шертін сылдыр бұлақ, бау-баққа,
Биік асып кетіп қалғым келеді,
Аяулы жан күткендей-ақ аулақта.

Көз жасыммен тарқатамын мұң-шерді,
Көкірегіме “мен мұңдалап” күлкі енді,
Жанбырдан соң жап-жалаңаш дүние
Ұялғаннан жасыл ләтте бүркенді...

АҚЫН ҚҰРБЫМА

Кейбір сәтте қуанасын жайрандап,
Мұңаясын енді бірде қайран қап,
Жеті түнде жанып тұрар терезең,
Шабыт құсы кең әлемде сайрандап.

Мезі болып күнде келген қонақтан,
Отырасың... қабағың қар боратқан,
Қарсы аласың енді бірде елшілдеп,
Дос-сымақты тасадан кеп оқ атқан.

Әрбір үнге құлақ түріп сырттағы,
Аяп кетіп шуақ жұтқан шықтарды,
Қиялында көшіп сикыр бейнелер,
Ұқсатасың оған түйдек бұлттарды.

Тылсым күштің әміріне бағынып,
Сел сезімнен кете жаздап жарылып...
Безіп кеткің келіп бір сәт бәрінен,
Отырасың тыныштықты сағынып.

Қиянаттар жанды қинап, қамшылар,
Шарасыздан көңіл, шіркін, зар жылар,
Жүрегінді тілгілейді домалап
Жанарлардан ыршып түскен тамшылар.

Төрт мезгіл боп өзгересің сен демде,
Жүрегің бір жұмыр жермен, елмен де,
Жәй пенделер қайдан білсін жатқанын
Континенттер буырқанып кеудеңде?!

* * *

Жұлдыз көпір жер менен көк арасына
Салар едім, сен менімен барасың ба?
Көрер едің тәкаппар биіктерден
Әлемнің тұратынын жарасымнан.

Ыдыратып тастап төнген қара бұлтты,
Нұрландырғым келген еді талай жұртты,
Шапағатпен мейірімге тұнып тұрған
Дүниенің босағасы болсын мықты!

* * *

Кеудеде көптен жиналып,
Жаумай қалған бұршақ па?
Орала алмай қиналып
Жүр едім осы бір шаққа.



Жабыркар жүрек кезі көп,
Іздедім пәктік аралын,
Сызынан қыстың мезі боп,
Күтемін көктем хабарын.

Бермейді маза іңкәрлік,
Нұрынды төгіп жаныма,
Ашылшы, кәне, жыр-сандық,
Өзінді жүрмін сағына.

Бойымды қаптап сан күдік,
Аңсадым асау ағынды,
Таба алмай келем мәңгілік
Соғатын күретамырды.



ЖҮРӨГҮМДӨ ШЫРАК ЖАНЫҢИ ИТҮР МЕНІҢ..

* * *

Үмітім үзілмейді,
Күндерім жалғасады,
Тамаша күзім келді,
Сары ала нұр шашады.

Пейіштің шырағындай,
Жапырақ бал-бұл жанып,
Әуеннің ырғағындай
Кетті ауа толқынданып.

Жаяды күшағын жыр,
Таңырқап, тамсанамын,
Жылыстап ұшады жыл,
Мен Сені қарсы аламын...

АРПАЛЫС АНАТОМИЯСЫ

Күн шығады асығып,
Әлсіреп әлем қалар деп,
Қараңғылық басынып
Жерге бүлік салар деп.

Жанашырсыз емеспін,
Жанымда көп жақыным,
Ішінде қалып егестің
Тұманданды ақылым.

Қимастықтың көп қыры,
Киліккен оңбас араға,



Көңілімнің бостығы
Ауырлау болды-ау санаға.

...Шапағатсыз шашылған
Несібенін киесі-ай,
Жан айқайын жасырған
Тысым болмыс күресі-ай...

* * *

Қоюланып келеді Қорқыт - мұңым,
Бүгін тағы ұйқыдан қорқып тұрлым,
Корден емес қазылған, жұрттан қашып,
Кезіп кетіп, келеді жалғыз тұрғым.

Салқын қанды сайрап тұр дауыс анау:
"Атты", "күртты", "олтірді", "соғыс таяу",
Бір-бірінен үріккен пенделердің,
Жүректері жаралы, қырық жамау.

Өтерміз-ау өмірден елеңдеумен,
Игілік пен жақсылық көрем деумен,
Жылататын адамды Құдай емес,
Өз пейілі - құлқынға көгенделген.

* * *

Қалампыр түстес көйлек кигенмін,
Әлдеқашан ол ескірген,
Азамат деп басымды игенмін,
Сатқындығыңды кешіргем.

Азан да қазан күндер көргенмін,
Сыналы өмір жасымнан,
Алыстасан да, жақын жүргенмін,
Жарасын жанның жасырғам.

Қолымды саған соза бергенмін,
Сүрінбей өтсін деп орлан,

Азғырғандарды даусыз жеңгенмін
Тайдырмасыншы деп жолдан.

Бағанды сенің біліп келгенмін,
Әкесің ғой баламның,
Таусылмай кетті-ау, бірақ, кердеңің,
Жүрегімді жеді сараң мұң.

...Найзағай өтті жанымды осып,
Дегендей: “өмір мәңгі емес”,
Өзіңмен бірге өткізген жылдар
Қалды ғой енді боп елес...

* * *

Мен болсам ғұмыр-әдеппен,
Пір тұттым адам баласын,
Достасып сұлу сонетпен,
Емдедім жанның жарасын.

Самалын жұттым сан кештің,
Жұлдызды түнде жұбандым,
Ақпанда әппақ қар кештім,
Жақсылар үшін қуандым.

Айлы жаз көрдім сиқырлы,
Алаулап күйдім Күн – нұрға,
Ардақтап туған ұлтымды,
Тәрбие бердім ұл-қызға.

Өмірім мәнді, мәнсіз бе,
Өтінде заман – күйынның,
Демеу боп жүрдім әлсізге,
Тәңірге ғана сыйындым.

Салмақты салып жақынға,
Ажарсыз айла еткем жоқ,
Асқақтық тән деп ақынға,
Айдарымнан жел ескен жоқ.

Пыр-пырлап ұшты қол бұлғап,
Қырғауыл-арман, қызыл шок,
Жанарым енді күп-күрғақ,
Ынтықтық қалды ызың боп...

* * *

“Сіз - бізі” мол салтанат,
Болмысыңнан айнама,
Шаттық күшқан шартарап,
Жол бермеші қайғыға.

Ынтызармын пәктікке,
Ойлағым жоқ мұң жайлы,
Иіп шексіз мәрттікке
Жер тәні де бусайды.

Ығысады ызғар да,
Лебіздерден шуакты,
“Сіз - бізіміз” тұрғанда
Көркем дүние қуатты!

* * *

Махаббатпен дүние есігі ашылған,
Ақша бұлт түр асау шыңға асылған,
Таң шапағын шабыттана қарсы алдым,
Жүрегіммен жұмыртқадай аршылған.

Қимастығым күштарлықпен қайралған,
Өжеттігім нәзіктікке айналған,
“Ризамын”, - деп, еміренемін Тәңірге,
Күндеріме тіршілікке байланған.

Күміс айдың сәулесімен ымдасқан,
Жер бетінің бар мұңымен мұндасқан,
Жартастың да тас жүрегін жібітер,
Өмір жайлы жазсам деймін Нұр-Дастан!

Сәттерімде жабыққан дауа таппай,
Көздерінді іздеймін қарақаттай,
Аспалы сол көпірдей кемпірқосақ
Бізге түскен аспаннан аманаттай.

Алаулаған сезімін жасыра алмай,
Адамдарға күн ұшып асығады-ай,
Жеті бояу шүпірлеп жүрегімде
Сені ойласам от болып шашырардай!

АДАСҚАН ЖАННЫҢ МОНОЛОГЫ

Өзімнен өз көлеңкем қаша берді,
Бір сайтан еркімді алып баса берді,
Кейпімді менің қорыққан көрген сайын,
Күшейіп, ырысымды шапа берді.

Үнімді өшірердей оршигеді,
Ығына қонбей қойсам, ошигеді,
“Жердегі пірің сенің өзіммін” деп,
Ісініп – кебінеді, есіреді.

Соңынан сүмеңдетті, ертіп қойып,
Иман мен намыс, арды ептеп жойып,
Шалқыдым, шалқақтадым едірейіп,
Жын суға алғаннан соң әбден тойып.

Осылай бастан дәурен қоше берді,
Бойымнан күш пен жігер өше берді,
Малғұнға тізгінімді бергеннен соң,
Мен үшін тағдырымды ол шеше берді.

Құрдымға итерді де сол албастым,
Байқамай біреуге еріп мен қан бастым,
Темір тор арасынан телміремін,
Шетінде қалғандай-ақ бір жартастың.

Күндерім көркем еді, жайсаң еді,
Құдайым жолдарымды аша берді,
Барымды місе тұтпай, бағаламай,
Басымнан бақ-береке қаша берді.

Жүйкем де жұқарғандай түнек күшқан,
Өзіме жетесіздік болды дұшпан,
Адамның қазынасы— ақыл екен,
Тойымсыз құмарлыққа қарсы ұстам.

Солқылдақ кейпім мынау сорға айналған,
Мұндай күй кешемін деп кім ойланған.
Гетенің “Фаустын” мен оқығанда
Перінің әр ісіне қайран қалғам.

... Жас ұрпақ қайсарлансын деп айтамын,
Әр пенде жеңу керек өз сайтанын.
Адамнан ол антұрған мықты емес қой,
Мен бейбақ соны, бірақ, кеш байқадым.

* * *

Өлеңді жазамын деп жазбас болар,
Жүрегің қуаныш пен шерге толар,
Жанымды жаңбырлы күн құлазытты,
Жыр-кептер таппай қойды сая қонар.

Күндерім тамшылардай құмға сіңген,
Іздерім қайда кетті қанша жүрген,
Ешкімнің еншісіне жармаспадым,
Аз болды, бәлкім, сәттер ойнап-күлген.

Өкпем жоқ, өксік қалған құрғақ шөлдей,
Шаршадым алға ұмтылып, көкке өрлей,
Өлеңім нәсерлетіп құяр еді-ау,
Қасымнан табылса егер көңіл көлдей.

Күрсініп мен секілді ағаштар да,
Қараймыз үмітпенен қара аспанға,



Жеткізер жүрегіме мың бір жол бар,
Армандас алқынған ба, аласқан ба.

Көңілдің кетпей қойды жара, дағы,
Жанымды жаңбырлы жел сабалады.
Ой-мұңнан арылтатын жарқанаттай,
Сәуле – сезім екен ғой арадағы.

* * *

Батар күннің таласқан сәулесімен,
Шоктай жанған гүл көрдім әуре өзімен,
Соңғы нұрды тойымсыз сіміреді,
Күштарлықтан айырылған тәубесінен.

Ымырт жақын, ықылық атқан маңай,
Қызыл-сарғыш бояулар жерді жалай,
Бірте-бірте жылыстап күнмен бірге
Жөнеледі артына қарай-қарай.

Қарбаласып бар тіршілік иелері,
Бір Құдай боп бұл шақта сүйенері,
Шүкірлікті жақсылар етіп байлам
Абырой мен иманын тілер еді.

Қараңғылық қаптайды, қапсырады,
Ерекше бір ләззатын таттырады,
Талықсыған жандарды түн тербетіп,
Тылсым әлем есігін аштырады...

* * *

Жерден де іздеп Махаббат,
Көктен де тілеп Махаббат,
Ғұмырым өтіп бара ма,
Қойдым ғой таппай қанағат.

Жалбыздың иісі аңсатты,
Түбексіз тағдыр шаршатты,



Ләззатын өмір татпаппын
Күр қуыш жүріп мансапты.

Ғаламға мынау мың алғыс,
Сәттерім үшін сыналғыш,
Бакытым үшін ұрланған
Күндерім үшін күнарсыз.

Жеткізбей арман-күтыншак,
Болып та барам ұрыншак.
Ойсыздар ойнап тастаған
Жылдарым, кейде, қуыршак.

Таңдарым өтті ызғарлы,
Кейбіреу маған сызданды.
Шынымен біздің еркектер
Сыйлайды ма екен қыздарды?

Өксіте беру ерлік пе,
Еңкею үшін келдік пе?
Қыздары болса қамкөңіл
Сын емес пе еді елдікке?

Бұршақты күндер мұңайтты,
Ұрымтал уақыт ұлғайтты,
Тегінен тексіз туғанды
Өзгерер деп кім айтты?

Көз жасым гүлге тамшылап,
Намысты келем қамшылап,
Айшықты ойлар айға алмай,
Сезімді жүрем шаршылап.

...Тарғылданған жол мынау,
Аясай енді, шіркін-ау...
Қайраша берді төзімім,
Мүмкін бе енді ыршымау?!

* * *

Бүгін күстар шаттанады ән сала,
Мен оларды тыңдай бердiм тамсана,
Кеше ғана қыс қыстаған жүрегім
Алып ұшты. көктем күнін қарсы ала.

Қанат бітті, бір ғажайып маған да,
Самғап кеттім, нұрға айналды санам да,
Бұл фәниден алған бүкіл ләззатты
Шашу етіп шашқым келді ғаламға!

* * *

Ағаштарым жайқалсын деп тілеймін,
Тамырлары қасиетті, зор болғай.
Түні бойы, кейде, көз де ілмеймін,
Жел өтінде қалған жасыл сені ойлай.

Бәріңе де бірдей тоқтім шапағат.
Біреуінді кем көрмедім біріңнен.
Біреуінде молдау пайым, қанағат.
Екіншіңнен байыпсыздық білінген.

Ұқсастықты қаламаймын өзім де,
Жапырақтарың жаңылмасын әнінен,
Тұрақтайды бақыт ақыл, төзімге,
Ессіз ерлік айырылады мәнінен.

* * *

Керегі жоқ маған атак, мансаптың,
Әпмақ қарды кешіп жүрсем болғаны,
Шыжып күйсем ыстығына аптаптың,
Көктемменен бірге көрсем олжаны.

Ұрпағымның ұнжырғасы түспесін,
Санасын сау, денін аман етіп бер.

Жібегімді біреу жүнше түтпесін,
Аулақ кетсін, жоламасын зар мен шер.

* * *

Жалғанды жалпағынан басқандар аз,
Арбайды алшандатқан алаөкпе жаз.
Жердегі жазықтылар кешкен ғұмыр –
Көктегі мәңгілікке бағынған саз.

Тұтқыны құлқынменен құндылықтың,
Ей, пенде, ғұмыр кешіп, нені ұқтың?
Өмірден “алам” деп кеп бос кетуін
Төкаппар заңы ма әлде ұлылықтың?

Қалғанда қамауында қайшылықтың,
Талықсып, үгітіліп, таусылып шын,
Зер салып байқадың ба бойыңдағы
Қуатын қолдаушы күш-қарсылықтың?

Бардың да берекесін тілей алмай,
Жоқтың да күркесінде түней алмай,
Көрмейтін көктегенін көркемдіктің,
Жүргендер аз ба ешкімді сүйей алмай?

Бәріне риза болып кетерінде,
Жөнелесің тылсым күш жетегінде,
Өмір сүру дегенің леп белгісі –
Қойылар жанкешті мен жетеліге!

* * *

*Хас талант иесі, сыр сүлейлерінің жалғасы,
өмірден ерте кеткен атақты жырау
Көшеней Рүстембекұлының рухына арналады.*

Аралап жырың кетті қыр мен күзды,
Айды да тебіrentіп, жұлдыз күшты,
Тыншыды көкбет дауыл әуеніңнен,
Биікке қуат алып, қыран ұшты.

Ой-тұлпар ағылып уақыт омырауынан,
Таскын жыр буырқанды қойнауынан,
Кемсендеп кербез теңіз қалды ойланып,
Даналық сіңген сенің толғауыңнан.

Патшалық етіп көкте қазақ әні,
Ой түйіп термелерден манның бәрі,
Пенденің кесірінен кебірсіген
Бусады мақамыңнан жердің тәні.

Өрнектеп бабалардың сөз қалауын,
Еліңнің алып едің көп сауабын,
Бұлттарды қара нардай қақыратып,
Ғарыштан жеткізгенсің жыр алауын.

Өнерді ұрпағың бар жалғастырар,
Жұртың бар жырға танды ұластырар,
Халқыңның көкірегінде көз болмаса,
Тұңғиық сендей дарын тумас шығар!

* * *

Жақсылықты бір-біріне қимаған,
Дөкейлерін амалсыздан сыйлаған
Жаны жайсаң тұлғаларын тұқыртып,
Күн көрсетпей қызғанышпен қинаған,
Ел болдык-ау құндылығы қираған...



Сүлк түсірер сұлулыққа сұктанса,
Қарсыласын сөзбен түйерер жыққанша,
Басқалардың бәрі жақсы көрінер,
Өз қадірін қашан өзі үкқанша,
Шашылар-ау берсеке мен күт қанша...

Байығаны менсінбеген туысын,
Ақша бүркеп кеудесінің қуысын,
Бас қатырып пайымдап та жатпайды
Ұғымының дұрысы мен бұрысын,
Ортаймайды деп ойлайды ырысын...

Құмарына қанамын деп қызықтың,
Құрбаны боп айлакер мен бұзықтың.
Нұрлы сана, адамдық пен ұлттыққа
Салынғанын сезбей жүрміз құрықтың,
Лайланғанын “иман” атты тұнықтың...

Құныққанның тоқтамы жоқ құламай,
Бұл өмірден өткендер аз жыламай,
Мен үшін ғой сенен артық халық жоқ,
Кей қылығың жүргенімен ұнамай,
Киелім-ау, болсаң етті қырағы-ай...

СЫР ЕЛІМ - АТА ЖҰРТЫМ

Асау сырдай өр мінез адамдарың,
Оларға ешбір тенеу таба алмадым,
Саф көңілдің мәрттігін сақтай білген,
Аман бол, туған жұртым - кара орманым.

Беттетпес дауылы бар боз даланың,
Мен оны бөтендерден қызғанамын,
Жаныннан жағынбай-ақ табылатын
Жасампаз жандар жайлы толғанамын.

Парқына жақсылардың жете алатын,
Түйінін пайымды ойдың шеше алатын.

Намысын биік ұстап, арын сақтап,
Құрбаны боп шындықтың кете алатын.

Мұңлы бұлт бүркесе де жанарларын,
Арнаған ұрпағына ән-арманын,
Тылсымның сырын ұққан, әруақ сыйлап,
Қастерлеп қасиетті бабаларын.

Тереңде өзек талар сыр тұнғандай,
Перзентің соны ашуға ұмтылғандай.
Жанына медет болмай қиын сәтте,
Ата жұрт, айыбым бар қымсынардай.

Аптаптың табы қалған жүрегімде,
Сыр өзен, иірімін өлеңімде,
Туған жер, топырағың күт болмаса,
Нық басып мен осылай жүремін бе...

* * *

Барып ем саған жақын деп,
Бетіме шаштың лайды,
Өтке толы көкірек,
Жарылса егер улайды.

Қызғаныш алған тұмшалап,
Көрмейсің көңіл шырағын,
Сумандап тілің – құмсағат
Суырар сөздің ылаңын.

Аядым сені, ызғарлым,
Шуақсыз қалай жүрмексің,
Ішінде ыза-сыз барын,
Аңқылдап жүріп білменмін.

...Жаңбыр да қойды, күн шықты,
Асыр да, тұсыр бар маңай,
Жүрегім саған ынтықты
Қамыққанына карамай.

* * *

Өр халықтың ұрпағымыз аңғалдау,
Мәрттігіне риза болған Тәңірі,
Заман келіп ар-ұяты арзандау,
Ортайғандай адамдықтың кәдірі.

Жанталасып әр мықтысы, жалаңдап,
Бұйырта ма игілігін жерімнің,
Адыменен алдап, арбап санамды ап,
Құлатпақшы туын ұлттық сенімнің.

Имендіріп, иілтеді сонан соң,
Құндысынан айырылған жұрт оңар ма,
Жәдігөйсін сөйлегенге соғар қол,
Қазақ мұнша алаңғасар болар ма.

Өн бойынан дала иісі аңқыған,
Халкым менің – сүйенішім, қуатым,
Сенем саған, ардақтым-ау алтыннан,
Сен емессің оңайлықпен сынатын!

КҮН ЖӘНЕ КӨЗ ТУРАЛЫ

Жанарыңды алып кашпа, көркем Күн,
Сен сияқты мен де күйіп-өртеңдім,
Мәңгіліктің аманаты өзіңсің,
Ал, мен болсам, шуағыңмен көркейдім.

* * *

Көз дегенің күннің шағын моделі,
Жер бетіне сыйға тартқан сәлемі,
Жаурамайды, мұздамайды екен ол,
От болған соң қуат алар әлемі.

* * *

Саналының көзқарасы уытты,
Тұнығында тылсым сырлар тұныпты,
Елжірейді сен секілді дүниеге,
Ашқысы кеп бар құпия құлыпты.

* * *

Түйсіксіздің жанарының нұры жоқ,
Ақылының арқа сүйер қыры жоқ,
Көкірегін қайқайтады кердендеп,
Көрінеді-ау өзіне-өзі ұлы боп.

* * *

“Адам көзі – көңілінің айнасы”,
Пасықтардың көп екен ғой айласы,
Ақымақпен түспес болар айқасқа,
Болмас оның абыройға пайдасы.

* * *

Жер бетінде шүпірлеген күн – көздер,
Ынтығумен бірін-бірі күнде іздер,
Сөзбен кейде жеткізе алмас сырларды
Көзбен ұғып толқитын да бар кездер.

* * *

Жаның күңкіл күншілдікпен алысып,
Жомарт жүрек жетімсіреп шанышып,
Жүрген шақта жарқ етер-ау жанарың,
Көзайым боп арманыңмен қауышып.

* * *

Сөнбейді ғой ешқашанда ұлы Күн,
Ал, адамға ажал салып құрығын,
От - жанары топыраққа көміліп,
Жұлып алып әкетеді-ау ғұмырын.

Әр пендеге бар заманда сол қайғы,
Тағдыр адам өмірімен ойнайды.
Күн секілді көз берген соң пендеге,
Ол да неге сондай өшпес болмайды?!

* * *

Есірке мені, Құдірет,
Құтқаршы ылан, кірлерден,
Найзағай-отпен тіліп от,
Жанымды жылап мұң емген.

Қажет деп іздеп жүргенім,
Қауқарсыз күйкі әурелік,
Бетінен жердің түйгенім —
Жоқ бұл жақта әулиелік.

Көлгірсіп бекер қайтейін,
Өзіңе бәрі аян ғой.
Күпіршіліктің айт емін,
Жетер шақ саған таяу ғой.

Пәктіктің иісі аңқысын
Бойымнан сәби күндегі,
Жаныққан жаным балқысын,
Ұмыт боп күндер күрделі.

Қалқилды тылсым әлемде,
Ғажал үй киген нұр-сауыт,
Сол үй түр күтіп төбемде,
Барармын бір күн жол тауып...

ОЙ ТЕЗІНЕН ӨТКІЗЕМІН БӘРІН ДЕ

Жаркылы жоқ, ақылы жоқ кей қауым,
Саған емес мынау менің арнауым.
Жетеліге айтып тұрмын жалын сөз,
Тілеймін тек аяқ асты қалмауын.

Арзан ойдан аулақ болған бабалар,
Келер ұрпақ, бәлкім, бізді табалар.
Жұрт санасы сатылған ба ақпаға,
Бармысындар рух берер, ағалар?!

Ізгілікке жеткізбейді қырсықтық,
Кобік сөздің арасында тұншықтық,
Ата бөтен алқымнан кеп алғанда,
Өкіреді-ау өркөкірек ынтықтық.

Онеге боп ойлап жүрген жас қамын,
Қартын сүйеп, жинап бала шашқанын,
Барыс жүрек азаматтар қайда екен,
Шарықтатар Ата жұрттың аспанын?!...

Ой тезінен өткіземін бәрің де,
Халқымды ойлап, жалбарынам Төңірге:
“Алып дүние азуына жем қылмай, -
Сара жол бер, салып өзің төлімге!”

МҰНАЙШЫЛАР ВАЛЬСИ

Берекелі болу үшін бақ дарып,
Осу үшін ұрпағымыз шаттанып,
Жүз жыл бұрын асау Атырау қойнынан
Қара алтын шығып еді қақ жарып.

Байлық деген қасиетті бақ екен,
Көңілдерді шалқытары хақ екен,
Иеленген ырысы мол мекенді
Қазағымның ниеті де ақ екен.

Жүректерден тарап жатыр жарқын нұр,
Бүгін бізбен тойла, достар, ойнап күл,
Маңғаз Каспий еміреніп, елжіреп,
Еркін елге сыйлай берсін мұнай-жыр.

Қ а й ы р м а с ы:

Бұрылмаған бабаларға бақыт бізге бұйырсын,
Ырыс болып елімізге мұнай құты құйылсын.
Теңгіз, Қарсақ, Доссор, Құлсар, Қызылқұдық,
Мақаттың,
Бойындағы қуатымен кең даламыз жылынсын!

ЖАС ТҮЛЕКТЕРГЕ

Қанаттас боп ұшындар биіктерге,
Құт дарын өздеріңмен сүйікті елге.
Мың қатпар қиындыққа кезіккенмен
Алынбас камал болмас нықты ерге.

Болмайды мінсіз тірлік бұл өмірде,
Кей-кейде кетпей қояр бұлт көңілде.
Сол шақта сенім артып нұр-қуатқа,
Құштарлық лаулап жансын жүрегінде.

Жас қайрат, жарқыраған, жалындаған,
Сендерге үміт артты қалың далам,
Бойларыңда бабалар рухы бар,
Өздеріңнен қазақты таныр ғалам!

* * *

Қар жауады жердің бетін ақтайды,
Күнәһарлар бірін бірі мақтайды,
Ыңырсыған жел де кіріп үйлерге,
Жылу іздеп, сырқат жанын сақтайды.

Сағындырған көктем келіп жасынмен,
Сырласады, мұңдасады ақынмен,
Ойдым-ойдым болған жердің бетіне
Құт, береке сыйлап жасыл дақымен.

Көздің бетін әуен келіп қытықтап,
Құйттай торғай шикылымен қылықты-ақ,
Жаһұттардан алқа таққан Күн шығып,
Жаратылыс жатыр оны ұлықтап.

Жанды дүние жұмбақталған тылсыммен,
Жаралғансың ықыластан нұр сіңген,
Барлық тірі жылу аңсап, пана іздеп,
Қандай мұңлы ғашық олем күрсінген...

*Белгілі акын, бауырым Нұртас Исабаевтың
50 жылдық мерейтойына арналады.*

Нұртас, сені жұлдыз сүйген, ай сүйген,
Арай шашып, айдарыңнан күн сүйген,
Бесігінді коңыраулатып Қыдыр күз,
Тербелгенсің тамылжыған ән-күймен.

Бауырым-ау, балдырғандай мөлдірім,
Жастық шақтың шаттық бағын керді мұн.
Төзіміңнің төстігінде жыр аунап,
Тағдырыңмен өрлілі ғой өрлігің.

Қасиетті бастауымның бірісің,
Кейбір кезде тарылғанда тынысым,
Жігеріңнің қуатына тәнті ғын
Қойған мені алмас болат құрышым.

Жыр айдының мамыр бұлтты егіткен,
Мейірімін аққуларды еліткен,
Жомарттығы аздау мына дүниеге
Құштарлықты паш етуге келіп пе ең...

Нұрлы жырың бара жатыр тау асып,
Еркелігі елуіңе жарасып,
Жан шырағын жарқыратсын жұртыңды,
Ұлағатты жылдарыңа жол ашып.

13.11.2004 ж.

АҚЫН ӨТТІ СЕЗІМІН АЛАУЛАТЫП

(Абзал ақын Қанипа Бұғыбаеваның рухына)

Ақын өтті сезімін алаулатып,
Омірдің өзегінен жыр қаулатып,
Періштедей қорғаумен әлем нұрын,
Сұлулықтан, пәктіктен сыр аулатып.

Қалықтап аққу-сынды, қиянатсыз,
Көңілге самал үн боп ұялапсыз.
Жайсандық, қанағаттың символысыз,
Қазактың даласындай ұлағатсыз.

Есеппен есіретін дүние қалды,
Кеттіңіз асқақтатып Жыр мен Арды.
Мәрттікпен ұлы ғарыш қабыл алысын,
Кірметпей аманатын жеткен жанлы.

24.05.2004 ж.

* * *

Жүрегімде шырақ жанып тұр менің,
Лаулайды ол алуан түрлі бояумен.
Көңілімнің үлдеген күз желін
Аластаймын сол күдіретті алаумен.

Көк қарғаның күңкілін де кешірем,
Сауысқанның сыпсыңына мән бермей.
Бәлкім, мен де, кейде, жөнсіз қосілем,
Оз ойымды басқалармен теңгермей.

Сенің қарлы бораныңның бағытын,
Өзгертсем деп келем әлі күн жаққа.
Жас көктемді аңсап жүрген шабытым,
Талай рет ұрынғанмен бұршаққа.

Жаркын жүзбен күн кешсем ед айтпағым,
Жер бетінде қалса сәуле – жырларым.
Әрбір жанның бұл дүниеден қайтқаны,
Ойсыратар болмысыңның сыр-мәнін.

Сондықтан да аман болсын қас пен дос,
Өмірімнің төрт мезгілі секілді.
Өздеріңсіз сана-сезім қатар бос,
Сөздеріңнен жігер қайта бекінді.

Адамның бір бақ күшатын сәті ғой,
Қуанғанын көру жылап жүргеннің.
Жан сарайға шырақ жақса нұрлы Ой,
Мен осыны әулиелік деп түйгенмін!

* * *

Күз жылап, тығылып жүр жанарыма,
Менің де кірбін кіріп қабағыма.
Ыстығы ысырылып аптап жаздың,
Жердің де беті, міне, ала-кұла.

Саналы айтқызбай-ақ жаныңды ұғар,
Күз қыстың қаһарынан үріккен шығар,
Күн көзі қитарланып бұлт астынан
Қарайды, қылығы жоқ жұртқа ұнар.

Кей-кейде мен де сол бір қыли күндей,
Отымды лаулата алмай жүрем үрлей,
Фәнилік жарты ғасыр өмірімді
Өткізген секілдімін өзім сүрмей.

Бола алмай Шығыс қызы бал-шырынды,
Ақтарып алыпшын-ау бар сырымды,
Сарғайттың жапырақтай, енді маған,
Маңдайы кере қарыс Ай бұрылды!

*Сырласым, мұңдасым, адал досым
Айнагүл Қинатқызына*

Бірге жеңдік талай тағдыр тәлкегін,
Айнагүлім, айнымас дос, ән - кенім,
Жылдар өтті сұлатқан да жылатқан,
Екеумізді демеп еді пәк сенім.

Қиналғанда бекем будың белінді,
Қайсарлықпен бастың босаң көңілді,
Айнашым-ау, білемін ғой қанша мұн
Торлайтынын нұр аңсаған көгінді.

Жүргенімде жол таба алмай адасып,
Басу айтқан, ақыл қосқан жаны ашып,
Қабылдайтын мендегі бар жасынды,
Адалым-ау, жүрсін маған қарасып.

Өлшемі боп келесің сен парықтың,
Керек кезде ірілік те таныттың,
Арамдықты ауыздықтап қоятын,
Адуынды мінезінмен табынттын.

Саналыға болысасың дауласып,
Ақымақпен жатпайсың сен жауласып,
Бас имейсің мансап пенен байлыққа,
Жақындарға сыр ашасың саулатып.

Айнашым-ау, сырқаттарға мойыма,
Орындалсың алғандарың ойына,
Екеумізді адалдықтан айнытпай,
Барайық біз әлі талай тойына.

Сарқырамадай күлап түн,
Дәрменсіз еттің, жылаттың.
Адамшы мұнша боларын
Білмейтін арман-мұраттың.

Сенделген жұрттың бар мұңын,
Аркалап акын — тағдырым,
Ине де шаншар жері жоқ
Ой-дерттен жүрек жарлының.

Жаумаған әлі жауын да,
Лаулай алмаған жалын да,
Толғағы ашы дүние
Шырқырап түр гой жанымда!

Біреуге ақша жетпей, біреуге мансап,
Әйтеуір, барлық пенде жоғын аңсап,
Өлермен оркеуделер өнмендейді,
Таныту үшін атын жұртқа жар сап.

Қиянат жасап арлы, таза жанға,
Көре алмай шыққандарлы озып алға,
Шалады аяғынан, күлатады,
Бояуга дайын манды қызыл канға.

Жарымес, жүрегінде жоқ Құдайы,
Ынтығы ләззат алу боп ұдайы,
Даңғаза, дарақылар толып кетті,
Бұзылды дүниенің пәк шырайы.

Барасың, ғасыр, бізді қайда бастап,
Адамдық қасиетті жүрміз таптап,
Шошынып кейімізден нұр-санасыз,
Қашпасың бақ-береке бізді тастап.

Таулар түр жалбарынып Жаратқанға,
Орман да мінажат қып атқан таңға,
Тәубеден айырылған пақырларға
Қаркысдап күліп отыр қара қарға...

* * *

Әлемдік нұр-санадан қуат алып,
Асығам ізгілікке тұра салып,
Адамдық қасиетті арттырсам деп,
Жүргем жоқ ешкімге де кінә тағып.

Жаныштың нәк сезімді, ұрғыладың,
Жазығым - жүректегі жыр-тұмарым,
Жаныма батқаннан соң қиянатың,
Мен саған Жаратқаннан Ой сұрадым.

О, Алла, пайым, түйсік ессі ме,
“Уәжді айт, - депсің ғой, - жетеліге”.
Білмеймін кімнің қандай орыны бар,
Түңгілік дүниенің есебінде...

* * *

Алмагүл Божановаға

Із салған Құс жолындай өзіңді,
Жерлес деп, дос деп білем жаны ізгі,
Киелі Теренөзек топырағы,
Туғызған сіздей – сырбаз, батыр қызды.

Шырылдап жаны бірге халқыменен,
Ор тұлға, қайсар мінез қалпыменен,
Аруды Алмагүлдей теңер едім,
Тұмардай ханшайымның затыменен.

Ел билеп жастайынан, атқа мініп,
Бойына туған жұрттың мұңы сіңіп,

Жаны ашып, қамқор болып қарт пен жасқа,
Жасайды жақсылығын айтпай жүріп.

Еңсесін өрелінің биіктетіп,
Күресер зұлымдықпен, күйіп кетіп,
Осындай отты жігер ықыласы
Халқына қойған оны сүйікті етіп.

Қаймықпас жүрегiнiң түгi бардай,
Бiлгенге жаны оның нәзiк қандай,
Мерей жас құтты болсын деймiн сiзге,
Елменен биiктей бер, көкке самғай!

ЖАСТАРҒА

Ей, елiн сүйген, ойшыл жас,
Арманымыз да тым ұқсас.
Ақылыңа сен ақыл қос
Ғасырда мынау қарбалас.

Қазақ деген бiр халық бар,
Келбетiн заман анықтар.
Қиялы көкте қалықтап,
Санасы әлем шарықтар.

Елiне тiрек ұл тiлеп,
Ән-жырға жаны елжiреп,
Ертеңiн ойлап бабалар,
Өсiрген ұрпақ ержүрек.

Ұланым, сен бол қырағы,
Тау-түздiң еркiн қыраны,
Бойыңа жинап iзгiлiк,
Ұғып ал, жаным, мынаны:

Мұндай жер бiзге қайда бар.
Аңыз да шынға айналар,
Жерұйық iздеп жүргендер
Далана келiп байланар.



Толқуда қаным менің де,
Шарқ ұрар жаның сенің де,
Тізгінін ұста еліңнің,
Бойкүйездікке берілме.

Өрлеуді жазсын көруге,
Жетейік озық елуге*,
Намысын туған халықтың
Болмайды қолдан беруге!

ҚЫЗЫМ МЕНІҢ - ЕҢ ӘДЕМІ ӘЛЕМІМ

Әйгерімге (әні бар)

Қызым менің - ең әдемі, ең әдемі әлемім,
Пәк дүниеге сыйым менің, сыйым менің, сәлемім.
Сапауатты, инабатты, инабатты ғаламға
Әр берер деп, нәр берер деп, нәр берер деп сенемін.

Қ а й ы р м а с ы:

Қызым менің,
Қуанышым шаттандырған шалқытқан,
Біздің үйде әтір иісін, әтір иісін аңкытқан.
Қызым менің, қызым менің молдір көлдей тұнығым,
Ақ дидарын алауласын, алауласын бақыттан!

Көңлімде бір өзіңмен көктеп жатыр
алуан гүл,
Қызым менің, қызғалдағым,
тіл-көздерден аман жүр,
Сен күлгенде мынау дүние шабыттанып,
жарқырап,
Көктің өзі шаттанғаннан төгіп тұр ғой
саған нұр.

* 2006 жылғы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың халыққа жолдауындағы "Озық елу елділіктерімізді дамыту стратегиясынан".

Не тілейді ата-ана, ата-ана балаға,
Айдынына келіп қонсын
“Бақыт” атты шағала!
Қандырып ем уызына, уызына мейірімнің,
Қызым менің, қолдасыншы
сені Алла Тағала!

ӘДІЛЕТ ҰЛЫМА

Әділетім, жаным менің, әппағым,
Өзінменен бірге атты ақ таңым,
Жиырма жасың құтты болсын, жан балам,
Үміттер мен тілектерді ақтағын.

Біздің үйге көктем келген сенімен,
Бар қиындық сен өскен соң жеңілген,
Бапталғансың ізгіліктен нәр алып,
Оқуға да аттанғансың сеніммен.

Денің сау боп, пана болсын Жаратқан,
Азамат бол жұртты ауызына қаратқан,
Ты-көздерден, жамандықтан аман бол,
Білімменен озық ойға талаптан.

Жайсаңдардың ортасында жүр, жаным,
Оларменен биіктейді таңғамың,
Санасыз бен алаяқтан аулақ бол,
Жарқын болып атсын десең әр таңың.

Артыңда бар халқың сенен үміткер,
Еуропаның өркениетін ұғып кел,
Ұлы Дала қасиетіне тәпті ғып,
Қоңылдерін біздің елге бұрып кел.

Жылаңқыны жолатпашы жаныңа,
Сүйенгейісің ақылыңмен арыңа,
Менмендік пен жанаярлық оңаттпас,
Жеңілтектік жеткізбейді бағыңа.

Өмір өзі көп нәрсені екшейді,
Сабырлықпен ұқсан егжей-тегжейді,
Алуан түрлі адамдардың ниеті,
Мақсатына жетуді әркім көксейді.

Жарқырай бер, жалын атып жүрегін,
Шуағыңмен жайнат көңіл түнегін,
Пенделікпен күн кешуге болар-ау,
Мен өзіңе Адами бақ тіледім!

ҚАЗАҚ АЗАМАТЫ

Күн нұрлы, әуен асқақ, заман сырлы,
Азамат бірде күйлі, бірде мұңлы,
Жығылған кездерінде жазық күшып,
Сүйеніп туған жерге қайта тұрды.

Жүрекке ұлы сенім ұя салған,
Жаны бар шөл даладай күй аңсаған,
Лайықты болсын деп сол кеңістікке,
Жаратқан мол нұрынан күя салған.

Еліңмен егіз сенің бақ, арманың,
Қазақтың азаматы, қаһарманым!
Көгінде көңіліңнің жасын ойнап,
Ешқашан сиремесін қатарларын.

Дауыл да, зұлматтар да бүктырмаған,
Бойына жаман атты жұқтырмаған,
Халықтың жүзі жарқын болуы да,
Сіздердей нар тұлғалы мықтылардан!

* * *

Бар табиғат күбірлесіп, сыбырласып, сырласып,
Анау шымшық сауысқанға болып қалды шын ғашық.
Жылт-жылт еткен тышқан көзі жаналғышы — мысыққа,
Қүйттай құстар шаттанады, таңдай қағып, шуласып.



Дүние-думан есіртеді, еліктіріп, елітін,
Қойғанын-ай бар тіріні бір-біріне телітін,
Ағыл-тегіл алабұртып, желіктірген ғұмыр-бақ,
Алатыны-ай бір-ақ сәтте қақпақтарын бекітіп.

Сана сыйлап адамзатқа жарылқамай басқаны,
Мейіріммен, шапағатпен тек нұр болып шапқаны,
Тоқсан тоғыз есімінің мәнін ашып Қүдірет,
Жүзіншісін жадымыздан неге атып тастады?

Мәңгілікті ұқлақ түгіл, түсінбейтін бір-бірін,
Жұмыр басқа Жаратушы қалай ашсын шын сырын,
Жүре берсін деген шығар шыр айналып жерменен,
Іздеуменен құпиясын ашылмайтын құлпынын.

Барлық дүние күбірлесіп, сыбырласып, сырласып,
Анау шымшық сауысқанға болып қалды шын ғашық,
Жыт-жыт еткен тынқан көзі, жанашышы - мысықпа,
Күйтпай құстар шаптанады, таңдай қағып, шуласып...

ОРЛІК ЖЫРЫ

Қанатын жазған қаршыға,
Құсадан қалған гүлшығып,
Ыршына карап артына,
Аңсарын күшты ынтығып.

Жанарда қалды жас тұнып,
Баптаған еді оны адам,
Өзіне бауыр бастырып,
Досына адал балаған.

... Орлігі биік өптіріп,
Ынтасы ұйытқып аспанда,
Бір сәтте Намыс көк тіліп,
Ұласып кетті Құс таңға...

АРНАУ – ЖЫР

*Атақты ғалым-түркітанушы, жазушы,
Немат Келімбетов ағаға*

Жан-дүниенің буырқанып теңіздей,
Тағдырыңыз көк дүлеймен сгіздей,
Биік күзға ілінулі жүрекпен
Шыныраудан аман қалар кім сіздей.

Қаһармандық жайлы айтамыз тамсанып,
Қасіретке төтеп берген, қарсы алып,
Батырсыз сіз, кемеңгерлік қуатпен,
Санаңыздан нұр төгілген жап-жарық.

Ұлы Дала дастандарын ағылтып,
Бабалардың рухына табынтып,
Қасиетін ардақтатып қазақтың,
Қойдыңыз ғой ұлылығын сағынтып.

Биіктіктің өлшеміндей тұлғаныз,
Өміріңіз өрлік толы жыр-аңыз,
Ғаламаттай болмыспенен күрделі,
Жетпіс те де көп болсыншы олжаңыз!

Аман болсын жаныңызда жеңешем,
Ол кісі де өзіңізге тең екен,
Бірге атырып тамылжыған таңдарды,
Ұрпағыңмен артсын, Аға, берекен!

* * *

*Тазабек қызы, Келімбет келіні,
Қуаныш жеңгеміздің мерейтойына!*

Балғындық жәудірейді жүзіңізде,
Жеңеше, бас иеміз өзіңізге,
Тауқымет тартсаңыз да нар төзгісіз,
Таңғы шық мөлдірел түр көзіңізде.



Нәр алған көусарынан Нұр Даланын,
Халкынның пейіліндей күт қадамын,
Ботасын қасіреттен қалқалайтын.
Өзісін жанкешті сол Аруананын.

Дарысын қасиетін ұрпағына,
Нұр шашып жүре берші жан-жағына!
Жаратқан қабыл алып тілегінді,
Ай мандай ұл сыйладың қазағына.

Жанының көктемі боп текті Ағанын,
Ізгілік шеңберінен аттамадың,
Киесін қастерледің Сана-Рухтын,
Көп болсын тойларыңыз шаттанатын!

25. 08. 2006 ж.

* * *

Жараланды жаным кезіп жар-күзды,
Сағындырдың сырбаз тұлға жаны ізгі,
Мазасыздау түсіп жүрем күйге мен,
Өтемедім деп ақындық парызды.

Сен жолықсаң қаулар еді мың бір жыр,
Екеумізге құшақ жайып мұңсыз қыр,
Кеністікке ұшып ұлпа сезімдер,
Көкіректен саулар, шіркін, сүре-сыр.

Ашар едім сан жүректің қақпасын,
Жайнатар ем әрбір көңіл бақшасын,
Нөсер-жырдан дауа тауып шөлді жан,
Дүр сілкініп, қайта түлей бастасын.

Жараланды жаным кезіп жар-күзды,
Сағындырдың сырбаз тұлға жаны ізгі,
Мазасыздау түсіп жүрем күйге мен,
Өтемедім деп ақындық парызды.

* * *

Есіртер есер көңіл желік қысқан,
Болмаса өн бойында берік ұстам,
Құрдымға кету оңай қызық қуып,
Әзәзіл шақырғанда әрбір тұстан.

Думанға парықсызды ол елітеді,
Адамдық қасиетін кемітеді,
Сүйгенін әзірейілдей көрсеткізіп,
Ұсқынсыз айлакерге телітеді.

Байғұстың шел басқандай екі көзін,
Кеудесі аспан тіреп, күйіттеп өзін,
Үйіне кіргеннен ол елереді,
Жанжалға ұластырып әрбір сөзін.

Жанашыр жақынды ол жат көреді,
Ниеті бұзықтарды жақ көреді,
“Адамның сайтанынан сақтан” деген,
Жанына жақындасаң бақ сөнелді.

Есіртер есер көңіл желік қысқан,
Болмаса өн бойында берік ұстам,
Құрдымға кету оңай қызық қуып,
Әзәзіл шақырғанда әрбір тұстан.

* * *

*“Что глупей темноты,
Хотел светлячка поймать я,
И напоролся на шип”.*
Басе (япон. поэт 17в.)

Ақымақтан бар ма асқан жүгенсіз,
Дей алмайсың оны әлсіз, жігерсіз,
Көкірегі мен өктемдігі жоғары
Кісі көрсең сол екенін білерсіз.



Салмақты ойды өткізе алмас саңлақтан,
Мазаламас оны сезім сан қатпар,
Ботшағардың жаны тыныш, дені сау,
Қауым керек оған өзін ардақтар.

Қошемет пен марапатқа бөленсе,
Мадақталып рахатқа бір кенелсе,
Мырза болып шыға келер сол сәтте,
Есі-дерті: көзге ілініп, еленсе.

Қуыс кеуде қаңсып кетер толмаса,
Сана менен жан азығы болмаса,
Ештеңе де баса алмайды орынын,
Құдай ойдан келте етіп сомдаса.

Парықсыздан онық жейді көзі ашық,
Осындайға болып қалса шын ғашық,
Қарманумен қараңғыда тұншығып,
Өтеді өмір өкінішке ұласып.

Ақымақтан бар ма асқан жүгенсіз,
Дей алмайсың оны әлсіз, жігерсіз,
Көкірегі мен өктемдігі жоғары
Кісі көрсең сол екенін білерсіз.

ЖАНСОРҒЫШ

Қара бұлттай боп түнерген жаннан шуақ қашады,
Қашан көрсең ол байғұс жүреді болып қапалы,
Оны мақтап, дәріптеумен, желпіндіріп тұрмасаң,
Жүрегінді мазалап, батпандай зілі басады.

Қиялдарды сапырар, ақылы аздау басында,
Мұндай жанның болғаны ауырлау екен қасында,
Көргендерін айнытпай айтып берер ол дұшпанға,
Ақылды жау артық-ау, ақымақ достан, расында.

Әр күн сайын толтыру қиын-ақ қуыс кеудесін,
Сезімдерін суарып, көтеру керек еңсесін,



Сосын өзін тұншығып қаласың түнек қапаста,
Қуат алып ол сенен, жібермес ешбір ессін.

Өлермен боп, өксумен, өкініп өмір өткенше,
Жебірді аяп, бойыңнан қуатың әбден кеткенше,
Жүре берсең жанында, шел басар екі көзіңді,
Ала жіпті кесіп өт, осылай жапа шеккенше!

* * *

Айбаты өктем, күн-ғұмыр,
Азабыңды енді бермеші,
Баса алмаған ынтығын,
Мен де бір Тәңір пендесі.

Жалқы мұң кетсін ескірген,
Құрысын надан құрған тор,
Құтты боп бағым кеш келген,
Құдайым берсін иман жол.

“Айласыз айбат еткенмен,
Жетпейсің ешбір жеңіске,
Кесірін тартар кектенген,
Санасыздармен шегіспе”.

Баулыған осылай парыққа,
Шұғыла төгіп, сүйіне,
Ғашық еткен жарыққа,
Бас ием, бапкер Дүние!

* * *

Пенделіктен айығып, жырларыңмен қалғанда,
Бәрі өткінші екенін түсінесің жалғанда,
Жасай алмай жақсылық, қиналғанды демемей,
“Не бітірдім осы”, - деп отырасың арманда.

Қасиеттің сыр-мәнін ұққан жанның жолы ауыр,
Жат түгілі түсінбес оны, тіпті, дос-бауыр.



Тазалықтың әлемі токаппарсып көрмеген,
Сондықтан да алдында көп қой оның тосқауыл.

Менменсіген өнерін кімге керек, япырым-ау?
Атак-даңқты болам деп емпендеген акын ба-ау,
Нұрлы сана, саф рух қолдамайды егерде,
Сол әлемге болмасаң жан-дүниенмен жақындау.

* * *

*“Стихи растут, как звезды
и как розы”*

М. Цветаева

Үркер жұлдыз қарап тұрды тобемнен,
“Не бердін”, - деп, - “не айттын”, - деп, - олеңмен?”
“Жылдар емес сені есейткен” - деді де,
“Сала берме”, - деді, - “әніңе көнерген”.

Мәнді әлемде маңғазданып сыр тұнған,
Дараланып, шұғыла шашсын өр тұлған.
Көркем Сөздің қуатынан нұр шашқан,
Болу керек кететіндей жан құрбан!

Сезім, шіркін, күшқан кезде акынды,
Шабыт сұрап пірлерін ол шақырлы,
Аспанменен қауышатын кезді аңсап,
Көкке егіліп, жаны оның шарқ ұрды.

Сосын, кенет, жұлдыз жауып кеудеңде,
Оліп-өшіп, ынтығып шын сүйгенде,
Аласапыран інкәрліктен ортеніп,
Шоқ уыстап, қаласың боп шерменде.

Сондай сәтте ой-тұлпарды ойнатып,
Кеңістіктікке күштарлығын тойлатып,
Ұшып жетер лалылдаған сан алау,
Ұшқындарын ынтық жанға бойлатып.

Мұнан соң ғой нәсерлетіп кұяр жыр,
Гүл-қыздардай кейде нәзік ұяң бір,
Енді бірде жымың қағып Шолпандай,
Биіктерге самғап ұшар қыран бір.

Кеудесінде Ой көзі бар, Күн көзі,
Көк дүлейге ұксап ақын мінезі,
Көкіректерде күйіп тұрған бар шоқты
Шырылдаумен уыстап жүр бір Өзі!

* * *

Өзегімді қак жарып шықты олең,
Жеткендей болды көкке, шіркін, төбем,
Оқырман, білесің бе, осы сәтте,
Бақытқа бөленіп, мен кемелденем.

Шарықтап шартарапқа отты санам,
Ұлылар рухымен тілдесе алам,
Олармен рахаттана ой болісіп,
Жазылып қалады анық ескі жарам.

Жер беті керім көркем, несібелі,
Ай сүңгіп көл суына, шешінеді.
Күн күліп, күйдіреді сүйіп қырды,
Бір сәтте құйын ойнап есіреді.

Бәйшешек мәз-мәйрам боп қылтияды,
Биікке қолын созып ұмтылады,
Паңданып қарды жарып шыққанына,
Назданып жан-жағына бүртияды.

Ақ түтек боранын-ай аты шулы,
Кеуденнен айдап шығар түгін улы,
Сезімің аласапыран ұйытқы қармен,
Аңсайсың тазаруды, жаңаруды.

Күз келіп күлдіретіп, сарғайтады,
Бар тірі көңілі босап, ән айтады,

Бауыр басып қалған соң шуақтарға,
Қош айтысу жаныңды киналтады.

Жүректе ой-сезімнен жыр кептелер,
Сең бұзар мұзжарғыштай сыр-шертпелер,
Жанымның уылжыған сәттерінен,
Құйылып нәсерлетер нұр-төкпелер!

Өзегімді қак жарып шықты өлен,
Жеткендей болды көкке, шіркін, тобем,
Оқырман, білесің бе, осы сәтте,
Бакытка бөленіп мен, кемелденем...

* * *

Қыр гүлін күштым сүйіне,
Иісі түр оның бүркырап,
Ғаламатсын-ау, дүние,
Тұла бойында мын сұрақ.

Сансыз сан сәуле жаныма,
Құйылды болып сұлулық,
Күмістей сырлар ағыла,
Сезімдер бойда уылжып.

Жүргенде жылап, жұбатқан,
Үніме бүркіп таң шығын,
Тұратын мейірім, ұяттан,
Пәк әлем болдың ғашығым.

Қалғанда жігер мұқалып,
Егелік етіп түн-төрем,
Сендегі оттан тұтанып,
Жалыныңнан мен жыр өрем.

Астамдық – арсыз өктемдік,
Сұғанақ көзде жоқ ұят.
Айнымай жылдар өткердік,
Жасамау үшін қиянат.



Аялап келем жан гүлін,
Құмарлық отын өшіріп,
Обалды жүктеп тағдырым,
Қалмасыншы деп өкіріп.

Қыр гүлін күштым сүйіне,
Иісі тұр оның бұрқырап,
Ғаламатсың-ау, дүние,
Тұла бойында мың сұрақ...

МАЗМҰНЫ

АСПАННАН ЖАУЫП НҰР БҮТІН

Тәуелсіздік жолында	11
Найзағайлы, ай қабақты, от-жалын.....	13
Еліме	14
Қазақтың аспандатсам деп арманын	15
Тамырларлы тереңдерден нәр алған	15
Қанағатшыл Қағанаттың қызымын.....	17
Қайырым күтіп, жайы да болмай, жадағай	17
Жарқыран тұр мына маңғаз дүние	18
Еңкейтпеші еңселіні ептіге	18
"Біздің жақтың аспаны" шиктынан	19
Атам менің қалдырмапты зәулім үй	21
Абырой ілеп тағсы атам атырған	21
Сатқыншығыннан сақташы	22
Қуанышым су сепкендей басылып	23
Откенге оралу	24
Дағдарыс	25
Қиынста	26
Оларға кезеңде	27
Монолог	28
Үрпақ дауысы	29
Бұл жаз да өтіп барады	29
Өткелде	30
Экология элегиясы	31
Ылайыанар тіршіліктің тұнығы	32
Қайрылмай кеткен бақытқа	33
Батыстағы құрбыға хат	34
Жағымназдық жараспайды ақынта	35
Жаратқанға жалбарыну	36
Құлазып қонса қашы құлдыраумен	37
Жете алмай жеруіыққа жырым-дағы	38
Бір бюрократқа	39
Арайлап атпай таңдарын	40
Емесің, Аға, Сізді көзім көрген	41
Талай жанға сый көрсетпей дұрыстап	43
Мінеулер	43
Кейбіреуге	44
Қалың тұман қаптап кетті маңайды	45
Ақылмен жеңемін деп ақымақты	46
Еркелеп те көрмесің-ау еркін мен	47
Кетсем бе екен кекілің көктемге еріп	47
Жалырамай қойды мына жарық күн	48
Азаматқа хат	49
Құрбыға	50
Шекіскенмен пенде дауы шешілес	52

Өзегімді өртеп кейде кара су	53
Мен жыласам аспан бірге жытады	54
Қуаныш, қайғы аралас	55
Бұзылма, көңіл, бұзылма	56
Уызсыз өскен баталай	56
Есем кетті есуасқа тағы да	57
Жаңғырықты туғызады жаңғырық	58
Қаладағы замандасқа	59
Тымырсық тұман көкпенбек	59
Мына өмірден азды-көпті гүйгенім	60
Жылдарым-ай, сіңіп кеткен ғасырға	61
Бар жақынға қамқор болып жасымнан	62
Сыйғыза алмай келем сені жер-көкке	63
Таулардың тастарына шағыларсың	64
Көңлімнен күй төгілді еріксіз	64
Ошағымда от сөнбесін мезгілсіз	65
Керек пе еді менін Музам дәл саған	66
Тәж киген таза шуақтан	66
Ұлыма	67
Жар сыры	68
Жеріп кеттім дүниеқоңыз тірліктен	68
Тіршіліктің түнерген бір шағында	69
Илаңдым жалған сөзіңе	70
Кесірлердің бәрі келсін бір маған	70
Қара шыбыннан, қара бұлттан	71
Анызақ	71
Жете алмадым мен әудем жерде тұрып	72
Рейжіттім бе екен Құдайды?	72
Күні бойы көздің жасы құрғамай	73
Дауыға тосып кеудемді	74
Тозаққа түстім, жылалым	74
Күнәм бар ма сен өңігер кешірмей	75
Даурығасын соншама жиі неге	76
Таң атқанша көз үмедім тағы да	76
Қандай күйін саған тыным бермейтін	77
Имам сөзі	78
Бірінші ой	78
Екінші ой	78
Үшінші ой	79
Төртінші ой	79
Тастанды бала монологы	80
Мінезсізден сақтай гөр, мінсіз жүрген	81
Тәлім беріп, баптағанмен бағандай	81
Болмасам ед деп күнәһар	82
Түлек	83
Ана көңілі	84
Өкпелетін алдым ба?	84
Айтпасқа да болмас, тегі	85
Артыма қимаи қаралым	85
Езіледі жүрегім, езіледі	86

Аңсауменен соншама жыл Гүлстанды	86
Жыр жаздым саған арнап жырақтағы	87
Сезім сыры	88
Үзіліп түсті үздігіп	88
Көп жұлдыздың бәрі бірдей жарық па	89
Шөлдікпей кейде жүремің	89
Көңілге қонбай ешбір ем	90
Қандай едің, қалқам-ау, қандай едің	91
Сағынар менің елім бар	91
Халқыма	92
Жамау-жамау шұбар бұлт	93
Көріңген бір кез тау болып, белес белдерім	94
Қалталыға көр қылмашы, Құдайым	94
Аспаннан жауып нұр бүгін	95
Жұлдызды өмір биікте	96
Аяп кетіп шыршаларды шак тұрған	98
"Алла!", - деп жаздым ақ қарға	98
Әйел монологы	99
Жел тербетіп бұтақ пенен шымшықты	99
Жаралама жанымды жарға ұрып	100
Бірде көл боп жүремің, бірде шөл боп	101
Арманға асқак жете алмай	102
Обалды білмеген оңбайды	102
Азабын беріп өзеннің	103
Міндет қылма, пенде байғұс, ісінді	104
Алматының үстінен бұлт кетпеді	104
Жарқын сәттер көп-ау еске алатын... ..	105
Көкке бір ұшқан көңіліңе	106
Жыланқы мына өмірдің	106
Бұлт торлаған көңіліңі	107
Жүрегімнен жүрмін ойып өзенді	108
Сығымдап сыршылт сырбаз әлемімді	108
Адам туралы ойлардан	109
Айбатым-ау, тентегім, тетелесім	110
Ашылмалы көңілімнің түндігі	111
Толастамай тасқыны сел-сезімнің	112
Матынған алтыңға, жақұтқа	113
Үйрену керек барды бағалауды	114
Кенес дәуірінде өмір сүрген қарттың мұңы	115
Қуат кеміп, көбейіп мүлдем бұлт күндер	116
Жақсыларға	117
Үзіп тастап бар шыбырды тұсаған	118
Жылаңдардың көбі кетіп, азы қалды	119
Жамбыл рухына	119
Жазы алмасып қысымен	120
Мардымсыз мұңға мұқатып	121
Тағдырды жеңем дедің бе	122
Аруана дүние	123
Жабайы жылқы	124
Уақыт жайлы	124

Намысым қайда кеткен, қалғып жүрмін	125
Жүреkte ауыр жүкпенен	126
Акын жаны	126
Нұр шашылды, Мағжан аға, еліне!	127
Жоғалтым ба өзіңді, орағымалын	129
Ашыл, күнім, ашыл	129

КӨҢІЛІМНЕН КҮЙ ТОҒІЛДІ ЕРІКСІЗ

Сенім жайлы	133
Мейір	134
Туған жер	135
Ана тілегі	136
Әкеме	136
Жауған елік-жанардай	137
Күлкім менін ақша бұлттай	138
Қанағтарды қармаңдыра талдырып	139
Өмірмен сырласу	140
Ақиқат дауысы	142
Абайды да таяқтатып ұрғызған	143
Көңіл шіркін, елендейді боларға да болмасқа	144
Әр баста жетіп жатыр мұң мен арман	145
Ұғысу	145
Қырымға да кетіп едім қыр көрсетіп өзіңе	146
Жасыл бақ хикаясы	147
Қалғып кетсе Күнге болмас кешірім	148
Көңілімді селдетіп күй-жанбырың	149
Сені бір асыл деп жүргем	149
Мендей жанды таба алмассың енді сен... ..	150
Кеткенімде жасыл бакты жылатып	150
Алпақ таңдар барады ақау тартып	151
Өзіңді жақсы көру мұрат маған	151
Не істейін мен, өкініштер өрілсе	151
Сезімімді сетінетіп алдым ба	152
Бүлдіршін көктем өтіпті	152
Көрші терезе	153
Тұншығып талай сырларым	153
Сен маған зейнет пе едің, бейнет пе едің	154
Тамыздан да сезем салқын күз демін	154
Шым-шытырман кеудемдегі көктемдер	155
Сонау көктем келген еді баяулап	155
Кей кезде күлкім суалып	156
Борайды қар көңілімді өксітіп	156
Төрт жолшар	157
Кеткенің бе көлеңкені саялап... ..	158
Жамандық тілеп баршаға	158
Көктем	159
Жаңбыр, тегі, құйып тұр-ау, құйып тұр	160

Өзенімді сағындым	160
Бала үстінде кеткен келіншектің монологы	161
Күту	162
Жазғы Қырым жаңбыры	164
Есіл кез-ай бүт-бүт ұшқан көзіннен	165
Сәби суреті	165
Арнау	166
Қамыс қалды-ау қар астында, сй, өмір	167
Құлады түн түңғиық	167
Жапырақ жыры	168
Қалампыр көтере алмай аз қырауды	168
Такса да біреу жорта мін	169
Шеге құмдай сырғып жатыр ойларым	170
Акын құрбыма	170
Жұлдыз көпір жер менен көк арасына	171
Кеудеде көптен жиналып	171

ЖҮРЕГІМДЕ ШЫРАҚ ЖАНЫП ТҮР МЕНІҢ..

Үмітім үзілмейді	175
Арпалыс анатомиясы	175
Қоюланып келеді Қорқыт - мұным	176
Қалампыр түстес көйлек кигенмін	176
Мен болсам гұмыр-әдеппен	177
“Сіз - бізі” мол салтанат	178
Махаббатпен дүние есігі ашылған	178
Сәттерімде жабыққан дауа таппай	179
Адасқан жанның монологы	179
Өлеңді жазамын деп жазбас болар	180
Батар күннің таласқан сәулесімен	181
Жерден де іздеп махаббат	181
Бүгін күстар шаттанады ән сала	183
Ағаштарым жайқалсын деп тілеймін	183
Керемі жоқ маған атақ, мансаптың	183
Жалғанды жалпағынан басқандар аз	184
Аралап жырын кетті қыр мен күзды	185
Жаксылықты бір-біріне қимаған	185
Сыр елім - Ата жұртым	186
Барып ем саған жақын деп	187
Ор халықтың ұрпағымыз аңғалдау	188
Күн және көз туралы	188
Сөнбейді ғой ешқашанда ұлы Күн	190
Есірке мені, Құдірет	190
Ой тезінен өткіземін бәрін де	191
Мұнайшылар вальсі	192
Жас түлектерге	193
Қар жауады, жердің бетін ақтайды	193
Нұртас, сені жұлдыз сүйген, ай сүйген	194
Акын өтті сезімін алаулатып	195

Жүрегімде шырақ жапып тұр менің	195
Күз жылап, тығылып жүр жанарыма	196
Бірге жеңлік талай тағдыр тәлкегін	197
Сарқырамадай құлап тұн	198
Біреуге ақша жетпей, біреуге мансап	198
Әлемдік нұр-санадан қуат алып	199
Із салған Құс жолындай өзіңді	199
Жастарға	200
Қызым менің - ең әлемі әлемім	201
Әділет ұлыма	202
Қазақ азаматы	203
Бар табиғат күбірлесіп, сыбырласып, сырласып	203
Орлік жыры	204
Арнау – жыр	205
Батғындық жәудірейді жүзіңізде	205
Жарачанды жаным кезіп жар-құзды	206
Есіртер есер көңіл желік қысқан	207
Ақымақтан бар ма асқан жүгенсіз	207
Жансорғыш	208
Айбаты октем, күн-гұмыр	209
Пенделіктен айығып, жырларынмен қалғанда	209
Үркер жұлдыз қарап тұрды төбемнен	210
Өзегімді қақ жарып шықты өлен	211
Қыр гүлін күштым сүйіне	212

Жалыра Дәрібаева

“Қасиеттілік шырағы”

Өлендер.

Көркемдік жобаның авторы Ш. Байкенова

Редактор-корректор Д. Белдеубайұлы

Көркемдеуші дизайнер Б. Еженов

Компьютерде беттеген Б. Еженов

Суретші Сәрсенбаев Әбілқасым

ИБ № 88

Теруге 22.03.2007 ж. жіберілді.

Басуға 12.08.2007 ж. қол қойылды.

Пішімі 84×100 1/32 . Қағаз офсеттік

Басылымы офсеттік. Есептік баспа табағы 14

Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №763

“Балалар әдебиеті” баспасы, 050009

Алматы қаласы, Абай даңғылы 143

тел/факс: 2-42-23-57

Тапсырыс берушінің файлдарынан
Қазақстан Республикасы «Атамұра корпорациясы»
ЖШС-нің Полиграфкомбинатында басылды.
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

4.56. 00



ISBN 9965-650-78-0



9 789965 650789

